

Махмет Темірұлы

ҚИЛЫ КЕЗЕНДЕР



## МАХМЕТ ТЕМІРҰЛЫ

### Қилы кезендер

*поэмалар, толғау, аңыз, дастан, жыр,  
мысалдар жинағы*

Рецензенті: Масғұт Жабасұлы Халиолла,  
Қазақстан Журналистер одағының  
мүшесі

Редакторы: әрі алғы сөзін жазған  
Қадыр Имағғалиұлы Жұмыш,  
Қазақстан Журналистер одағының  
мүшесі

Техникалық —  
редакторы: әрі корректоры Сапар Тұрабай,  
Қазақстан Журналистер одағының  
мүшесі

Суретшісі: Серік Тілеуғабылұлы Қуан

ISBN-5 -7 667-2544-2  
о т 4.09.97 2-4/856


Қазақстан Республикасының Баспасөз және  
бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігі.

Қарағанды - 1996 ж.

Кітап автордың қаражатымен шығарылды.

Бұл кітабымды жалғыз қарындасым Зәкішке, балаларым: Сәуле, Зәуре, Дәуре, Дәмет, Үміт, Дәулет, Дулат, Меруерт, Думан, Нұржандарға және осы балаларымды тәрбиелел, өсіріп, мені қызыққа белеген жан жарым Марашқа арнаймын.

Автор.



## АҚЫН МАХМЕТ ТЕМІРҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖЫР ӘЛЕМІ

Махмет Темірұлы - Қарағанды облысы Нұра өңірінің тумасы. 1923 жылы шаруа отбасында дүниеге келген. Қазақстанда алғаш құрылған ЕСЕР-Елін сүйген ерлер партиясының мүшесі болған. Алматыда республикалық шет тілдер институтында оқып жүргенде 1951 жылдың 18 қаңтарында оған "халық жауы" деген айып тағылып, қамауға алынған.

1950 жылдың желтоқсанында "Правда" газетінде Шойынбаев, Айдарова және Якуниндердің "Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық" деген мақаласы жарияланды. Бұл мақалада Ермұқан Бекмахановтың "XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан" деген кітабы қатты сыналған. Онда Кенесары қозғалысы феодалдық-монархиялық ұлтшылдықтың көрінісі болды, оның ешқандай бұқаралық сипаты болған жоқ деп тұжырымдалған. Кітаптың авторын барып тұрған ұлтшыл, ескішіл хандық дәуірді көксеген "саяси сенімсіз адам" деп сипаттайды.

Бұл мақаланы Махмет "Қазақстанның келешегі зор жас ғалымдарының бірі Е.Бекмахановқа күйе жағу не деген сұмдық, өскенін өшіргісі келіп тұратын күншілдікті бұл қазақ қашан қояды? Бүкіл қазақ даласын қызғыштай қорып, шыбын жанын шүберекке түйген, патша үкіметінің басқыншы жендеттерін туған жерден қуып еліме еркіндік әперсем деп жанталасқан Кенесарыны қаралау деген не масқара?!" деп ашына айыптады.

Міне, осындай үгіті үшін ол, ақын, ғалым жерлесіміз Бүркіт Ысқақов, Айтбай, Рамазан Нәресшевтермен бірге 1951 жылдың 14-15 маусымында Қазақ республикасының Жоғарғы сотының РСФСР қылмысты істер кодексінің 11-тармағымен 25 жылға сотталып, қосымша 5 жыл азаматтық құқығынан айырылды. Осы бір әділетсіздік жайында Махмет қинала отырып былай деген еді:



Қапасқа іші суық ызғар тартқан,  
Кіргізді итермелеп теуіп арттан.  
Қайғының қара бұлты басқа түсіп,  
Басталды азап жолы жанға батқан.  
Мұны істеткен қатігез тағдыр ма екен,  
Шындыққа қуалаумен қашан жетем?  
Қыршыныңнан қиылу өкінішті-ақ,  
Бұдан артық қианат болар ма екен?

М.Темірұлы сонымен "халық жауының" қара тізіміне ілініп, Кеңес Өкіметіне қарсы ұтшылдық ұйым құрған, ұйымның мақсаты Орта Азия республикалары мен Қазақстанды Кеңес мемлекеті құрамынан бөліп алып, Түркияның қолдауымен буржуазиялық ұлттық мемлекет құру болған, кеңестік құрылысқа қарсы үгіт-насихат жүргізген, тиым салынған әдебиеттерді көпшілікке таратып отырған деп айыпталды. Осы әділетсіз жазаны ол Сібірде өткерді. Онда сотталғандармен бірге қарағай орманында ауыр жұмыстар атқарды. Сықырлаған сары аяз бен адам тәзгісіз ауыр жұмыстан талай азамат құрбан болды. Бас еркінен айрылған бейбақтардың тағдырын Махаң былай суреттейді:

Қалың орман тоғайда  
Босқа өліп кімдер қалмады?  
Аштық пен аяз оңай ма?  
Талайды жұтып жалмады.

Осындай қияметті басынан кешіріп, ит жеккен жерде алты жыл азап шегіп, 1956 жылы М.Темірұлы аман-есен елге оралады. Сібірдегі жан түршігерлік лагерь хикаясын ол өзінің "Арман мен азап" деген естелігінде баяндайды. Жалпы ақынның көп еңбегі сол азапты жылдарға арналған. Сонымен бірге халық тағдыры да Махаңның поэзиясынан берік орын алған. Әсіресе 1932 жылғы ашаршылық, халық басына түскен нәубет ақынды қатты толғандырады. Бұл қазақ еліндегі қасірет, мешін жылы болған еді. Осы бір тарихта қалған күйзеліске ол "Мешкей мешін" деген поэмасын арнаған. Тақырыбының өзі-ақ айтып тұр-ау мешін

жылының қандай болғанын. Қанша адамды жалмаса да тоймаған мешкей мешінді ақын шынайы суреттей білген. Мұндай азапты халық "Ақтабан шұбырындыда да" көрген жоқ еді деп, ол бұны қазақ халқының тарихында болған ең асқан зұлымдық деп түйіндейді:

Бұрыңғы "Ақтабаннан" мынау жаман,  
Бүгінде есебі жоқ қырылған жан.  
Күйзелсе онда жаудың жеткен жері,  
Бұл күнде жер болмай тұр қалған аман.  
Айтуға бұл сұмдықты тіл жетпейді,  
Тек қана уландырып жанды жейді.  
Халықты үн шығармай типыл қылған,  
Еш апат бұл апатқа тең келмейді, -

деп ақын осы бір ауызбен айтып жеткізгісіз зұлмат көріністі оқырманның көз алдына елестетеді.

Ақын ашаршылық дендеген адамның психологиясын да жеткізіп айта білген. Поэмадағы "Жалғыз атты жолаушы" деген тақырыпқа назар аударсақ, сондағы бір көрініс кімді болсын селт еткізбей қоймас. Аштықтан есі ауысқан адамдар ат үстіндегі кісіні аударып тастап, оның атын табан астында сойып жіберіп, етін қайнаған қазанға салады. Сондай бір қазанда, жолаушы, баланың пісіп жатқанын да көреді. Енді бір жерде біз жас сәбидің өлі анасының көкірегін аймалап жатқанының күегері боламыз. Осындай ғаламаттарды Махаң поэзия тілімен шебер сөйлетеді. Сол бір алапат жылдың естен кетпейтін қайғысын мына бір екі жолдан да айқын байқауға болады:

Сұмдық жыл мың тоғыз жүз отыз екі,  
Тұрады бір зарлы, күй шертеді де.

Шынында бұл жылдағы зарды естіген адам оны өмірбақи есте сақтар. Ол шын мәнінде Махаң айтқандай "Зарлы күй" мұңына ұласары сөзсіз. Махаңмен өзінің шығармашылығы жайында сөз қозғағанымызда бүкіл еңбегінің ішінде осы "Мешкей мешінін" ерекше айтатыны содан болар.



Өткен жылы М.Темірұлы өз ауылының зират басында жергілікті имамға 32-ші жылы құрбан болған аруақтар жаназасын шығарттырды. Халық атынан республика басшыларынан мамырдың соңғы аптасының жұма күнін "қаралы күн" деп жариялап, жылпараққа енгізуін өтініш етті. Поэмасынан үзінді оқыды. Махаңның талабын зират басына жиналған халық бірауыздан қолдады. "Өлі риза болмай, тірі байымайды" деген осыдан қалса керек.

"Аққуды атқан - азалы" поэмасында М.Темірұлы шыннайы махаббатпен достықты жырлайды. Бұл туынды тарихта "тоқырау кезеңі" деп аталып кеткен уақытта пайда болды. Ол біздің Одақпен бірігіп тұрған кезіміз ғой. Бірақ сол достық қазір де өзінің мәнін жоғалтқан жоқ. Қайта басқа халықтармен ауызбірлікті, ынтымақты нығайта түсетіндігі сөзсіз. Сондықтан Махаңның поэмасында махаббатпен қатар ұлттар достығы дәріптелуі бүгінгі күн тақырыбына сай келеді.

Сондай-ақ ақынның "Жандар батыр", деген дастаны да көптеген еңбегі қатарынан лайықты орын алады. Халық жанашыры Жандар, ертедегі эпостардың бас кейіпкерлері іспеттес өзінің батылдық қасиетімен бейнеленген. Кезінде Кенесары үшін жазаланып келсе, енді егемендік алған елімізде Махаң "Кенесары -қайғысында" халқының тәуелсіздігі үшін күрескен, халық ұлының қайғысын еркін бере алған.

Махаңның жыр әлемі кең әрі жан-жақты. Ол өзінің туған жері Нұра туралы да толғанады, ол туралы әр тақырыпта өлеңдері бар. Және ақынның бір ерекшелігі, ол поэзияның қай жанрында болсын қалам тартады. Оның бұл жинағында бүтіндей бір топтама мысалдары да бар. Өзіл-оспақ қоржынында әлі де талай өзү тартқызар шумақтар кездеседі.

Махаңның негізгі мамандығы ұстаздық-педагог. Ол Алматының Шет тілдер институтын тәмамдап, өз еліндегі Нұра ауданының Көбетей ауылында шәкірттерге ағылшын, неміс тілдерінен дәріс берді. Ит жеккен жерден қайтып келгеннен кейін Мараш деген ауыл қызына үйленіп, үйлі-баранды болды. Бірақ бостандықта жүр-



генімен қауіпсіздік комитетінің өкілдері оның қыр соңынан қалмай, үнемі бақылауда болған. Сондықтан ол жарқырап өлең жазбақ түгіл, аузын еркін ашып, сөз де сөйлей алмаған, Сөйтіп жастық өмірінің бәрі айдауда, бақылауда өтіп, дер кезінде ештеңе өндіріп жаза алмағанына қатты өкінеді. Бар өкініші осы:

Өкінбеймін жастық дәурен кеткенге,  
Егделігім еркін келіп жеткенге.  
Өкінем-ау, айтқанменен не пайда,  
Уақытым тек құр пайдасыз өткенге, -

дейді ақын жан сезімін білдіріп, "Көңіл күйлері" деген өлеңінде.

Махаң бұл күндері ұлын ұяға қызын қияға қондырған, жетпісті жетелеген үлгілі ата. Кенжесіне іргедегі көршісінің қызын үйіне кіргізіп алып, өзінің Марашын, Сараш құдағимен достастырып қойды. Жазда қолдағы малына қысқа азық дайындап, қыста соларды баптап, қолы бос уақытында жырға ерік береді. Содан жаңа туындылар пайда болады. Махаңды жетпістен асты деуге болмайды. Ол әлі тың, бойын тік ұстаған ширақ қимылды адам. Ал, шығармашылық жағына келетін болсақ ақынның ойында әлі де сарқылмас буырқанған қайнар бар. Бірақ мына шумағында:

Ақын емен, адаммын ақын жанды,  
Құмарлық, бой балқытып, есімді алды.  
Тәтті армандар мазалап, ұйқы бермей,  
Мазасыз атырамын ұзақ таңды, - дейді.

Ол өзінің бойындағы қарапайымдылығына сай, өмірге осынша еңбек келтірсе де, өзін ақынмын деп атаған емес, Алайда Махаңның өлеңдері, аңыз-толғау мысалдары, поэмалар, дастандарына дейін, әр жылдарда, аудандық, облыстық газетерде, Қазақстан жазушыларының әдеби-көркем, қоғамдық-саяси, аймақтық "Сарыарқа" журналында жарияланды.

Бұл Махаңның тұңғыш жинағы "Ештеңені елемеппін" деп өзі айтқандай осы уақытқа дейін күнделікті тіршілік



күйбеңмен жүріп шығармашылық еңбегін жарыққа шығаруды ойламапты. Ол тек газеттер мен журналдарға шыққан жырларымен шектелген. Ал, ықтияттап қолға алса, ендігі екі-үш өлеңдер жинағы басылып шығады екен. Дегенмен "Игіліктің ерте-кеші жоқ" дегендей "Жасымда өлең бар деп ескермедім, енді қандай талабым бар, тексерейін" деп М.Темірұлы өмірінің қалған кезеңін жыр әлеміне арнамақшы.

Қазір ақын ит жеккен жерде өткізген азапты жылдар жайындағы естелігін дайындау үстінде. М.Темірұлы өзі айтқандай "Ақын жанды" емес, нағыз ақын екендігін, "Әлдилелші мені өлең" деген жырында аңғартады:

Әлдилелші мені өлең,  
Жанымды тербет баладай.  
Балқып-ақ кетсін бар денем,  
Буынға қатқан қарамай.  
Қылайын қорғап сені егес,  
Сен үшін құрбан өмірім.  
Опасыз саған мен емес,  
Дос болшы, жан серігім.

"Буынға қатқан қарамай" дегені буын қатса да, ой-орісі ширақ әрі сезімтал екенін айтқаны ғой. "Қылайын қорғап сені егес, Сен үшін құрбан өмірім" деп поэзия падишасы үшін жан пидалауға дайын тұрғандығын сездіреді.

Өп-әдемі теңесін тауып тұрған рифмдары мен ритмдарына көз жүгіртсеңіз Махаңның жыр жолдары еріксіз, еркін пайда болған сияқты. Алайда "Тәтті армандар мазалап ұйқы бермей, мазасыз атырамын ұзақ таңды" деген бір шумағына қарағаныңызда "В муках рождаются строки" деп жыр дүлділі А.С.Пушкин айтқанындай сол бір ұйқасымын тапқан жолдар, мәні мен мағынасын жоғалтпай оңайлықпен шықпаған болар.


Жыр шабыты кернеп шарықтаған шақта ол "бар денесінің балқып кететінін" айтады, Сөз жоқ мұндай сәттерде жыр шумақтары науадай құйылып, тек қалам ұшынан шығара тізбектеуге үлгер. Міне сонде Махаң өз туындысына өзі сүйсіне қарап, одан шексіз ләззет алады.

Әр жолын қайталап оқып ұрлана кірген сөздер жоқ па екен деп сын көзімен тағы бір сүзіп өтеді. Тек содан кейін соңғы нүкте қоюға болады деген шеңінде ғана үстінен ауыр жүк түскендей жеңіл дем алады.

Ақындық қабілеті жағынан Махмет Темірұлын, ақын жерлестеріміз Доскей, Мақсұт, Жолдыкейлер қатарына қоюға болады. Бірақ Махаңның жыр сүрлеуінде ешкіммен салыстыруға болмайтын қайталанбас өз іздері бар. Махаңның шығармашылық дүниесімен терең таныса келе, оны шын мәнінде поэмашы, дастаншы, аңызшы, толғаушы әрі мысалшы десек асыра айтпағандық болар еді.

*Қадыр Иманғалиұлы Жұмыш,  
Қазақстан республикасы журналистер  
Одағының мүшесі.*





**Аққуды атқан -  
азалы**

ПОЭМА



I

Есен қарт сөзді бастап жиын кеште.  
Өмірін өкінішті алып еске,  
Түсініп аңдағанға ой саларлық,  
Тыңдатты әңгімесін көкей теспе.

Түрткендей іштегі ескі жараны да,  
Жиреніп өткенге көз салады да.  
Тұнжырап тұнереді қабақ түйіп,  
Сөйлемей кейде ойға қалады да.

Кеткендей селк етеді жаны шошып,  
Таң қалып, таңырқайсың сөзін тосып.  
Отырып өлден кейін жадырайды,  
Ыңырысып домбыраға даусын қосып.

"Дариға-ай, өкінішпен өтті-ау жастық.  
Бұл күнде көр қойнына қадам бастық.  
Өткізіп өмір сырын алуан-алуан  
Оралып қайтып келмес қырдан астық.

Көрілік аяғымнан тұр ғой шалып,  
Күшінді жеңбей қоймас, қалдым танып.  
Тарылтып тынысымды тұншықтырып  
Барады лықсытуға меңдеп алып.



Уақыт-ана әлдилеп өсіреді,  
Қанат жайып бөбегі көсіледі.  
Уақыт - озбыр, аямас қатал жауың,  
Өзі өсірсе, өзі үрлеп өшіреді.

Жастық шақ енді оралмас сұрасаң да,  
Қарамас мойын бұрып жыласаң да.  
Қия шың қайта айналып түсе алмайтын,  
Біздағы шығып қаппыз қыр басына.

Оңай емес кәрілік селкілдеткен,  
Селдіреп жеке шығып қалдық көптен.  
Айтайын бір оқиға қолқаласаң,  
Кеудеме жара салып, уын сепкен.

Адам жоқ жігіт болып желікпеген,  
Салтына бозбалалық елікпеген.  
Өтетін көрген түстей жастық дәурен,  
Буына кімді балқып ерітпеген—

Қария әлде нені аңдатқандай,  
Тамсанды қарай қалып, қағып таңдай,  
Маңдайын әжім басқан сипап тастап,  
Бастады әңгімесін кірпік қақпай.



Ол кезде ел жүреді жөңкі көшіп,  
Көңілі көшкен елдің желдей есіп.  
Селбесіп бай көшіне кедейлер жүр,  
Демеу ғып туған жерін алтын бесік.

Тойынып арық жылқы, арық қойы,  
Жайлауға шыққан кезі сергіп бойы,  
Көп ауыл көл жағалап отырғанда  
Хасеннің күйеу келген болды тойы.

Бұл өзі бай баласы ұрын келген,  
Жоқ еді қайын жұртқа бұрын келген.

Естіп ек атастырып кетті десіп  
Атаған қалың-малдың бәрін берген.

Өңшең жас жиналып көп, симай үйге,  
Ән шырқап, тамылжыттық салып күйге.

Көрсетпей іште өнерін кім сақтасын,  
Қыранша қанат қақпай ондай күйде.

Ән салса сорғалатып қалар ма арман,  
Басталды қызып шалқып қызық думан.  
Толқынтып ән де шырқап, күй де шерттім,  
Жеке озып өзім қатар құрбылардан.



"Япыр-ай мынауың кім озған топтан,  
Өнді де, күй де тартып сорғалатқан.  
Барады жалғыз қара бәйгені алып,  
Кімің бар тоқтау салар біздің жақтан".

Хасеннің бұл інісі Тентек қара  
Сөйлеп тұр мынау сөзін көпке сала  
- Жігітті желіктірмей тоқтат - дейді  
Алды артын бірден тосып келсе шама".

Бір қарап қарындасы Әсияға,  
Ұсынды домбырасын үлкен аға.  
Ұялып төмен қарап қолына алды,  
Келтіріп құлақ күйін баяу ғана.

"Тоқта - деді ағасы туысына,  
Сен оның сия алмайсың уысына.  
Өлтіре осы арадан бір бездірсең,  
Ол қайтып ел маңына жуысын ба".

Біз тегіс қыз бетіне қарай қалдық,  
Тым - тырыс не айтар деп құлақ салдық.  
"Тоқтама, ұялма", - деп жеңгелері  
Қызға кеп кезек-кезек қылды жарлық.



Сүйкімді көзді тартып біткен пішін,  
Жылытып әкеткендей адам ішін.  
Жымыып назар салып қарай қалса,  
Денеңді балқытады қалмай күшің.

Бар адам елтіп отыр көзін сүзіп,  
Дегендей жүрек сырын қалса-ау сезіп.  
Ерекше өзгелерден көрінеді,  
Аққудай айдын көлде жүрген жүзіп.

Екі бет балбырайды қаны тамып,  
Қызарып ду-ду етіп от боп жанып.  
Дірілдеп даусы шығып баяу бастап  
Жөнелді қоңырлатып өнге салып.

"Тұр ма екен менің шалқып өнім тасып,  
Ауыр дерт зіл боп тұр ғой кеуде басып.  
Мәз болып неге күліп қуанайын  
Кеудеге суық кірсе ызғар шашып.

Отырмын шықпай жаным құр сұлдерім,  
Таусылмас тыңдаушыға айтар шерім.  
Қайғымды ішімдегі жеңілдетіп,  
Сыр шертіп бір - екі ауыз қалар жерім.



Ағайын тыңдаңыздар туған туыс,  
Кең дүние болып-ақ тұр бір-ақ уыс.  
Карайып қара жерде жүргенімше  
Тұбіне түсер едім болса қуыс.

Қарамай көз жасыма малға сатып,  
Отыр ғой мені міне құдай атып.  
Жарқылдап кеше ғана жүрген басым  
Тереңге шыға алмастай кеттім батып.

Оң жақта алақанда аялаған,  
Мен сорлы тең адамға бара алмаған.  
Торғайдай тұрымтайға жем болыппын,  
Көдеден пана тауып қала алмаған.

Еркіммен сауық сайран сала алмаған,  
Өмірге мез болыппын құр алдаған.  
Қыз байғұс кімге тоқтау болар дейсің  
Өз басын арашалап ала алмаған."

Тоқтады көзден жасы мөлт-мөлт етіп,  
Қалғандай талықсиды есі кетіп.  
Қыз зары кеудеме кеп шоқ түсіріп,  
Жандырып жүрегімді барады өтіп.



Ағасы ызбарланды маған қарап  
Тиісіп жын соққандай алақ-жұлақ.  
Той-думан тоқтай қалып су сепкендей  
Бәріміз ауыр оймен кеттік тарап.

## II

Жылжиды жанға батқан күндер өтіп,  
Мазалап іштегі ойлар, сабыр кетіп.  
Тағы да Әсияны бір көрсем деп,  
Аулына Хасен байдың келдім жетіп.

Мәз болып ойнап күлмей жас жата ма,  
Жатқанға жамбас шыдап, таң ата ма.  
Күн батып түн көрпесін жамылғанда  
Үйінде жалғыз қалып ас бата ма.

Жиылып алты бақан құрып алып,  
Жұр екен қыз, бозбала асыр салып.  
Шығарып ішкі дертін, бойын жазып,  
Жұтады таза ауаны мейір қанып.

Жадырап күліп-ойнап жігіт - желең  
Жұр екен әзілдесіп айтып өлең.  
Булығып жатқан мұңын шығарады.  
Сырларын жастық шақтың түйіп терең.



Сөйлесіп сүйгенімен екі ғашық,  
Масайрап көңлі шалқып судай тасып.  
Аңсаған армандылар жолығысып,  
Қалады мейірленіп, мауқын басып.

Тербеліп құрған жіпте өнге салып,  
Балқытқан тыңдаушының бойын алып.  
Жұлдыздар жымыңдаған қараңғыда,  
Дауысын Әсияның қалдым танып.

Тулаған зорға бастым жүрегімді,  
Құдайым берді ғой деп тілегімді.  
Хасеннің балалары көрінбейді,  
Құм қылған бет қайтарып жігерімді.

Қараймын Әсияға көзімді алмай,  
Сүйсініп қарағанда көзім талмай.  
Қасыма келмесе де алыс тұрып  
Дауысын естігеннің езі қандай!

Таң атып келе жатыр шолпан туып,  
Келмедім бұған дейін жанап жуық.  
Бір кезде "қасқыр" деген ойын ойнап,  
Жөнелді біреулері бәрін қуып.



Жүгірді Әсия да сүйкей келіп,  
"Мені қу" - дегендей-ақ белгі беріп,  
Жоқ болдық жан көрместей маңайдағы  
Аулақта қалың шидің ішіне еніп.

Біздерді қошаметпен жел желпіді,  
Көрініп мұнарлаған бел желпіді.  
Құрағын күміс дауыс бұраңдатып,  
Самалды майда бумен көл желпіді.

Төбеде төңкеріліп мөлдір аспан,  
Жұлдыздар күлім қағып жымыңдасқан.  
Сұлудың қабағындай ай қиылып,  
Нәзік нұр түсіп бізге құшақтасқан.

### III

Сонымен ұрын келген бай баласы,  
Қоршаған қошеметті айналасы.  
Әрі ақсақ, әрі сақау, тілі шолақ  
Ақылдың бітпеген еш нышанасы.

Қасына барса әзілдеп қыз жеңгесі  
Бұлтиып ашуланған кетіп есі.  
Күйеуден кәде жолын сұрағанда  
Дүңк еткен дегендей боп "мынау несі".



"Бөрібай бұл отырған жеңгелерің  
Сыналып олардан бір қалар жерің -  
Ақырын күйеу жолдас ым қағады  
Ұят-деп-мынау сенің істегенің".

Тиісті қыздар келіп тағы сөзбен,  
Сөйлемей неге отыр-деп - осы жездем.  
Бұрылып қорс етті де қала берді,  
Күйеу жоқ не айтса да бірін сезген.

Жолдасы деді оларға: "осы жездең  
Қап сауып отырған жоқ айтар сөзден  
Әуелі қалыңдығын әкеліңдер,  
Сыртынан мез болмайды көрмей көзбен.

"Бетім-ау кімді алмақшы мына түрмен  
Адам боп жер бетінде қалай жүрген"-  
Деді де бір-екі қыз сәл естіртіп,  
Тезірек кетіп қалды шығып үйден.

Естіліп күйеу жайы қызға жетті,  
Жүгірді жеңгелері өңшең епті.  
"Бармаймын, көрмеймін де" дегенменен,  
Ақыры жеңе алмады жалғыз көпті.



Шошынды көргеннен-ақ жігіт түсін,  
Жирентті сұрқы кетіп біткен пішін.  
Булығып, демі бітіп басы айналды,  
Күйдіріп, өртендіріп жалын ішін.

"Ерке-жан, не болды деп жеңгелері,  
Бәйек боп алдына кеп елпілдеді.  
Болдық-ау әуел баста бізде осылай",  
Көңілін сөзбен басып, дем береді.

Тұрған жоқ сөзге бірақ құлақ салып,  
Барады өлшеусіз дерт бойын алып  
Бозарып құп-ку болып, өңі қашып,  
Есі ауып түк сезбестен кетті талып.

Кетерде айтқан сыры осы болды  
Мойнымнан жылап тұрып алмай қолды.  
Құйылып омырауына қанды жасы.  
Құйғандай төбеден су қойным толды.

#### IV

Бұлт қалың, қараңғы түн. Ай тумаған  
Адамдай бұғып келем мал ұрлаған.  
Тып-тыныш ауыл-аймақ ұйқы басып,  
Жалғыз-ақ үріп тынбай ит шулаған.



Қой ғана көрінеді қотан толы,  
Жағалай үй тігілген қоршап оны.  
Күтумен тағат таппай отырғанда,  
Керінді бір адамның маған жоны.

Мұңайып Әсия кеп қасымда тұр,  
Төгілтіп көздің жасын жылайды құр.  
Дәл ертең мұны келіп әкетпекші,  
Ойнаған қалыңдығын күйеу былтыр.

Бетіме жұмсақ қана беті тиіп,  
Жұбатып "жылама" деп тұрмын сүйіп.  
Секілді екі жүрек біткен бірге  
Біреуге жібермекпін қалай қиып.

Еркелеп аймалап кеп құшады да,  
Мінезі жас балаға ұқсады да.  
"Пенде боп Бөрібайға барғанымша,  
Өзіңнің өлсем - дейді, - құшағыңда".

Сұрадым толқып тұрып ойға қалып:  
- Егерде кеткен болсам өзіңді алып.  
Қиындық осы жолда көрер болсаң  
Сонда сен, жұрмейсің бе маған налып?



- Есен сен сенбеймісің сүйгеніме,  
Уәдені берік байлап түйгеніме.  
Қаулаған қалсам да өртте денем жанып  
Сен үшін ризамын күйгеніме.

Байланды кетуге енді уәде берік,  
Тәуекел не іс болсын алдық көріп.  
Қауыпты қара түнек елермісің.  
Сүйгенің серік болса қасыңа еріп.

Кең байтақ Арқа шексіз жер емес пе,  
Панасы, саясы мол бел емес пе.  
Жанашыр ағайын да душар болар  
Жау емес бәрі тегіс ел емес пе?

Жайлаған тауды, жонды арқар, киік,  
Дос болар, дұшпан болмас бізге тиіп.  
Аралап кең даланы кетпек болдық,  
Қор болып жұрмейік деп тартып күйік.

Ақыры түн жамылып елден кеттік,  
Паналап тау қойнауын мекен еттік.  
Жапанда ағаш жонып, қобыз жасап,  
Қосылып ән шырқатып, күй тербеттік.



Шығады күй төгіліп, шермен шалқып,  
Өзіне естігенді тегіс тартып.  
Ұшқан құс, жүгірген аң қалар тыңдап,  
Мұңайып бізбен бірге ұйып балқып.

Мөп-мөлдір күміс сулы аққан бұлақ,  
Қалың тал арасынан төмен құлап.  
Үн қосып жапырақтар сыбдыр қағып,  
Шолпының дауысындай тұр сылдырап.

Биіктен пана болып мөлдір аспан,  
Қарайды мейірленіп көз жазбастан.  
Желпиді самалымен биік таулар  
Табиғат баласындай қойнын ашқан.

Көз тартып, сүйкімді боп тігілген қос,  
Құстар да үйіріледі болғандай дос.  
Бозторғай шырлап көкте қалықтаған,  
Етеді белеп өнге көңілді хош.

Деймін мен: - "Басқа заттың керегі не,  
Жеткен соң ойыма алған тілегіме.  
Салтанат, толған дүние, жиған малға,  
Жарымды бір сүйгенге беремін бе?"



Болсын деп табынбайтын басымда ерік  
Мен жұрмін ылас дүние сенен жеріп.  
Кеудемде қайғы ұшығы қалар емес  
Жүргенде жан сүйерім қасымда еріп.

Айта алар кім әлсіз деп махаббатты,  
Дүниеде одан қызық бар ма тәтті.  
Ер де өтер, ақын да өтер, күйші де өтер,  
Бір өзі еркін билеп адамзатты.

Өмірді ардақтайсың, сүйесің де,  
Алдына құрметпен бас иесің де.  
Сүю жоқ, тебірену жоқ, тас жұрек боп.  
Кім кірмек жаңа өмірдің дүниесіне.

Тек қана махаббат пен әлің асып.  
Жауды да сескендірер күш боп тасып,  
Жерге де аяқ, қолды тигізбейді,  
Жүйріктей қажымайтын алып-қашып.

Жоламай жанды көрмей жұрдік шеттеп,  
Жерлерге мұнан да алыс асып кетпек.  
Кездесіп анда-санда Өбен доспен,  
Естиміз ел хабарын тағы да ептеп.



Болыпты біз кеткелі ауыл бүлік,  
Кеткенін қыздың қашып Оспан біліп.  
"Қызды тап, айып тарт, - деп, - мал қайтар," - деп,  
Дау болған екі арада кісі жүріп.

Оспанның ішкен асы тарاماған,  
Келер деп келін қайтып санамаған.  
Жылқысын Хасен байдың айдап алып  
Артына болар істің қарамаған.

Бүлініп ел осындай барымтамен,  
Жиналып көп адам боп атқа мінген.  
"Қу кедей қолға түссе көрермін" - деп  
Маңайда жер қоймаған іздемеген.

Бір жерден бізге қатер түссе қауып,  
Асығып жөнелеміз жылдам ауып.  
Жаз өтіп, күз де болып, күн суытып,  
Тоқтадық жапан дүзде бір көл тауып.

Айдында қос аққу жүр сыңғырлаған,  
Онда жоқ қауып қатер ойына алған.  
Каратып мылтық аузын өздеріне  
"Атсаң ат" дегендей боп қызықтырған.



Әдейі көл жағалап құсқа шығып,  
Таянып екеуіне бардым бұғып.  
Сүйсініп құлағанға көңілім шат боп  
Ақыры бірін атып алдым жығып.

Оқ тиіп жатқан құсты қолыма алып,  
Қозғамай тұрып қаппын ойға қалып.  
Тірісі ұзап кетпей, су сабалап,  
Серігін жоқтап-ақ жұр қажып - налып.

Өкіндім пұшайман боп атқаныма,  
Басқа құс мұнан өзге таппадым ба.  
Аққудай құла жүзде бізде безіп  
Ел жұрттан қашып аулақ жатқанымда.

Қайғырып сұңқылдайды серігіне,  
Адамдай қаяу түсіп жүрегіне.  
Өткен іс өкінгенмен келмес қайтып,  
Ойланар бір іс болды керегі не?

Гүілдеп күздің суық қара желі,  
Ызыңдап сыр қылғандай әлде нені.  
Зарланған аққу үні шошындырып,  
Түнімен ұйықтатпай шықты мені.



Білдіртпей Әсияға ептеп басып,  
Есігін қамыс қостың жай ғана ашып.  
Ақырын киініп ап шықсам тысқа,  
Соғып тұр боран төпеп, ызғар шашып.

Маңайда қасқыр толып ұлығандай,  
Жел соғып ышқындады іш тартқандай.  
Естілер еміс - еміс аққу даусы,  
Адамша мұңын шағып жылағандай.

Мұз қатып қалған екен суық түсіп,  
Жыл құсы қалмай бірі кеткен ұшып.  
Ермепті оларға бұл қалған жалғыз,  
Айдынға баурын төсеп, мұзды құшып.

Келемін аттарды іздеп көл жағалап,  
Бір жерде тұр ма екен деп ши паналап.  
Карлыққан даусы естіліп, зорға шығып,  
Шөкелеп аққу отыр мұз сабалап.

Канатын, мойнын созып жаяды да,  
Болады сыңсығандай аяғында,  
Тұла бой шымырлады қарап тұрып,  
Мен де жылап жібердім аядым да.



Қол барып аттым екен оны не деп,  
Тұрмын-ау мен де күйіп жанымды жеп.  
Қыбырлап жатыр өне шала жансар,  
Таянып тұрсам қарап қасына кеп.

Мұз қатқан қар аралас құстың жүні,  
Қажыған су сабалап күндіз - түні.  
Ұзамай тиыштыққа кірді мәңгі,  
Таласа күнмен шығып ақырғы үні.

Ойладым: "құс емес бұл адам ба деп,  
Мен де бір өшпес қайғы табам ба деп.  
Кетпейтін өмір бойы бітпес жара  
Жүрекке мен де сондай салам ба" - деп.

Көтеріп аққуды алып қайтып келдім,  
Бәрін де Әсияға айтып келдім.  
Үні өшті, өмірменен қоштасты аққу,  
Қамысы судыраған қалды көлдің.

Байғұстың әлі есімде қақсағаны.  
Күндіз-түн дамыл таппай жатпағаны  
Санасыз құс та мұндай түссе күйге,  
Қалайша шыдайды екен адам жаны.



## V

Соғады боран қатты болып түнек,  
Неше күн, неше түндер тынбай үдеп.  
Ойланып меңіреу дүние сезер емес,  
Қалсақ та біздер қажып, жадап-жүдеп.

Барады қыс ызғары кеудеге өтіп,  
Денеден қуат қашып, әл де кетіп.  
Жайлаған қасқыр, түлкі құба жонды,  
Біз қанша жүре алмақпыз мекен етіп.

Бозарып көдедей боп қалдық солып,  
Бүрісіп аштықпенен жаурап, тоңып,  
Ақыры бел байладық, барайық деп,  
Бір елді таяудағы таппақ болып.

Қамыс қос, желқобыз боп ызың қағып,  
Тұрғандай бізбен бірге мұңын шағып.  
Жалынып әлде нені өтінгендей,  
Кетерде кетпендер деп айып тағып.

Соғады қар төпелеп ұрып бетке,  
Қадалып тікенектей өтіп етке.  
Өурелеп қос жаяуды мазақтайды,  
Келмейтін аш бөрілер таяп көпке.



Аздай-ақ бізді жаяу қалдырғаны,  
Азапқа жан төзбейтін салдырғаны.  
Қадалып жыртқыш көзі қуанғандай,  
Қиналған бізді көріп кіріп жаны.

Айнала тегіс ұлып у-шу болып,  
Көткендей дүниеге қасқыр толып.  
Өр жерден көрінеді қарауылдап,  
Көрінген көздеріне бізді торып.

Шұбырып сілекейі қарап бізге  
Келеді артымыздан түсіп ізге.  
Кейде алдан қарды шаша боратады.  
Бізді де жем қылуға жапан түзде.

Келеміз ілбіп басып екі жаяу,  
Белгісі сөзілмейді елдің таяу.  
Қадамың кішірейіп басқан сайын,  
Жүрісің бәсеңдейді күнде баяу.

Ренжіп, назаланып дүниеге,  
Түсірген аянышты мұндай күйге.  
Келеміз ішімізден тілек тілеп,  
Әйтеуір құласақ деп жетіп елге.



Отырып бірде жүріп, бірде тұрып,  
Жылжымыз ілбіп басып діңке құрып.  
Бір кезде "ойбай" деген шықты дауыс.  
Артыма қарай қалдым мойын бұрып.

Жүгірдім кейін қарай асып-сасып,  
Қалыпты Әсияны қасқыр басып.  
Ішігін үстіндегі жатыр жұлып,  
Қанына құмар болып жалғыз қасық.

Қасына жан ұшырып келдім жетіп,  
Қос қасқыр сәл шегінді елең етіп.  
"Жаным-ай тірімісің, басың көтер", -  
Дедім де құшаққа алдым сабыр кетіп.

Өзіме қайта шапты екі қасқыр,  
Сескеніп кетер емес қара басқыр.  
Ашынған ол да аштықтың қыспағымен  
Дегендей "не жан берем, не жан тапсыр".

Менің де екі көзім толды қанға,  
Зор қатер төнгеннен соң шыбын жанға.  
Мен біреу, жыртқыш екеу басталды айқас,  
Жасқанып шегінуге уақыт бар ма.



Ұстадым тамағынан біреуін кеп,  
Тегін жан енді бұған берем бе деп,  
Ажалдың қармағына түскендеймін,

Бас қорғап жолын тауып шықпасам тек.  
Екеулеп мені еркіндеп алды ортаға,  
Азулар етке батты, салып таңба.  
Еңсеріп билеп төстеп барады алып,

Боянып жыртқыш тісі қызыл қанға.  
Бір кезде болат қанжар, қолға түсті,  
Тұр едім асыра алмай әлді күшті.  
Жібердім ашуланып салып-салып,

Кезекпен екеуінде көздеп ішті.  
Қасқырмен бірге түстім жерге құлап,  
Қиналып жұр екенбіз зорға шыдап,  
Жұмылды бас айналып, екі көзім,

Шыңылдап түк естімей екі құлақ.

## VI

Білмеймін күн өтті ме түн өтті ме,  
Талдырып қанды арпалыс жүдетті де.  
Бір кезде көзімді ашсам Әсия отыр.  
Осындай бере бермес тілекті де.



Өңім бе, сағымданған түсім бе әлде,  
Нанбастай бір іс болған тірі пенде.  
Әп-сәтте есті жиып ала қойдым,  
Қуаныш дәл осылай болар кейде.

Құшты ол мені аймалап өксіп жылап,  
Ағытты сорғалатып жасын бұлап.  
Өзім де тоқтай алмай босай бердім,  
Балқыдым, тұра алмадым төзіп шыдап.

"Есен-ау тірімісің, жаным-ай сен,  
Азап жоқ бір тәулікте мен көрмеген.  
Таң атып, күн көрініп шықпайды екен,  
Қара түн түнергенде көктен төнген.

Күн батты үнсіз-тілсіз жаттың өзің,  
Төрт болып мен отырдым екі көзім.  
Төңірек қара көрпе жамылғанда,  
Берілер қаптағандай дүние жүзін.

Саған бір, қарағанда қасқырға бір,  
Селкілдеп қалшылдайды дене дір-дір,  
Кенеттен айналама көзім салсам,  
Жалақтап анталап кеп қамалап тұр.



Даусыма сескенбейді "ойбай" деген,  
Сен жоқсың талып жатып оны сезген.

Талпынып азаттықты аңсағанда,  
Ойладым кезіміз деп қарап өлген.

Қауіптен талай қатер алып шыққан,  
Жұргенде серік болған қашып жұрттан.  
Мылтығың еске түсіп қолыма алдым,  
Жолдасың бірге жұріп сырыңды ұққан.

Қуш бітіп, тұла бойға кірді қайрат,  
Біткендей арыстандай қайратты айбат.  
Тобына нұсқап тартып жібергенде,  
Қорылдап қорқау алды қалды жайрап.

Сілкіктіп жібергендей меңіреу түнді,  
Ести сап састы бәрі ашулы үнді.  
Бытырап жан-жағына быт-шыт болды,  
Қарсы алдым міне осылай жарық күнді.

Әсия бір күрсінді қарап маған,  
— Өл-қуат берсін тәңірім - деді,- саған.  
Артымда мен өлсем де қалшы тірі,  
Сен ептеп аяңдай бер елге таман.



Жүруге енді шамам келмес деді,  
Жолыңнан бөгемейін енді сені.  
Өлгенше бірге екеуіміз сен аман бол,  
Кете бер қарамай-ақ тастап мені.

Бірге өлмей меніменен сен тірі қал,  
Таба алсаң іздеп тауып бір елге бар.  
бар шығар біздей адам әр жерде көп,  
Бірігіп дұшпаныңнан өш-көгіңді ал.

— Мен сені кетпекпін бе тірі тастап,  
Нені айтып тұрсың өзің, нені бастап.  
Көрейік кең дүниені жүріп бірге,  
Қалайық өлсек бірге қарды жастап.

Қозғалдық тағы жылжып алға қарай,  
Белестен, өзек-қырат өттік талай.  
Әсия қозғала алмай қалды тоқтап,  
Ілбіген қыбырға да ілесе алмай.

Арқалап дем алдырып дүркін-дүркін,  
Өткіздік жанды қинап бірнеше күн.  
Өл құрып жер бауырлап жатыр едік,  
Кенеттен селк еткізді шыққан бір үн.



Қиналып бас көтердім қарап артқа,  
Қадалды екі көзім бір салт атқа.  
Дос емес, қас болса да адам ғой деп,  
Көңілім толып кетті қуанышқа.

Құшақтады ой баурым деп бізді құшып:  
"Әйтеуір зорға таптым ізге түсіп.  
Қалай кеп қалғансыңдар мұнша жерге,  
Суықтан борандатқан қалмай үсіп."

Қиын күн басқа түсіп екі талай,  
Тұрғанда қуат кетіп әлің қалмай,  
Ұмтылған шыбын жанын пида қылып,  
Есіңнен шығарасың досты қалай.

Бізді іздеп келіп тұрған Әбен екен,  
Ойына ой келмепті бізден бөтен.  
Сандалып ат үстінде бес-алты күн,  
Өзі де қажып-талып өзер жеткен.

Әсия бірде күліп, бірде жылап,  
Бажайлап ел жағдайын жатыр сұрап.  
Міңгесіп кезектесіп кете бердік.  
Ес жиып жан шақырар іздеп тұрақ.



Қалжырап әрі ашығып, әрі тоңып,  
Күш кетіп қалып едік қаусап солып,  
Өлмедік, ес жинадық тірі қалып,  
Қосына жылқышының душар болып.

Далада қысы-жазы жатқан малшы,  
Байларға өмір бойы болып жалшы.  
Шырмалып басы түскен буғалыққа,  
Ішер ас, киер - киім болып тапшы.

Баяндап айтып берсем істің жайын,  
Сүйсініп тыңдайды олар айтқан сайын.  
Бермеуге дұшпандарға қолдарынан  
Келгенше шамалары бәрі дайын.

Кіжініп ашу кернеп дүрілдейді,  
Кедейге бұл қалыпта күн жоқ дейді.  
батып тұр бай тізесі жан шығарып,  
Қасқырша шетімізден түтіп жейді.

Деді Әлім олардың жау екені рас,  
Байлығын бедел етіп ата мирас.  
Келсемде дәл жетпістің жетеуіне  
Тиген жоқ бел шешініп жастыққа бас.



Болып ем бір кезде жас мен де сендей,  
Бұл иттер қоймайды ғой ақыр жеңбей.  
Қолымнан сүйгенімді тартып алып,  
Сорлатып кете барды-ау теңдік бермей.

Мөлтілдеп төгілді құр көзден жасым,  
Бойыма тарамайды ішкен асым.  
Аз малдың бәрі түсіп барымтаға,  
Қаңғырып қалды міне жалғыз басым.

Шықпасаң тұңғиық бұл жолын тауып,  
Білмеймін бұл жерде де болар қауып,  
Біреуден жаман қатты сескенемін,  
Кететін біздерге кеп ауық-ауық.

Өлім қарт айтты жайлап күдіктерін,  
Екеуің жассың ғой деп бір жас өрім,  
Бұл жерде жаз шыққанша болмақ болдық,  
Төңіректе болмаған соң барар жерің.

Өбенді аттандырдық елге қарай,  
Кезеңнен алып шыққан әлде талай.  
Әсия шешесіне сәлем айтты  
Онымен жылап тұрып көзін алмай.



## VII

Шегі жоқ Сарыарқаның сары даласы,  
Көмкерген аппақ қармен айналасы,  
Қостары жылқышының жылжи түсіп,  
Біртіндеп алыстаған ел арасы.

Кез болып мейірбанды дос жандарға,  
Көңілде енді қалған алаң бар ма.  
Адамға өмірінде кім жетеді,  
Қол ұшын бере білген қиын, тарда.

Етті жеп тойындық біз тамақ ішіп,  
Қалуға айналыппыз аштан ұшып.  
Бақырды оттан үзбей асамын кеп,  
Тұрады бір ет түссе, бір ет пісіп.

Бұларға бай қолынан түк бермейді.  
Семізді өздері ұстап тандап жейді.  
Жасықты бай берді деп қалай жесін,  
Жауабы: "қасқыр тартып кетті" - дейді.

Бұл жылқы төрт-бес мыңға жеткен жуық,  
Қосылар құлындары жылда туып.  
Есепсіз себебі жоқ іс қылмайды,  
Қорқады байдан қатты түсі суық.



Қар ери азық алып Асан келіп,  
Жайдары адамсынып сәлем беріп,  
"Жөнін айт танымадық бұл кім-деді,  
Отырған қос ішінде бізді көріп.

Жай ғана сұрап жайды алды біліп,  
Мырс етіп маңызданып мұрттан күліп.  
Жұрді де жылқы аралап бір-екі күн,  
"Қош бол" - деп атты ертетіп кетті жүріп.

Өлім қарт ол кеткен соң келіп маған,  
"Айтқаным қауып қылар осы саған.  
Жандайшап байдың әбден сенген досы,  
Адамның обалына қарамаған.

Кетпесе жарар еді тарап көпке,  
Ант үрған жұрмеуші еді қарап текке.  
Тәуекел сақтар тәңір, - деді тағы,  
Кім келсін көксоқтада мұндай шетке".

Жаз шыға кетпекшімін өз жайыма,  
Жазылған істі көріп мандайыма,  
Қыс өтіп, жаз да шығап осы бетпен,  
Ақыры ескерусіз қалмаймын ба.



Ойлаймын "керекпін деп енді кімге,  
Күдерді үзген шығар бәрі мүлде,  
Қар еріп өзен, сайлар түсе қалса,  
Кім келмек біздерді іздеп білген күнде".

Мен жүрмін сойыл ұстап жылқы бағып,  
"Пенде боп түсемін деп қолға неғып".  
Дегенше өне-міне жаз таянып,  
Жұлдызша өтіп жатты уақыт ағып.

Құлпырды жер дүние болды да жаз,  
Айдында асыр салып үйрек пен қаз.  
Жадырап арқалары жан-жануар,  
Шуақтап күн көзіне бәрі де мез.

Түнерген бір қауыпты бұрын сезіп,  
Аралап жапан түзді кеттік безіп.  
Денеге қажымастай қайрат бітіп,  
Алыпмыз қиындыққа әбден төзіп.

Тоқтадық мекен етіп тау бөктерін,  
Бұлақты ағаш-талды пана жерін,  
Өлім де мені таптап айтқан еді,  
Жолама ел болсын деп көрмегенің.



Көрместен тағы кеттік жанның бетін,  
Қас дұшпан өзгертпепті сұм ниетін,  
Кейде атып, кейде жымға дұзақ құрып,  
Далада қылдық азық аңның етін.

Күн ұзақ зеріккен соң өзі қатты,  
Әсия аралапты бұлақ жақты.  
Батпаққа батып құлап жатқан жерден,  
Киіктің бір жас лағын ұстап апты.

Құр сұлдер енесінен қалған жетім,  
Денесі жара-жара көрсең етін.  
Қалмапты соңына ертсе әлгі байғұс,  
Сезгендей Әсияның ақ ниетін.

Күн бойы бағып-қағып қылады ермек,  
Байқайды жараларын талмай емдеп.  
Жаутандап мөлдірейді қос жанары.  
Тәтті шөп тағы тауып әкелсе деп.

Қос іші жан қосылып қалды толып,  
Көбейді қара-құра үшеу болып.  
Өзіне жас баладай серік болды.  
Кей күні мен далада қалсам қонып.



Соңынан бірде қалмай жүреді еріп,  
Үйреткен шөпті, суды қолдан беріп.  
Кей уақыт алдына алып отырады,  
Жас лақты жас бөбектей жақсы көріп.

Сүйсінем өзін айтып мінезіне,  
"Бұл өзі жора ғой, - деп күлемін де,  
Мойныма еркелей кеп асылады,  
Жымыып езу тартып күледі де.

Бір күні кештеу қайтып келсем аңнан,  
Жүгіріп шықты Әсия қарсы алдымнан.  
Көрініп бір күн оған жылдай болып,  
Көргенше мені дәті шыдамаған.

Шыққан соң мені көріп зыр жүгіріп,  
Тыңдадым не айтар деп құлақ түріп.  
Мінекей жылап тұрып айтқан сыры,  
Айрылмай мойыныма құлаш көріп.

„ Мен барсам-деді-таудың бұлағына,  
Айтқандай сыр сыбырлап құлағыма.  
Тұнжырап құрақ-талдар басын иіп,  
Мұңайып маған қарап тұрады да.



Түскендей ауыр қайғы бастарына,  
Мұңаяр қырдың қара тастары да.  
Аялап әлде мені есіркейме  
Білмеймін әлде неге бастады ма.

Көрмедім көңілді үшқан бозторғайды,  
Түскендей еңселері басып қайғы.  
Дал болдым сырын ұғып түсіне алмай,  
Аңартып хабарлап жүр қандай жайды.

Соншама қайғыланып күйгені не  
Еркіндік бұларға да тимеді ме.  
Аузын ан жегенінде дәмі кетпес,  
Жеркентті кермек татып жидегі де.

Соңымман жарты елі де лағым қалмай,  
Күнімен жүгіріп жүр шөп те шалмай.  
Искейді қайта-қайта мені түртіп,  
Карайды мөлдіретіп көзін алмай.

Сәбидей еркелеттім сипап басын,  
Қалайша жалғыз адам жасымасын.  
Есіме елімдегі анам түсіп,  
Төгіліп кетсе керек көзден жасым.



Кеудеме басын сүйеп айтты сырын,  
Нандырып жоқты бар ғып етіп ырым  
- Ел-жұртты сағындың ба - деп сұрадым,  
Мұндай сөз айтпаушы едің мұнан бұрын.

Төккелі тұрған жасы тиылсын ба,  
Ағылды тигендей боп жарасына,  
Көріскен адамдай боп бірге жылап,  
Күңірендік арқаның кең даласында.

Жан күйіп, қыспақталып түсіп тарға,  
Оңай ма тағы аң болу тірі жанға.  
Түбі жоқ тұңғиыққа кеткендейміз,  
Тұрған соң шараң құрып амал бар ма

Күн батып кірген еді ұясына,  
Көрінді біреу таудың қиясында,  
Кас, досын көре тұра біле алмадық,  
Көңілді жамандыққа қиясың ба.

Көбейді сәлден кейін шоғырланып,  
Бұлардың жау екені сезілді анық.  
Жүгірдім жан ұшырып атқа қарай,  
Үлгердім біреуін - ақ ұстап алып.



Мен жетпей Әсияға келіп қалды,  
Ілезде шырылдатып ұстап алды.  
Ұмтылып кіріп едім топты жарып,  
"Жолама, құтыл, қаш", - деп айғай салды.

Мен жауға кете алам ба оны тастап,  
Сескеніп ойымда жоқ жаудан қашпақ  
Сілтедім сойылымды оңды-солды,  
Көппенен жалғыз ұрыс кеттім бастап.

Біразі қуғыншының қалды құлап,  
Аттарды көзім шалды жүрген тулап.  
Шашам ба көпке топырақ жалғыз өзім,  
Камады ортаға алып қойдай шулап.

Басыма бір шоқпар кеп тиіп қатты,  
Қызартып бет-аузымды қан ғып жапты.  
Талықсып, есім ауып шыға топтан,  
Жөнелдім айдалаға бұрып атты.

Артымнан түн болса да қалмай қуып,  
Ұстамақ болды бәрі белді буып.  
Күрең ат кең жазыққа шыққан кезде,  
Келтірмей қара үздірді бірін жуық.



Жүрісі жануардың қандай майда,  
Адамға серік ондай аттар қайда  
Таң атып, күн де шығып көтеріле,  
Бір үлкен жығылыппын терең сайға.

Сол жерде бірнеше күн есім ауып,  
Қызыл қан бастан аққан бетті жауып.  
Жатыппын өлім-өмір арасында,  
Алғанша әлде кімдер мені тауып.

Ұзамай мені тастап кетпей атым,  
Айналып таяу жерде жайылатын.  
Иіскелеп ауық-ауық қасыма кеп,  
Жер теуіп жануарым тарпынатын.

Шалалау есім кіріп қалғанда өзім,  
Естимін біреулердің айтқан сөзін.  
Жатырмын мамық көрпе, ақ төсекте,  
Айнала маңайыма түссе көзім.

Білмеймін өңім бе әлде, түсім бе әлде,  
Сенбестей бір іс болып тірі пенде.  
Қасымда бәйек болып бір қыз отыр,  
Ынтасы бар тілегі болып менде.



Адам ба әлде көкте періште ме,  
Мұншама елжіреді маған неге.  
Пейішке менің жаным ұшқан ба әлде,  
Әсия жерде қалып жасын төге.

Сипаған мені аймалап қолы майда,  
Жасқанам көзді тігіп қарамай да.  
Таңылған басым жара дәріленіп,  
Қалайша мұндай жағдай болған пайда.

Есімді жиғаныма қуанғандай,  
Жарқырап күлімдейді ақша маңдай.  
Ақ тісі меруерттей тізбектеліп,  
Сүйсініп қарап отыр көзін алмай.

Ойлаймын "қордың қызы осы ма" деп,  
Тұрғандай "сен ешкімнен шошыма" деп,  
Өзінің шын достығын сездіргендей,  
Бір жылы сөз айтып тұр қасыма кеп.

Ұғамын ішкі сырын жүрегіммен,  
Байқаймын "тіріл" деген тілегі мен.  
Болар ма сондай адам жаны сұлу.  
Бейтаныс бір адамға елжіреген.



Көтерді басымды кеп сусын беріп,  
Мені бір ағасындай жақын көріп.  
Сыпайы мінезіне жарасып тұр,  
Сұлулық ақ жүзіне біткен көрік.

Біреудің көз тартатын тәні сұлу,  
Біреудің тамылжитқан өні сұлу.  
Ертетін тұла бойды мінезімен,  
Адамға не жетеді жаны сұлу.

Ондайды іздеп қайдан таба аласың,  
Тән түгіл жазбай ма емдеп жан жарасын.  
Өмірдің жарық берген шуағындай,  
Теңгермен не асылға қара басын.

Есен қарт шертіп-шертіп домбырасын,  
Бір төкті мөлт еткізіп көздің жасын.  
Тым-тырыс тына қалдық су сепкендей,  
Көтеріп сөйлегенше қайта басын.

## VIII

Кайғы мен мұң мен зарды бастан кешіп,  
Мекенін қыймай тастап алтын бесік.  
Қаңбақтай жел аударған сая таппай,  
Бұл жаққа қалың босқын келген көшіп.



Оларды жұрт түсінбей "мұжық" деген,  
"Бас кесер шеттерінен-бұзық" деген.  
Ойлаған кем емес деп аш қорқаудан,  
Кездессе адамның да етін жеген.

Қанқу сөз дәл осындай мыйынды улап,  
Соғатын естігенде жүрек тулап.  
Жас бала "орыс" десе жым болатын,  
Бой бермей асыр салып жүрген тулап.

Жауығып тағы аңдай боп орыс, қазақ,  
Кездессе бірін-бірі қылған мазақ.  
Шонжарлар кулықпенен айдап салып,  
Кедейлер екі елден де тартқан азап.

Кім білген өсек сөздің бос боларын,  
Қас деген адамыңның дос боларын.  
Ажалдың тырнағынан аман қалып,  
Қамыққан көңіліңнің хош боларын.

Бір топ жас жүріп қапты гүлдер теріп,  
Серуенді жаяу жүрген қызық көріп.  
Секіріп лақша ойнап, асыр салып,  
Жүгірген көбелектің соңына еріп.



Шаңқай түс. Қалжыраған шаршап талып,  
Шомылмақ өзектегі суға барып.  
Бақырып бір қыз қырға атып шыққан.  
Қорқыныш әлде нені көзі шалып.

Білмейді әлде өлі, тірі жан ба,  
Далада жатуында бір сыр бар ма.  
Таянбай, маңайласпай қарқылдап жүр,  
Күткендей өлексені бір топ қарға.

Біреуі мені көріп, өлі деген,  
Кетіпті адамдықтан өңі деген,  
Қасына таянбай-ақ бұл сұмдықтың,  
Жоламай кете беру жөні деген.

Қалармыз тіпті өзіміз жаласына,  
Пәлені ай даладан табарсың да.  
Өрт болып лаулап тұрған шақ осы ғой  
Жаулықтың орыс, қазақ арасында.

Кетейік артымызға шоқ байламай,  
Қалармыз отқа түсіп абайламай,  
Жұқпалы дерттен өлген өлексе ме,  
Болама сақтық жағын тағы онламай.



Бұл кезде фельдшер қызы Лиза деген,  
Мен мұның тірі өлісін білем деген.  
Үйреніп әкесінен дәрігерлікті,  
Жан еді бұл да адамның қамын жеген.

Беттегі, киімдегі қанды жуып,  
Басқасы жеркенгенде келмей жуық.  
"Киргизді" не қыласың дегендерді,  
Жек көрген қабағымен қарап суық.

Қасымда мейірленіп қарап тұрған,  
Мені бір жақын жанға балап тұрған,  
Баяғы сол Лиза екен, қолымды ұстап,  
Соғысын тамырымның санап тұрған.

Жастық шақ гүл емес пе жайнап тұрған,  
Бұлбұлдай ән салғызып, сайрап тұрған.  
Көзіне көрген жанның шоқ түсіріп,  
Сыйқырлап көңілдерін байлап тұрған.

Тұрмай ма лап-лап етіп от боп жанып,  
Күйдіріп, кейде қатты лебі шалып.  
Қиынның қиясына өрлесе де,  
Қабақты шытқызарма қажып-налып.



Бетіме қан жүгіріп, ажар кіріп,  
Қайтамын өзенді өрлеп, күнде жүріп.  
Қосылып Лиза бірге ере шығып,  
Көңілімді көтереді күндей күліп.

Бәрін де орыстардың "дұшпан" деген,  
Қауесет сөз екен ғой құр естіген.  
Жазылтып жан жарасын майда сөзбен,  
Жүргенін айттырмай-ақ жүрек сезген.

Қолыма кей уақытта гармонь алып,  
Кетемін түрлі-түрлі әнге салып.  
Лиза кеп тыңдап, қарап отырады,  
Өзі де терең сырлы ойға қалып.

Көзінен мөлтілдеген жасы тамып,  
Екі бет алаулайды от боп жанып.  
Шашынан сипап қана сыр сұраймын, -  
Қамығып отырсың деп неге налып.

Жастықтың сыры да көп, жыры да көп,  
Кей кесел кетеді-ау бір жаныңды жеп.  
Сондайдың біреуіне душар болып,  
Жұр екен жан жарасын жаза алмай тек.



Соғыста жан сүйері қаза тауып,  
Қалыпты естігенде есі де ауып,  
Ойменен күзгі гүлдей өңі солып,  
Ауырып қалады екен ауық-ауық.

Кезінде алғаш рет мені тапқан,  
Сүйгені еске түскен солай жатқан.  
Көңіліне аяушылық ойлар келіп,  
Күндіз-түні мәпелеп, күтіп баққан.

Қолына ылғи осы гармоньді алып,  
Сүйгені тартады екен әнге салып.  
Көзіне сүйген жары елестесе,  
Қайғырып қажымасын қалай налып.

## IX

Бір күні көп адамдар қаптап келіп,  
Лизаның баса көктеп үйіне еніп,  
Кіжініп балағаттап сабай берді,  
Тартып-ап қанын ішке мені көріп.

Лиза жұр жанұшырып арашалап,  
Көбі тұр мұны көріп тамашалап.  
Қоянның көжегіндей жаутаңдаймын,  
Қасқырдай көрінеді жейтін талап.



Ортада пристав тұр "ұр" деп бірге,  
Сөйлесіп бір қаншықпен керегі не.  
Қорғаған пасұрманды опасызды,  
Өртейік басын оның көміп күлге.

Тұрғанда есім қашып қатты сасып,  
Бір-екеу кіріп келді есік ашып.  
Айғай шу су сепкендей жым-жырт болды  
Жиынның елеуреген бәрін басып.

Жығылды Лиза келіп аяғына,  
Балдақпен қолындағы таяғына,  
Жігіт те шашын сипап босай берді,  
Елжіреп жүрек шіркін аяды да.

Соғыстан жараланып келген қайтып,  
Лизаның ағасы отыр әңгіме айтып.  
Білсе де өмірдегі талай сырды,  
Өзін еш көрсетпейді бір зорайтып.

Таңданып таң қаламын ақылына,  
Сөйлеген сөз маржаны нақылына.  
Өмірде естімеген сырларды айтып,  
Мені бір санағандай жақынына.



Атадан жеке дара туған басым,  
Білмеппін кім екенін дос пен қасым.  
Ағамдай бірге туған ақыл айтып,  
Ішпейді менсіз жеке ішер асын.

— Бір бауыр, - дейді, - туыс орыс, қазақ,  
Тек қана бай-болыстар қылған мазақ.  
Жарқырап таң ататын мезгіл таяу,  
Ұмыт боп ғасыр бойы көрген азап.

Азаттық ұран салды Ленин бастап,  
Келеді езілген тап түгеп қостап.  
Болмаған тарихтағы жаңа өмірдің,  
Жаңғыртып бар әлемнің жолын ашпақ.

Ол кезең келеді тек күреспенен,  
Ер емес сол жол үшін күреспеген.  
Лениндей данышпанның соңына еріп,  
Дұшпанға қарсы тұрып тіреспеген.



Осындай әңгімені құлағыма,  
Ұқтырып отырады қуяды да.  
Басына бір адамның терең білім,  
Япыр-ай қалай бітіп сияды да.

## IX

Бұл кезде қазақтың кең сар даласы,  
Бұрқырап дауыл соқты айналасы.  
Теңіздей толқынданып ел ашуы,  
Теп-тегіс атқа мінген кәрі-жасы.

Найзағай дауысындай күркіреді,  
Дүбірден жер жарылып сілкінеді.  
Булығып жатқан кегі аспанға атып,  
Қалтырап қас жаулары тітіреді.

Ел жақтан хабарына құлақ түріп,  
Мен шықтым қару алып атқа мініп.  
Дүшпаннан кек алатын мезгіл жетті,  
Бойыма тасқын судай қайрат кіріп.



Жөнелдім күрең атқа қамшы басып,  
Көңілім бірде жасып, бірде тасып.  
Артыма дамыл-дамыл қарай бердім,  
Кеткенше қарамды үзіп белден асып.

Өрт лаулап қазақтың кең даласында,  
Алатау, Алтай, Каспий арасында.  
Бұлығып жатқан өлке толқынданды,  
Өр намыс сыймай шалқып шарасына.

Аңсаған азаттықты ашынған ел,  
Тасыған тау суындай жайылған сел.  
Толқынмен ағып мен де кете бердім,  
Жауменен шайқасбақ боп сынғанша бел.

Халықты көтерілген Әбен бастап,  
Бұқара жәбір көрген тегіс қостап.  
Ежелден қанын сорып келе жатқан,  
Ежелгі жауларының қанын шашпақ.



Қуандым аңсаған күн келгеніне,  
Құдайым тілегімді бергеніне.  
Қорғалап жан бетіне көрінбеуші ем,  
Еркіндік енді бүгін көргеніме.

Бір жолға елге қарай түзеп бетті,  
Қоштасар Андреймен мезгіл жетті.  
Қаруын қолға берген берік ұстап,  
Жауменен айқасуға бердім сертті.

«Жол болсын» дейді қымай беттен сүйіп,  
Сөздерін бой тұмардай алдым түйіп.  
Кете алмай бауырымдай елжіредім,  
Шығуға әлім келмей киім киіп.

Мойнымнан құшқанда Лиза келіп,  
Қанттай суға түскен кеттім еріп.  
Егіліп тілек айтып жылап тұрды,  
Жолығар сәт болсын деп қайта көріп.



Патшадан келген жарлық июндегі  
Халықтың осы болды күйінбегі.  
19-31-ді тегіс алмақ,  
Біреудің жалғызында үйіндегі.

Елменен кеттім бірге араласып,  
Өмірдің қиясына қадам басып.  
"Таң атып, күн туады біздерге" - деп,  
Ширатам жүргендерді қорқып-сасып.

Келеді патшаға да қауып төніп,  
Тұрған жоқ енді халық оған сеніп,  
Жасайтын бостандықты бәрі өзіміз  
Бәрін де қолмен істеп көзбен көріп.

Қамқор боп езілгенге туған дана,  
Өмірді өзгертпекші жасап жаңа.  
Теңелтіп қараңғы елді қатарға алып,  
Жеткізбек азаттыққа Ленин ғана.

Өзімше түсіндірем айтып жөнін,  
Қандай жол қуып жүрген жан екенін.  
Кедейін орыс, қазақ бірдей ұстап,  
Қам жейтін сабаздардың бар екенін.



Бәрі де шұлғып отыр ұйып тыңдап,  
Жалғыз-ақ байсымақтар жүр шыбындап,  
Өлуге адал жолда дайынбыз деп,  
Күшін де қаруын да отыр шыңдап.

Ендеше біз көрейік соңына еріп,  
Бұл жолға сертімізді ұстап берік.  
Азаттық арманымыз әуелден-ақ,  
Арман не сол бір таңды көрсек өліп.

Әуелі жақын жауды құртамыз деп,  
Ауылына әкімдердің ағылды кеп.  
Жарқылдай қылыш-найза күн көзімен,  
Бұрқырап шыққан шаңды көресің тек.

Бастары кейбірінің домалады,  
Қалғаны қашып-пысып қорғалады.  
Тақымы елге батқан шонжарлардың  
Көзінен сорасы ағып сорғалады.

Кеткендей басым тұман бұлт боп көшіп,  
Жетердей арманыма көңілім өсіп,  
Ауылына Хасен байдың келдім жетіп,  
Екпінім ентелеген желдей есіп.



Бойыма қайрат берген ойлар келіп,  
Жауыма тұрғандаймын өзім төніп,  
Арманға жететұғын күн туды деп,  
Достарды өзім бастап кеттім еніп.

Асықтым кіргенімше үйге еніп,  
Әсия қарсы алар деп күндей күліп.  
Сырттағы абалаған ит даусымен  
Ойлаймын отыр-ау деп бізді біліп.

Келуге бұл маңайға бата алмаған,  
Тиыштап айдалада жата алмаған.  
Еркінсіп келіп тұр ғой бүгін Есен,  
Қаруын азаттықтың қолына алған.

Үй-іші күмілжиді маған қарап,  
Мені бір жан алғышқа отыр санап.  
Білуге Әсияның қайда екенін,  
Достарым оспақ сөзбен отыр жанап.

Шыр етті бесіктегі жатқан бала,  
Қарадым кім келер деп көзім тала.  
"Қу жетім неге мұнша жылайды" деп,  
Бәйбіше түре келді айғай сала.



Кенеттен жай ұрғандай қалдым шошып,  
Денемді жібергендей осып-осып  
Бойдағы күш-қуаттан сарқын қалмай,  
Кетіпті екі көзден жасым жосып.

Түнеріп түнек басып, үміт өшкен,  
Аңсаған тәтті арманның жолын кескен,  
Сәулесі өмірімнің сөніп қалса,  
Бұл қайғы тіршілікте шығар ма естен.

Есен қарт солқ-солқ етіп өксіп жылап,  
Айта алмай әңгімесін қалды тоқтап.  
Өткендей басынан іс кеше ғана,  
Сүйгенін жасындағы отыр жоқтап.

Бірге өлмей Әсиядан қалдым неге,  
Өмірдің одан қалған керегі не.  
Дүниеден қайғылы өткен сорлымын ғой  
Ақыры жетпей кеттім тілегіме. "

Махаббат қартаймайды, тозбайды екен,  
Еске алса ескі дертті қозғайды екен.  
Шаңымен адастырар жүйрік уақыт,  
Ол да бір баса-көктеп озбайды екен.



Шырылдап жалғыз қалған жетім бала,  
Бар белгі сүйгенімнен осы ғана.  
Қос жетім құшақтасып еңірей бердік,  
Істерлік мұнан өзге болмай шара.

Өрт еді көңіл есіп лапылдаған,  
Күйдірген дұшпандарын жақындаған.  
Кенеттен су сепкендей бәрі сөнді,  
Екпінім тасқа тиіп арындаған.

Ауыр дерт аз болғандай басымдағы,  
Қайғырды серіктерім қасымдағы.  
Халыққа зәрін шашып, ызғар төніп,  
Көңілдің осы болды жасымағы.

Болмады-ау өмірімде оңған ісім,  
Зайғы боп өтіп кетті жастық күшім.  
Қаламын еске түссе есеңгіреп,  
Өртеніп лапылдайды күйіп ішім.

Ел көңлі тасқын судай тасып еді,  
Арманы арнасынан асып еді.  
Жауымен жұлқыласып арыстандай,  
Нұрына бостандықтың асық еді.



Ұмтылған азаттыққа қалың халық,  
Қамалып тар қапаста қалды налып.  
Құтырды жын ұрғандай шабармандар  
Соңынан әскер ертіп ойран салып.

Бұзықтың ел бүлдірген бірі болып,  
Көрінген кейде көзге ірі болып.  
Байланып аяқ-қолым кете бардым,  
Кұр сұлдер жан шықпаған тірі болып.

Артымда туып өскен елім қалды,  
Кір жуып кіндік кескен жерім қалды.  
Жарық таң әлі-ақ туып атар деген  
Кеудемде өйтеуір бір сенім қалды.

## X

Тұрағым кеше абақты бүгін майдан,  
Зор майдан кең өлкеге құлаш жайған.  
Қан кешіп қара саннан жүрсемдағы  
Шықпайды туған жерім өмірі ойдан.

Сәбиді анасынан қалған жетім,  
Дариғай күн болар ма бір көретін,  
Қалдырған Әсияның көзі емес пе  
Бойыма тірі жүрсем әл беретін.



Шіркін-ай өсер ме екен тірі қалып,  
Алдымда жүрер ме екен асыр салып.  
Онымен кездесетін күн болар ма,  
Оралып аман-есен елге барып.

Шымшылап ауыр ойлар мазамды алып,  
Қайғырып өз-өзімнен қалам налып,  
Адамды қалжыратып қажытпай ма,  
Ой дерті аяғыңнан тұрса шалып.

Сағынам Сарыарқаның кең даласын.  
Сары жон тобылғылы тау мен тасын.  
Көрсем деп алыс жерде арман қылам  
Қазақтың жолықтырып бір баласын.

Жерлерім көріп жүрген қылып мекен,  
Танымас жат секілді бәрі бөтен.  
Кір жуып кіндік кескен туған жерге  
Еш нәрсе өміріңде жетер ме екен.

Келеді елді ойласам көзіме жас,  
Жүректі жарып шығып қан аралас,  
Сабыр ғып өзімді өзім тоқтатамын,  
Қан жұтып қайғырғанмен ел табылмас.



Сұм тағдыр не істетіп не қылмады,  
Дәйек қып бір орында тұрғызбады.  
Ұшырып дауылдағы қаңбақтай ғып,  
Артыма мойынымды бұрғызбады.

Өмірде нелер көріп, не кешпедік,  
Мұз жастап, қар жамылып бел шешпедік.  
Атылып жолбарыстай қас дұшпанға,  
Кезеңде талай қиын дес бермедік.

Сібірді тырнағымен Колчак бүріп,  
Кұтырған қасқырдай боп салды бүлік.  
Косылып мен де көпке алдым қару,  
Шықсақ деп елімізден жауды түріп.

Бір ұрыс болып қалды қиян-кескі,  
Қан майдан түршіктіріп алған есті.  
Ентелеп жау шегінсе алға ұмтылып,  
Сүйсінем алғаныма кеткен өшті.

"Уралап" тидік жауға атой салып,  
Қылышты қолға ұстаған қанға малып.  
Көк түтін жанған өрттің арасымен  
Босаттық талай жерді тартып алып.



Өкшелеп қуып бердік қашқан жауды,  
Беттері қалың орман тоғайға ауды.  
Атысып оқты қарша боратады.  
Осылай әдіс етіп жан қармауды.

Аянбай ұмтылғанда жанды қиып,  
Білмеппін қалғанын да оқтың тиіп.  
Жатырмын лазаретте көппен бірге,  
Бір уақыт алғанымда есті жиып.

Қалайша таң қалмассың мұндай іске,  
Оқиға тап болып түр кірмес түске.  
Күлімдеп Лиза келіп қасымда отыр,  
Жүзінен нұр төгіліп кіріп ішке.

Сүйкімді жылы лебі бетке тиіп,  
Елжіреп отыр екен басын иіп.  
Өр сөзін құмарлықпен аузымды ашып  
Жатырмын қас-қақпастан тыңдап ұйып.

Қатерден тағы мені аман алып,  
Аянбай көмек қыпты жанын салып,  
Лизадай асыл адам кез болмаса,  
Жоғалған бір жанмын ғой босқа қалып.



Қайтадан жан кіргізіп, өмір беріп,  
Қасымда отыр міне болып серік.  
Қуанып ұмытқандай болдым бәрін,  
Қайғыны, қиындықты жүрген көріп.

Жылы сөз бой ширатып дем болмай ма,  
Жазатын жараңды да ем болмай ма.  
Тұрғанда үміт өшіп, еңсең түсіп,  
Қажымас қайратыңа тең болмай ма?

Жылы сөз көңіліңді өсірмей ме,  
Түйін де қатып қалған шешілмей ме,  
Кеудеңде қанша суық мұз тұрса да,  
Бәрі де еріп, босап есілмей ме!

Не жетсін досың айтқан жылы сөзге,  
Қымбатты таба алмассың одан өзге.  
Қырандай көңіліңді қалықтатып,  
Адамды желпінтпей ме көрер көзге.

Мән-жайды түгел естіп өткен-кеткен,  
Боп қалдым айыққандай ауыр дерттен.  
Лизаның өткен ісін кім ұмытар,  
Мен тірі қалыппын-ау зор еңбекпен.



Кетіпті Андрей кеп кеше ғана,  
Қуаныш хабар айтып болған жаңа.  
Талқан боп, жау жеңіліп есі кетіп,  
Қалғаны қашқан дейді таппай пана.

"Ұмтылып жауға қарсы қорқып саспай  
Тайсалып тоқтамады қанын шашпай.  
Маған да разы боп кетсе керек,  
Жауына атылды деп жолбарыстай".

"Сүйсіндім, - деді Лиза ерлігіңе,  
Ісіңнің, батырлықтан кемдігі не?  
Жауменен алысуға мұнда келіп,  
Ризамын тірі сені көргеніме".

Мұң айтып кейде екеуіміз мұңдасамыз,  
Сыр айтып кейде төгіп сырласамыз.  
Бастағы қара түнек қайғыны айтып,  
Қосылып кейде екеуіміз жыласамыз.

Өлде мен кетер ме едім оймен азып,  
Болмаса айтқан сөзі жаныма азық.  
Жазса да тән жарасын дәріменен,  
Алды ғой жан жарасын сөзбен жазып.



Басылып кейде көңіл жасып тұрар,  
Кей сәтте дариядай тасып тұрар.  
Қаптаған дүниені селдей болып,  
Арындап арнасынан асып тұрар.

Ризамын қорғап қалған дос жандарға,  
Шын достар айдалада қалдырған ба?  
Қатыгез мейірімсіз тас жүректер,  
Қарамас көзің сүзіп талдырғанға.

Күн туды ақырында қуанатын,  
Естідім тұңғыш рет Жеңіс атын.  
"Біз жеңдік, жау жеңілді" деген кезде  
Қандай жан қуанбастан тұра алатын.

## XI

Сібірдің тамылжыған әсем кеші,  
Лық толы көше бойы парк іші,  
Ән салып гармондатып би билейді,  
Халықтың қуанышпен шығып есі.

Кісіні шаттандырған айлы түнде,  
Лизамен кеңес құрып жүрдім бірге.  
Асқақтап көңіл тасып шарықтаса,  
Кенеттен қауыпты ойлау болар кімде.



Кім білген жүргендерді іштен тынып,  
Жол іздеп кек алуға дымы құрып.  
Қанжарды жалақтатып салып қалды,  
Артыма қарағанша мойын бұрып.

Маңайды аңдамаппыз байқап көріп,  
Білмеппіз әлде кімді жүрген еріп.  
"Жау бар деп жар астында" абайламай,  
Қауыпсіз шықтық екен кімге сеніп.

Андрей айтып еді-ау "байқаңдар" - деп,  
Өлі де жеңілмеген жауымыз көп".  
Не пайда өкінгенмен кеш қалыппын,  
Айтқаны екі болмай келіп тұр деп.

Қанжарды екінші адам салды маған,  
Қалтамнан үлгергенше алып наған.  
Дәл тимей иығымнан жанап өтті,  
Қашты жау алды - артына қарамаған.

Сұп - сұлық Лиза жерде жатыр құлап,  
Дыбыс жоқ әр нәрсені көрсем сұрап.  
Жүгірдім көтеріп-ап лазаретке,  
Ағызып екі көзден жасты бұлап.



Дәрігерлер дамыл **таппай** таң атқанша,  
Еш болды еңбектері еткен қанша.  
Көз жұмған кез алдымда қайран Лиза,  
Жылатты мені еңіретіп жас балаша.

Катерден талай қиын алып шыққан,  
Адамның ғазизі еді сырынды ұққан.  
Өмірде жазылмайтын жара болды,  
Қақ жарып жүрегімді жарып шыққан.

Қайғының қара бұлты қалды қонып,  
Соққыға бас көтертпес душар болып.  
Ес кетіп, еңсең түсіп егілгенде,  
Гүлдей боп суық ұрған қалдым солып.

Бір жанды қорғай алмай қасымдағы,  
Көңілдің осы болды-ау жасымағы.  
Өрт туса өкініштен тула бойға,  
Оңай ма оның сөніп басылмағы.

Шыдарлық шара бар ма өкінбеске,  
Қаламын мұңға батып түскенде еске.  
Жаралған періштедей жаны таза,  
Өмірде ұмытпастай жан емес пе.



Білмеймін оңған жанды аққу атқан,  
Ақыры соның бәрі аза тартқан.  
Сорғалап екі көзден бұлақтай боп,  
Тиылмай қан аралас жастар аққан.

Жасырам өкінішті мен несіне,  
Айдында өлген аққу әлі есімде.  
Жараспас жалғыздығым дегендей-ақ  
Жастанып жан тапсырған мұз төсінде.

Біреулер махаббатқа болмай берік,  
Бірінен кетер кейде бірі жеріп.  
Аққудан қайтер еді ғибрат алса,  
Сенімді серіктігін естіп көріп.

Кездестім қос аққудың киесіне,  
Өулие махаббаттың иесіне.  
Өтседе талай күндер естен кетпей,  
Лапылдап өкінішпен күйесің де.

эпилог

Есен қарт көп жасаған, көпті көрген,  
Иіліп көрген адам сәлем берген.  
Шырғалап маңайында күндіз түні  
Немере - шөбересі қасына ерген.




Ісімен, мінезімен елге жаққан,  
Өмірде еңбегімен орын тапқан.  
Өзі екен жемісінің айғағы бөп,  
Төсіне қатар-қатар орден таққан.

Болыпты жастарға үлгі, үлкенге ес,  
Бәріне ақыл айтып берген кеңес.  
Қадірлеп халқы сүйіп құрметтеген  
Жоғапыл ел аузынан есімі өшпес.



# Мешкей мешін

/ПОЭМА/



Түнертіп қайғылы ой қара түндей  
Келеді көптен бері бойды керней.  
Жеңілсін ауыр салмақ түскендей боп,  
Көңілден мұң тарамас айтып бермей.

Мен жырлар қанды жылдың аты мешін,  
Кетірген ойран салып елдің есін.  
Боздақтар сол кезеңде жан тапсырған  
"Тірілер ескермеді" - деп жүрмесін.

Көкейін көп адамның өртеді де,  
Сырқырап тұла бойы дерттеді де,  
Сұмдық жыл мың тоғыз жүз отыз екі,  
Тұрады бір зарлы күй шертеді де.

Бұл жылда жатыр толып қайғы мен шер.  
Елес боп көз алдымда жан түршігер.  
Халықты қан шығармай қырып салған,  
Еститін нәубет пе еді, көз бен көрер?

Сезілер жан төзбестей ана шері,  
Бір талшық нәр таба алмай аққан тері.  
Жан берсе жас бөбегін құшақтап жатып,  
Болар ма аштан өлсе оның көрі?



Өлсе де ана емшігін аймалаған,  
Қалып тұр қандай үміт жас баладан.  
Душар боп ел аштықтың обасына,  
Кесел ғой біздің жұртқа кеп тараған.

Індетті бастан кешкен ел біледі,  
Сүйегін шаңмен басқан жер біледі.  
Көк шыбын үймелеген тән сасығын,  
Таратқан алып ұшып жел біледі.

Бұл өзі болған опат, ауыр жара,  
Айырылған иесінен жылап дала.  
Булығып нелер абзал үн шығармай,  
Қоштасқан кең дүниемен таппай шара.

Аруақтар көз алдымда елестейді,  
Ұмыт боп естен шығып ескірмейді.  
"Тірілер, біздерге де дұға оқы" - деп,  
Ентелеп, қаптап келіп дес бермейді.

Шама жоқ тірілтуге не қыласың?  
Тек қана жаныңды жеп қиналасың.  
Жазықсыз жан тапсырған бейбақтар-ай,  
Қан болып көктен жауды сенің жасың.



Жетеді өлгендердің үні талып,  
Мұң-зарын айтқандай боп, құлақ шалып.  
Рухы риза болып қалар ма екен,  
Қанды жас мен де төктім қалам алып.

#### ЖАЛҒЫЗ АТТЫ ЖОЛАУШЫ

Жолаушы келе жатыр жалғыз атты,  
Мүлгиді есі ауғандай жүрмей қатты.  
Білмейді өңі екенін, түсі екенін,  
Көргені соққы болып жанға батты.

Қаладан шығып еді өзі ғана,  
Аңсатып, сағындырып өскен дала.  
Жүрегі алып-ұшып лүпілдейді,  
Аман-сау жүр ме екен деп ата-ана.

Естіген елде аштық басталды деп,  
Талайлар қара жерді жастанды деп.  
Көмусіз қалған шіріп сасық дене,  
Жер түгіл былғайды екен аспанды деп.

Келеді енді міне көзі көріп,  
Көмілмей сай-салада жатқан өлік.  
Беттерін кейбірінің жасырғанмен,  
Алады бәрін жинап қалай теріп?



Жылжиды ескі сүрлеу жолға түсіп,  
Топшылап барар жерін ойман пішіп,  
Жан-жағы құлазыған меңіреу дүние,  
Тек қана қарқылдайды құзғын ұшып.

Жұтаған ақ сүйек боп малдан жаман,  
Өр жерде сасып, шіріп жатқан адам.  
Кейбірі жан шықпаған шала жансар,  
Құлайды алға ұмтылып басса қадам.

Байғұсқа өзінде жоқ не береді?  
Таянды демесін деп "елемеді".  
Көзіне шүңірейген көзі түсіп,  
Жолаушы жаны шошып жөнеледі.

Теңселді кетердей боп аттан ауып,  
Мең-зең боп басы айналып ауық-ауық.  
"Болар ма бұл қырғыннан - деп ойлады,  
шығатын амал қылып жолын тауып".

Аяңдап біраз жүріп қырдан асты,  
Кеудені шерлендіріп қайғы басты.  
Үстінен бір топ жанның шыға келіп,  
Сескеніп түстерінен жаман састы.



Барады бәрі мұны көзімен жеп,  
Бұйырып: "жылдамырақ аттан түс" - деп  
Мойынын жан-жағына бұрғызбайды,  
Ұстаған екі-үшеуі шаужайдан кеп.

Құтылу қиын болды аман-есен  
Бермейді сөзге парық қалай десең,  
Бәрінің кеудесіне ұялаған  
Жалғыз ой: "аударып ап атты жесем".

Аяғын тұрған аттың байлап жатыр  
Пышақтарын қылшылдатып қайрап жатыр,  
"Өзін де тіл алмаса жыға сал" - деп  
Қарт адам бұйрық беріп сайрап жатыр.

Болама ерегісіп көппен күшті,  
Жығылып атпен бірге қоса түсті.  
"Құдайым бізге нәсіп берді ғой" - деп  
Адамға толып кетті аттың үсті.

Айрылды қуанғаннан бәрі естен,  
Мәз болып ат етіне бөліп жескен.  
Тыңдатып ақсақал шал бұйрық берді,  
"Қалғанын қақтаңдар, - деп, - пісірместен".



"Жігіттің өзіне үлес бер, - деп айтты.  
Бұйырған сен де ырзықты көр - деп айтты,  
Шырағым жөн сұрасып отырайық  
Қасыма таяуырақ кел" - деп айтты.

Отырды шал жанына жөнін айтып,  
-Бетім - деп - келе жатқан елге қайтып.  
Қалада жүруші едім оқу оқып,  
Алмақ боп білімімді бір зорайтып.

Ақыры келіп жетті суық хабар,  
Еститін оқиға ма адам нанар?  
Ел қалмай быт-шыт болып босып кеткен  
Бір үзім жерлерді іздеп нан табылар.

Бар еді әке-шешем, жалғыз інім,  
Келемін не болды деп көрген күнің?  
Мінген ат астымдағы мынау болды  
Жетуге үйімді іздеп артқан сенім".

Айтқан соң әңгімесін бастан-аяқ,  
Мүсіркеп жас жігітті барады аяп.  
"Жетерсің өліп қалмай аман болса,  
Деді-шал келіп қапсың елге таяп".



Сүйгені еске түсіп еліндегі,  
Арманы-аман көру көңліндегі.  
"Қанша жыл оқысаң да күтемін" - деп,  
Жас төгіп айтқан серті тегін бе еді?

### ҚАРИЯНЫҢ ХИКАЯСЫ

-Ей, балам, жақын болдың алыс емес,  
Танытты екеумізді құрған кеңес,  
Шешең менің немере қарындасым,  
Қу аштық не істетіп, не жегізбес.

Біздерге ашыққалы көп күн болды,  
Қелеміз көтере алмай ұзақ жолды.  
Бұл жерге көз қарайып өзер жеттік,  
Жаяулап артқа тастап талай жонды.

Адам ек елу шақты елден шыққан,  
Сұм ажал соның көбін бүктеп жыққан,  
Қалдық біз ақырында он бес адам,  
Ешкім жоқ жәрдем беріп, сырыңды ұққан.

Асан ғой, жиен жан-ау, сенің атың.  
Жететін аулымызға жазған хатың.  
Айтайын бұл нәубетті түсіндіріп,  
Сұмдардың елге істеген қиянатын.



Keң қолтық ел едік қой далбаңдаған,  
Мал бағып, сары далада сайрандаған  
Етін жеп, сусын қылып сүтін ішіп,  
Қиындық болар-ау деп ойламаған.

Мал болды байлығымыз - барымыз да,  
Мақтаныш, ұят, намыс арымыз да.  
Анаңдай емшек беріп асыраса,  
Біз қалай теңгермейміз жанымызға.

Типыл ғып жинап алды соның бөріні,  
Бермесең ат ойнатып, төгіп зөріні.  
"Халықта аша тұяқ қалмасын", - деп  
Көрсетіп, қамшы үйіріп, бұйрықтарын.

Орнатты ел ішінде ақыр заман,  
Не болар дүниеде бұдан жаман  
Ертеңгі қырылғанға қарамады,  
Бас алып, шаш ал десе өңшең надан.

Бұл бұйрық орталықтан келген дейді,  
Қол қойып Голощекин берген дейді.  
Алдына мал түскенге масаттанып,  
Ырғалып белсенділер көлбеңдейді.



Қорқытып қолдан бәрін тартып алды,  
Еңіреп шал, кемпір мен бала қалды,  
Баға алмай бабын тауып жиған малды,  
Пайдаға асыра алмай қырып салды.

Өмірдің сәні қашып, құты кетті,  
Қырылар адамның да жұты жетті.  
Халықты қасқыр тиген қойдай қылып,  
Бір талшық нәр татырмай тентіретті.

Келеміз жерлерді іздеп егін еккен,  
Орнығып бір орында қоныс тепкен.  
Ел бар деп ашықпаған тамағы мол,  
Хабарды медеу қылып бізге жеткен.

Барғанмен олар бізге не береді?  
Демеймін енді халық кенеледі.  
Көп үйден тұяқ қалмай кетті құрып,  
Жоқ орын қайдан келіп теңеледі.

Шал жылап қан аралас жасын төкті,  
"Құдайым беріп тұр-деп - мұндай кепті.

Күші бар өлмей тірі қалғандары,  
Андай боп өрттен қашқан елден кетті.



Кетерде дорбасының түбін қарап,  
Колына бірнеше құрт алды санап,  
Қалғанын бөліп беріп қош айтысты,  
Деді де: - "Әрі сусын, әрі тамақ".

Әдет қой бөлісетін соңғы дәмін,  
Ортаға салатұғын қолда барын.  
Қазақтың дарқандығын сақтап қалған,  
Сұм аштық кетірсе де соның сәнін.

ЖЕТІМ ҚАЛҒАН ЖАС СӘБИ  
Жылжыды елге қарай жаяу қалып,  
Шал берген бар үлесті қолына алып,  
Ақселеу, қалың боздың арасынан  
Құлағы бір дыбысты қалды шалып.

"Бұл не?" деп елегізіп тыңдап тұрды,  
Дыбысқа талмаураған құлақ түрді.  
Біле алмай адам ба, әлде аң екенін,  
Аяғын аңдап басып таяп жүрді.

Қалың шөп басын қырқып мал шалмаған,  
Тірі жан аяқ басып тапталмаған.  
Пысқырып жайылатын жылқы бар ма?  
Қой бар ма қаптай өріп пырылдаған?



Құрыған мал да, жан да типыл болып,  
Тойып жүр әлексеге құзғын қонып,  
Сары дала сұрқы қашып жүдеп кеткен  
Қалғандай өмір өшіп, бәрі солып

Сескеніп әлде неден Асан тұрды,  
Жалтақтап жан-жағына мойын бұрды,  
Андыған бұғып жатып аштар ма әлде,  
Жасырған қулық қылып ішкі сырды.

Кешегі тартып алып атын жеген,  
Оқиға не ойлатпас көзі көрген.  
Қалжырап көз қарайып бара жатса  
Тартынар аш адамдар енді неден?

Бір нәрсе дәл алдынан қыбыр етті,  
Құлаққа талмаусырап дыбыс жетті.  
Көргенде бір қараны қимылдаған  
Денесі сескенгеннен дір-дір етті.

О, сұмдық, бір жас бала емшек емген,  
Шешесін аймалайды аштан өлген.  
Емшекті сорады да. ыңырсыды,  
Кезеріп еріндері қатты шөлден.



Ойы жоқ "шешем менің өлді" - деген,  
Анасын өліп жатқан пана көрген.  
"Құлыным әйтеуір сен тірі қал" - деп  
Секілді сәбиіне еміренген.

Кенеттен адам даусын ести салып,  
Тығылды анасына құшақ жайып.  
Қарлығып кеп жылаумен даусы шықпай,  
Дыбысы естіледі зорға талып.

Шамасы сол баланың жастан асқан,  
Қара шаш құлағы мен көзін басқан.  
Қимылы, қозғалысы баяулаған,  
Қалжырап, болмаған соң ішер астан.

Шешесі күн көзінде жатыр ашық,  
Бүлінген, иістеніп дене сасып,  
Сәбиі тірі анадай аймалайды,  
Жау көріп, бөтен жанды, тұра қашып.

Баланы жылап жатқан қолына алды,  
Аузына сусын құйып, тамақ салды.  
Басылды өксігі де, кемсеңі де  
Біле алмай не қыларын ойға қалды.



Жапанда жалғыз тастап кете ала ма?  
Арқалап ел - жұртына жете ала ма?  
Өлі де елсіз, сусыз талай жер бар,  
Бәрінен баса көктеп өте ала ма

Қарады балаға бір, далаға бір,  
Етеді қорыққандай дене дір-дір.  
"Үлкенді- кішіні де жұтып жатыр".  
Ішінен - деп ойлады - аштық құрғыр".

Елімнің ел болуы екі талай,  
Жан сақтап, есін жияр енді қалай?  
Білетін барлық істі ұлы Сталин,  
Қалайша отыр екен хабар алмай?

Бойына сіңіп қалған бала жастан,  
Данышпан көсем көріп елден асқан.  
Өзіне бәрі солай көрінеді,  
Ол білсе қырылмастай халық аштан.

Білмейді мұны істеткен өзі екенін,  
Сенімді Голощекин көзі екенін.  
Айтқаны ел қорғаны, данышпан деп,  
Өсіре құр мадақтау сөз екенін.



КӨЛ ЖАҒАСЫНДАҒЫ ЖАНСЫЗДАР  
Қыбырлап жылжи берді елге беттеп,  
Арманы - жылдамырақ үйге жетпек.  
Өзі де, жас бала да қаталаған,  
Жанын жеп тоқталмастан келеді өктеп.

Алдынан жарқыраған айдын келді,  
Қыратқа шыға келе көзі көрді.  
Жеткізбес таяу жер де шаршағанда,  
Сүртеді дамыл-дамыл аққан терді.

Белгісі шөлдеуінің сусын сұрап,  
Мазалап ыңырсиды бала жылап.  
Шалысып аяқтары әлсізденіп,  
Жүре алмай бір-екі рет қалды құлап.

Көлге де жан ұшырып таяп қалды,  
Баланы жылай берген қолына алды.  
Жиекте сұлап жатқан екі-үш адам,  
Бұларды ең алдымен көзі шалды.

Ойлады үшеуін де өлген ғой деп,  
Қалжырап көл жағалап келген ғой деп.  
Ілініп сұм ажалдың тырнағына  
Бәрі де жан тәсілім қылған ғой деп.



Өзін де, баланы да сусындатты,  
Жан шіркін аз болса да сая тапты.  
Таңдайы жібігенге сорлы бала,  
Сорғандай емшек сүтін тиыш жатты.

Байқастап өліктерге таяу келді,  
Екеуі ерлі - зайып көзі көрді.  
Бой жеткен ортасында бір қыз жатыр,  
Сол ғана сәл ыңырсып дыбыс берді.

Жүгірді ыдыс алып көлге қарай,  
"Бір жәрдем көрсетем - деп - бұған қалай?"  
Аузына сусын құйып, су бүркіді,  
Өмірін қорғамақ боп екі талай.

Сәлден соң бас көтеріп көзін ашты,  
Көрді де жат адамды жаман састы.  
Біле алмай кім екенін бөтен жанның,  
Шошынып әлсіз қолмен бетін басты.

Куанды қызды көріп тамақ жеген,  
"Қалды - ау - деп - өле жаздап бұ да неге?  
Ойлайды қыз да ішінен:"мынау кім? - деп  
Бір туған ағасындай өбектеген".



Өлденіп алған кезде есін жиып,  
Көз сүзіп жан - жағына салды қиық.  
Көргенде ата-анасын өліп жатқан,  
Тоқтатып ала алмады жасын тиып.

Босады бар денесі өксіп жылап,  
Өл кетіп талықсиды жасын бұлап.  
Өкініп өлмей тірі қалғанына  
Зарлады бір құдайдан ажал сұрап.

"Соңғы дәм қолдарынан алдым неге?  
Мен құрғыр ауызыма салдым неге?  
Қосылып өздеріңмен бірге өлмей,  
Қарайып арттарыңда қалдым неге?"

Өлпештеп мәпелеген қайран анам,  
Зар еңіреп, қайғы жұтып қалды балаң.  
Жан болып жетілер ме жетімегің?  
Айырылған екеуіңнен күнім қараң.

Құдайым маған бейнет бермесін деп,  
Дүниеде қайғы-қасірет көрмесін деп,  
Аузыңнан аз дәмінді жырып беріп,  
Бір мені тілепсіңдер өлмесін деп.



Енді мен қалай жүріп, қайда барам?  
Пананы өздеріңдей қайдан табам?  
Ендігі тірлігімнің сәні бар ма?  
Қалжырап мен отырмын қалмай шарам.

Бар еді бірге туған жалғыз апам,  
Оны іздеп ғарып басым қайдан табам?  
Білмеймін өлі екенін, тірі екенін  
Келе ме сені іздеуге менің шамам? “

Құңіrentті мұңын айтып құба белді,  
Тебіrentті толқындатып айдын көлді,  
Сымпылдап үйрек ұшып, қаз қаңқылдап,  
Сылдырап көкше құрақ жауап берді.

Жайылып жерге түсіп қара шашы.  
Қиылып мұңға батып қара қасы.  
Арыған ақша бетін жуып кетті,  
Төгілген екі көзден қанды жасы.

Кім қалды Сарыарқада жыламаған,  
Қайғырып көздің жасын бұламаған,  
Топалаң тиген қойдай ел жусауда  
Бір адам емдеу жолын таба алмаған.



## ИЕСІЗ ҮЙЛЕР

Келеді қыз артында ілбіп басып,  
Қалжырап белес-белес қырдан асып,  
Шалысып екі аяғы теңселеді,  
Барар жер алдарында әлі қашық.

Дем алып дүркін-дүркін жылжи берді,  
Бейнетін жас баланың Асан көрді.  
Тігілген өзен судың жағасында  
Қаз қатар кигіз үйге таяп келді.

Маңында мал да, адам да көрінбейді,  
Ит үріп, абалап кеп жүгірмейді.  
Тым-тырыс құлаққа үрған танадай боп,  
Тірі жан дыбыс берген білінбейді.

"Кім бар" - деп ортадағы үйге кірді,  
Бір жауап бола ма деп құлақ түрді.  
Үй-іші құрған кілем, жиған төсек.  
Дүние жайнап-ақ тұр неше түрлі.

Бір үйдің бар ма екен деп адамдары,  
Жағалап іздесе де таба алмады.  
Кіргенде есік ашып бесінші үйге,  
Көз салып жан-жағына аялдады.



Тұрса да құты қашып, кетіп сыны,  
Секілді бәрі таныс, көзге жылы.  
Баса алмай буындарын тітіреді,  
Көрдім деп есіне алып қайдан мұны.

Кайырып жабық тұрған есікті ашты,  
Көргенде үйдің ішін түрі қашты.  
"Япырай өз үйім ба?" деген ой кеп,  
Төріне дір-дір етіп қадам басты.

Жатқандай төсегінде бір-екі адам,  
Өлі ме, тірі ме екен не қылған жан?  
Көрпені жамылулы көтере алмай,  
Қалып тұр есі кетіп, болып аң-таң.

Еңкейіп, батылданып таяп барды,  
Көрпені бетін ашып, тартып қалды.  
Таныды өліп жатқан ата-анасын,  
Касына құлап түсіп есі танды.

Білмеді көп жатты ма, аз жатты ма?  
Күн шығып, жаңадан кеп таң атты ма?  
Басында Шолпан қыз бен жас бала отыр  
Зар жылап екі байғұс оятты ма?



Өп-сәтте бас көтеріп, есін жиды,  
Көтеріп әрбір затты, қарады үйді.  
Ойланып әлде неге тұра қалып,  
Көзіне ұялаған жасын тиды.

Ширығып, жігерленіп жиып күшін,  
Ақтарып тағы шықты үйдің ішін.  
Інісі ешбір жерде көрінбейді,  
Азаппен жетіп еді-ау бұлар үшін.

Байқады екеуі де таяуда өлген,  
Тәндері сасып, іріп бүлінбеген,  
"Қайда екен жалғыз інім-деп - ойлады,  
Бір пенде табылар ма оны көрген?"

Далаға атып шықты сабыр қылмай,  
Байыздап бір орында қарап тұрмай.  
Ілезде барлық үйді қарап шықты,  
Жылаған қыз, балаға мойын бұрмай.

Шеткі үйде түсі суық екеу отыр,  
Көзінен шүңірейген адам шошыр.  
Қарайды сығырайып қол қалқалап,  
Секілді көрмейтіндей көзі соқыр.



Білдірді інісінің тірі екенін,  
Өзірше өлмегеннің бірі екенін.  
Жүргенін көрген екен өзен жақта,  
Білмейді қалай, қайтып күнелткенін.

Бір жерде өлді ғой деп қылды хауіп,  
Сүрінді басы айналып ауық-ауық.  
Қалжырап су шетінде отыр екен,  
Ауылдан жырақ жерден алды тауып.

Жас жігіт он жетіге биыл келген,  
Асанның бар туысы соңына ерген.  
Екі-үш жыл қашық жерде оқуда боп,  
Туысын өзер тауып, жаңа көрген.

Жазда да үйге қайтып келе алмайтын,  
Жер алыс, мезгілінде жете алмайтын.  
Ел-жұртын, өскен жерін сағынса да,  
Жайраңдап жарқын келіп көре алмайтын.

Калада қалар болса қайтпай елге,  
Достары алып кетер таяу жерге.  
Қосылып сауық құрып жүрер еді,  
Құс атып, балық аулап өзен, көлде.



Көргенде достарының бау-бақшасын,  
Құмартып көзі тоймай қызығатын.  
"Орыстар еңбек сүйгіш халық-ау, - деп,  
Білетін мезгілінде тынығатын.

Қазақ та кәсіп бар ма малдан басқа,  
Мал ғана киер киім, ішер ас та.  
Жұт болып, ақ сүйек боп қырылғанда,  
Кедей боп шыға келер қара қасқа.

Болса егер біздерде де еккен егін,  
Молшылық болар еді бәрі тегін.  
Астығы орнын басып толтырмай ма,  
Білдірмей жоқшылықты, малдың кемін.

Осылай жүруші еді Асан ойлап,  
Бәрін де елге келіп жолға қоймақ.  
Бүгінде күйреп жатқан халқы мынау,  
Сұм тағдыр аямастан бәрін жоймақ.

Отырды інісін кеп құшып сүйіп,  
Дем алып өксігі мен жасын тиып,  
Көңіліне күш беретін демеу болып,  
Басылды жеңілденіп іште күйік.



Жер екен осы қоныс соңғы қонған,  
Қаптаған белсендіге ауыл толған,  
Малға да, адамға да қамшы үйіріп,  
Алыпты соңғы малын тартып қолдан.

Сорлы жұрт жаяу қалған қайда бармақ?  
Малы жоқ ішер асты қайдан алмақ?  
Кетіпті үй-күйлерін тегіс тастап,  
Құр босып қалмақ болып жанын қармап.

Кете алмай ауру-сырқау, кәрі қалған,  
Тағдырды көрейік деп құдай салған.  
Көбісі ай далада көзін жұмған,  
Жете алмай ешбір жерге ойына алған.

Екеуі күн кешкіре келе жатты,  
Бет алып тігулі үйлер-ауыл жақты,  
Шалынды ащ<sup>і</sup> дауыс құлағына,  
Естіліп таянғанда тіпті қатты.

Жүгірді Асан ұшып жан аямай,  
'Дауыс - деп - ынғайсыздау мынау қалай?'  
Талықсып қыздың даусы тағы шықты,  
Біреулер буындырып жатқан жандай.



Айғайлап кіріп келді "Мынау не?" - деп,  
Жас лақтай бауыздаған баланы кеп.  
Қыздың да қол аяғын буып қойған,  
Оған да таяныпты пышақ кезеп.

Әуелі Асан сасып тұрып қалды,  
Істерлік айла-тәсіл құрып қалды.  
Бойына күш-қуатын жиып алып,  
Екеуін қозғалдырмай ұрып қалды.

Қыбырлап орнынан тұра алмады,  
Көз салып мойындарын бұра алмады.  
Адамда ісі қара күш қала ма?  
Қарсылық біреуі де қыла алмады.

"Масқара адамды енді адам жеген,  
Мұндайды қай қазақтың көзі көрген,  
Қорғаштап бірін-бірі сақтаушы еді,  
Хауіпті елең қылмай басқа төнген.

Аштық-ай, адамды енді аң қылдың ба?  
Көрсетіп масқараны бір тындың ба?  
Жұрдай қып ар-намыстан отырмысың,  
Жусатып қоя салмай құр қырдың да.



Ен жайлап мекендейтін жерім қайда?  
Қаз, үйрек, аққу қонған көлім қайда?  
Адыра қалғаның ба ақырында  
Иесіз қайран мекен қалып жайға.

Қолынан аш-арықтың не келеді?  
Еш адам ел екен деп елемеді.  
Тып-типыл тұқым болмай жусап қалса,  
Халық боп енді қалай теңеледі?

Біржола бұл өмірден көшкені ме?  
Із-түз жоқ орны қалмай өшкені ме?  
Қайда жүр ел бастаған көсемдерім,  
Бір жәрдем беру жолын шешпеді ме?

Деп ойлап, басы айналып құлап түсті,  
Адамда дерт бола ма ойдан күшті?  
Күйдіріп, алаулатып тұла бойын,  
Бір жалын шарпып жатыр өртеп ішті.

### ҚАЙҒЫЛЫ КЕЗДЕСУ

Бозарып жер дүниенің өңі қашқан,  
Шөпті де, өлікті де қырау басқан.  
Суық күн тұла бойды бүрістіріп,  
Адамға жау боп тиді жүрген аштан.



Аштықты ойлатпаудың бір амалы,  
Лаулатып күші жетсе от жағады.  
Қайнатып таба алғаны қара көже,  
Отырып алқа-қотан жылынады.

Алғаны зорға жинап мысық құйрық,  
Құдайым аш адамға қылған бұйрық.  
Қатықсыз көжесінің тұзы да жоқ,  
Барады ішкен сайын тіл үйіріп.

Аударып қоныстарын туған елден,  
Жері осы арман қылып іздеп келген.  
Өйтеуір жан шығармай әл болсын деп,  
Қарамық, бидай, тары бәрін жеген.

Мәз болып қуанады таба алғаны,  
Қалжырап жүдей түсер құр қалғаны.  
"Жұдырық жығылғанға" дегендейін  
Көбісі жүрек жалғар нәр таппады.

Жылынып аз болса да қорек алып,  
Отырды бір топ адам қаужаңдасып,  
Келгенін үстеріне білмей қалды,  
Асанды сәлем берген амандасып.



Бәрі де мүлгіп-қалғып отырған жан,  
Діңкелеп, өлі құрып қалжыраған.  
Арыған ақша беті, өңі солып,  
Бойжеткен көзін тікті болып аң-таң.

"Япырау мынау келген Асан ба?" - деп,  
Барады шүңірейген көзімен жеп,  
Орнынан екі ұмтылып тұра алмады,  
Анықтап көрейін деп таянып кеп.

Көзіне жыласа да жас келмеді,  
Өткен күн сағым болып елестеді,  
Күйдіріп, іші бауырын жалындатып,  
Тек қана тұла бойын дерт кернеді.

Еске алды кезеңдерін бірге жүрген,  
Қызықты думандатып бірге көрген.

"Бал жұтқан тіл үшімен қайран күндер,  
Дариға-ай, - деп ойлады, - кетті-ау мүлдем."

Ғашығын Асан көріп танымай тұр,  
Кім жүдеп, кімдер бүгін арымай тұр.  
Аруда өң сақталып, түр қала ма?  
Нәр татып, ішер асқа жарымай тұр?



Ағасы амандасты мұны танып,  
Хал жайін сұрап алды әбден анық.  
Жылады кемсеңдеп кеп сырын айтып,  
'Жүрміз-деп - болар - болмас зорға шалып.

Тамақтан өткенінің бәрін жедік,  
Ішінде адал-арам бар демедік.  
Қаужайтын енді бүгін тышқан бар ма?  
Бір тойған күніміз жоқ масақ теріп.

Қалжырап анау жатқан қарындасым,  
Көтеріп ала алмайды жерден басын.  
Қиналам көз алдымда сөнгеніне,  
Шара жоқ қолдан келер не қыласың?

Аштық, дерт бойға сіңген қатар келіп,  
Меңдетіп тұралатып алды жеңіп.  
Денеге қуат берер тамақ бар ма?  
Барады әлі кетіп, күнде семіп.

Осылай мұңын айтып жауап қатты,  
Бұл сөзді қарындасы тыңдап жатты.  
Орнынан бас көтеріп тұра алмады,  
Қиналтып, дерттендіріп жанға батты.



Ойланып ауыр күйін қатты налып,  
Кенеттен көзін жұмып кетті талып.  
Ағасы басын сүйеп пәйек болып,  
Отырды жасын төгіп алдына алып.

Қасына Асан келді зорға танып,  
"Япырай, Гүлжан ба -деп мынау анық?  
Қалжырап, қу сүйек боп, өңі қашып,  
Аруақтай адам шошыр кеткен арып".

"Қош бол, - деп ыңырсыды - ағатайым,  
Қылмаңыз өлсемдағы мені уайым.  
Айырылып бар туыстан жұрдай болып,  
Барасыз жалғыз қалып, не қылайын?

Асан да, сен де қош бол не айтайын,  
Мінеки, көріп тұрсың менің жайым,  
Мақшарда қосылуға нәсіп болсын,  
Пана боп, аман сақтап бір құдайым.

Деді де, иек қағып көзін жұмды,  
Жым-жырт боп дыбыс шықпай бәрі тынды.  
Бүгінде дауыс қойып кім жылайды,  
Бетіне жасын төгіп қарап тұрды.



Сүйгені серт байласып, қөңіл қосып,  
Қанша жыл оқыса да мұны тосып.  
Қаңбақтай жел айдаған ерік болмай,  
Жері осы зорға жетіп, келген босып.

Орнаған қалың елге қара түнек,  
Тоқтамай қоюланып барады үдеп.  
Асанға қатты тиген соққы болып,  
Жөнелді зорға жылжып, жаны жүдеп.

#### БОРАНДЫ ДАЛАДА

Ақ боран тынбай соғып гүілдеген,  
Бір қара көзге түсіп ілінбеген.  
Соққан жел ішін тартып ышқынады,  
Жүрегін жолаушының тілгілеген.

Мөз болып қуанады қан жұтқанға,  
Өлікті қар астына көп тыққанға.  
Құртса да талай жанды тояр емес,  
Қатал жау мейірленіп жөн ұққан ба?

Қаз-қатар жол бойында жатқан өлік,  
Келеді үш жолаушы бәрін көріп.  
Тепкілеп аяғымен қалың қарды,  
Кетеді әлі келсе Асан көміп.



Жүргізбей оппы қарлар жолды басып,  
Суық жел бет қаратпай ызғар шашып.  
Жеткендей титығына жаяулардың,  
Ұйтқиды қараттырмай көзін ашып.

Асанның бір қараны көзі шалды,  
"Бұда бір бейшара-ау" - деп ойлап қалды.  
Таянып неде болса бармақ болып,  
Бойына күш-қуатын жиып алды.

Көтерем әлі кеткен жаяу шығар,  
Жүрісі қалжау жанның баяу шығар.  
Жақындап бағанадан бір келмейді,  
Жығылып құлауға да таяу шығар.

Деп ойлап жақындады қарайғанға,  
Қозғалып ұқсамайды тірі жанға.  
Әйелдің кеуде жағы көрінеді,  
Шаншылып белуардан батқан қарға.

Көрінді қыр мұрыны, қара қасы,  
Жайылып желпілдеген қара шашы.  
Секілді желге қарсы қарап тұрған,  
Жалаңаш орамалсыз қара басы.

О, сұмдық қарақшы ғып қадап қойған,  
Біреу ғой мазақ қылып қарны тойған.  
Жасырмай қар болса да бетін жауып,  
Жұрдай боп адамдықтың бәрін жойған.

Кей сұмдар өлікті де қылған мазақ,  
Аздай-ақ тірлігінде көрген азап.  
Соншама қорлайтындай жазығы не?  
Дүниеде болады екен нелер ғажап.

Тоқтаусыз қарды қуып жел үрлеген,  
Қалың қар аяқ шалып жол бермеген.  
Қайғылы қара күннің куәсіндей,  
Қара шаш қара тудай желбіреген.

Адамның жібергендей жанын ұрып,  
Назарын жолаушының алды бұрып.  
Қасына үшеуі де таянып кеп,  
Сілейіп, естері ауып қалды тұрып.

Адамды шаншып қойған айқын көріп,  
Таниды қыз апасын қалған өліп.  
Өзінен түр-пішіні аумай-ақ тұр,  
Бітер ме екеуіне бірдей көрік?..

Анадан бірге туған егіз жандай,  
Асан тұр қайран қалып қағып таңдай.  
Қарайды кезек-кезек салыстыра,  
Ұқсастық таңғажайып біткен қандай!

Тулады туысқандық жұрек күшті.  
Жандырып алаулатып күйдірді ішті.  
Еңіреп естен танып апатайлап,  
Құшақтап "қарақшыны" құлап түсті.

#### ТҮЙНЕКТІ ТҮЙІНДЕР

Денеге қайғы да өтті, суық та өтті,  
Үшеуін аштық жеңіп, тым жүдетті.  
Әйтеуір айдалада үсіп қалмай,  
Армандап көптен күткен жерге жетті.

Асанды алып ұрды ауру меңдеп,  
Қарайтын адам бар ма бағып, емдеп?  
Сырқаты күн-күн сайын салмақтанып,  
Жиғызбай есі-тұсын кетті дендеп.

Шақырып екі жасты қасына алды,  
Мұңлы оймен тесіле кеп көзін салды.  
Жетелі тұншықтырып сөйлей алмай,  
Қысылып біразырақ тұрып қалды.



"Дүниеден өттім жылап, қайғы тартып,  
Күйдіріп тұла бойды алды шарпып.  
Қырылып туған елің құрып жатса,  
Неңдей дерт болар дейсің мұнан артық.

Бере алмай жәрдем қылып қолдың ұшын,  
Жүргенің қорлық екен жетпей күшің.  
Қалайын екеуіңе сырымды айтып,  
Аз ғана сая тапсын күйген ішім.

Ел едік еркін өсіп аңқылдаған,  
Сайрандап сары даланы сәмпылдаған.  
Келсе де қанша қонақ малын сойып,  
Жиналып дастарқаны тартылмаған.

Еншіміз еш уақытта бөлінбеген,  
Бар дәмін күліп-ойнап бөліп жеген.  
Ашық қол, ақ пейілді қайран халқым,  
Жатырсың жапа шегіп не мінезден?

Қарсы алып, құшақ жайып келген жанды,  
Алдына әкеп қойған қолда барды.  
Дос көрген алысты да жақынды да,  
Қонақжай сорлы басы қайда қалды?



Сенделіп, есеңгіреп күні қараң,  
Қоштасты бұл өмірмен талай адам.  
Ел болып есін жияр күн туар ма?  
Мазам жоқ, осыны ойлап көңілім алаң.

Бұрынғы "Ақтабаннан" мынау жаман,  
Бүгінде есебі жоқ қырылған жан.  
Күйзелсе онда жаудың жеткен жері,  
Бұл күнде жер болмай тұр қалған аман.

Айтуға бұл сұмдықты тіл жетпейді,  
Тек қана уландырып жанды жейді.  
Халықты үн шығартпай типыл қылған,  
Еш апат бұл апатқа тең келмейді.

Мен өзім өлгеніме өкінбеймін,  
Қалсын деп қара басым қам жемеймін.  
Жойылып біржолата құрып кетпей,  
Ел-жұрттан өсер ұрпақ қалса деймін".

Деді де талмаусырап көзін жұмды,  
Айта алмай жалғастырып басқа сырды.  
Болмайтын ешбір ұмыт көргендері,  
Елестеп көз алдына келіп тұрды.



Желпілдеп қарақшының қара шашы,  
Көрінді туған айдай қара қасы.  
"Ағатай, құтқаршы, - деп мынау өрттен".  
Төгілді бұлақтай боп көзден жасы.

Қара шаш түтін болып лап-лап етті,  
От болып күйдіреді екі бетті.  
Алаулап мал да, адам да жанып жатыр,  
Көрмеген Асан бұрын мұндай кепті.

Өлемді бір қалың өрт қаптап кетті,  
Жандырып бар денесін шарпып өтті.  
Байғұсты жанып тұрған құтқарам деп,  
Жанына жанын қинап өзгер жетті.

Құлады әлі кетіп, шаршап талып,  
Шырылдап әйел байғұс жатыр жанып,  
Өзі де бірге күйіп кете барды,  
Шығам деп жәрдем қылып өрттен алып.

Бір кезде шүңірейіп екі көзі,  
Адамды шошындырып айтқан сөзі.  
Жетектеп Гүлжан артқа сүйретеді,  
Күш бермей еш адамға жалғыз өзі.



Саудырап, қу сүйек боп қалған қаңқа,  
Жұлқиды үңірейген көрге тарта.  
Ұстаған қолдарынан от шығады,  
Сүйекті сындырғандай сырқырата.

Қысылып шошынғаннан көзін ашты,  
Денесі қызып-жанып жанталасты.  
"Аман боп енді осылар қалса екен" - деп  
ішінен тілеп жатты екі жасты.

Бекер ме бүкіл елді өрт шалғаны?  
Шарпылмай, жан-тән күймей кім қалмады?  
Қайғырып дүниеден Асан өтті,  
Ел болып көкейінде бар арманы.

Осылай көзін жұмды талай боздақ,  
Тек қана мұңын шағып, зарын қозғап.  
Айырылған енесінен ботадай боп,  
Қан жұтып, жасын төгіп өтті боздап.

Ақша бет уылжыған ару да өлді,  
Мейірімді аналарға қайғы төнді.  
Бұқтырған қорғалатып қояндай ғып,  
Амалсыз ажалға да халық көнді.



Жоқ шығар мұндай сұмдық халық көрген,  
Үркердей адам қалды қалың елден,  
Бірі де, "Елім-ай" деп қоштаса алмай,  
Бұлығып соның бәрі үнсіз өлген.

Кеткен жұрт өз еліне қайтып қонбас,  
Ұрпақсыз өшкендердің орны толмас.  
Калмаған жұртта жұрнақ, артта тұяқ.  
Күйзелген кептің күйін айтып болмас.

Қырылып қалмағанда сонша күйреп,  
Кетпес ек кең далада мұнша сиреп.  
Туысқа жат жерлерге ауып кеткен,  
Тұрады жаның ашып, бұрып бүйрек.

Мешін жыл титықтатып түпке жетті,  
Қазақтың содан бастап сәні кетті.  
Айырылып тілден, діннен, жақсы әдеттен,  
Құрдымға түбі терең бұрды бетті.

Бұл күнде дүниеге тұрсам қарап,  
Мұңлы ойға батып кетем нелер ғажап,  
Күйігі босқындардың бойды алдырар,  
Әлемге тарыдай боп кеткен тарап.



Көп адам амалсыздан шетке кеткен,  
Монғол, Қытай, Түркия - бәріне өткен.  
Тағдырға налимын да күңіренемін,  
Халықты қырып-жойып тентіреткен.

Есітісем тітірентіп тұла бойды,  
Зарлы әуен құлағымнан кетпей қойды,  
Жырладым аруақтармен бірге жылап,  
Ұйқысыз түн өткізіп бөліп ойды.

Талайдың орны құрып, оттары өшкен,  
Қайғының ең ауыры бастан кешкен.  
Өтсе де жылдар зулап, ғасыр толып,  
Шығар ма ұмыт болып өмірі естен.


Қазақты тұралатып құртып кеткен,  
Емі жоқ дерт болды ғой түпке жеткен.  
Сампылдап туған жерде самсап жүрсек,  
Үніміз шықпас па еді біздің де өктем.





ЖАНДАР БАТЫР  
ДАСТАН





Қазақпыз басымыздан не кешпеген,  
Күн болған мұз жастанып, бел шешпеген.  
Түскенде ел тағдыры таразыға,  
Жау бар ма жаға жыртып белдеспеген.  
Шайқасып бір-бірімен қазақ-қалмақ  
Аямай не түссе де жұтқан жалмап.  
Қауып боп қадам басса аяқ асты  
Қалу да қиын еді жанды қармап.  
Қыспаққа түсіп жұрді қазақ елі,  
Тапталып кейде жауға туған жері.  
Көрсен де адам төзбес ауырлықтан  
Қалған жоқ беті қайтып, сынып белі.  
Ол кезде алысқанмен алысатын,  
Қаймықпай шабысқанмен шабысатын.  
Қорғаған ар-намысын жан берсе де  
Қорлатып көрген емес қазақ атын.  
Жау жүрек батыр да өткен, билер де  
өткен,

істері аңыз болып бізге жеткен  
Демей ме жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар  
Кім туып, кім шықпайды калың көптен.  
Айтарым осылардың бірі ғана,  
Күш салып, елін қорғап, болған пана.  
Өңгіме көп аузында жүрген тарап,  
Жырлайын естігенді келсе шама.  
Бұл істің біздің жерде болғаны рас,  
Еш адам күдіктеніп, шүбә қылмас.



Халқы үшін жан қиюға дайын тұрған  
Ескіріп ер есімі естен шықпас.

### ҚАҢТАРЫЛУ

Көп қалмақ жөңки көшкен елден ауып,  
Алмақ боп жайлы қоныс, мекен тауып.  
Арқаға алыстағы көз тастаған,  
Елдерді жолындағы алған шауып.  
Нұраны көріп олар күміс сулы,  
Көк құрақ талдары өскен қалың нуды,  
Шетінен түгін тартсаң май шығатын  
Бұл жерде мекендеуге белін буды.  
Байқады биік тұрған Карттың тауын,  
Алғандай әдемі жер көздің жауын,  
Сай-сайдан мөлдіреген бұлақ ағып  
Көрді оның сәуле беріп жарқырауын.  
Нұраға құйылады Есенкелді  
Көктемде басып өтіп талай белді.  
Жер екен малға жайлы шөбі шүйгін  
Мұны да көшкен елдің көзі көрді.  
Нұраның жиегінде жеке төбе,  
Көп жұрттың көзін көрген өзі көне,  
Өткенге ертедегі куә боп тұр,  
Дәл мұны жай төбенің бірі деме.  
Өзенге іргесінде ел қонатын,  
Басынан карауылдап жер шалатын  
Қарайтын жау да, дос та жан-жағына,  
"Карауыл төбе" дейді оның атын.



Жау қонды қанат жайып етегіне,  
Жеткендей туып-өскен мекеніне.  
Мал сойып мәре-сәре болып жатыр  
Көз жетіп жердің жайлы екеніне.  
Нелер жау кездесе де бір иілмей,  
Көшкен ел жарақтанып тас түйіндей.  
Бәріне басшы болып нояндары,  
Келеді әлі күнге бір сүрінбей.  
Ел үркіп маңайдағы көшіп кетті,  
Білмейді сасқалақтап барар бетті.  
"Ортаға қалың қалмақ жау келді", -деп  
Суық сөз талай жерді шарлап өтті.  
Кенеттен жұрт дүрлігіп дабыл ұрған,  
Жер жарған дауыс шықты "Аттандаған"  
Қорғамай елін, жерін кім жатады,  
Бірі жоқ ер жігіттің үйде қалған.  
Тұр еді төбе үстінде бір салт атты,  
Шаңдатқан көкжиекке қарап қапты.  
Көрді де қалың топты суыт келген  
Ноянға хабарлауға тұра шапты.  
Катерсіз жатқан қалмақ тиыш қана,  
Өп сәтте дайын болды жарақтана.  
Жарқылдап болат найза, алмас қылыш,  
Сап түзеп тұра қалды рухтана.  
Кешікпей жасақты қол асып қырдан,  
Таянды жер шетіне қалмақ тұрған,  
Бөлініп төрт-бес адам елшілікке  
Жауменен тілдесуге кеңес құрған.



Жиналды екі жақтан оншақты адам,  
Ортада басын қосып, шығып саптан.  
Арындап бірін-бірі сөзбен шалып,  
Әйтеуір соғыспаудың жолын тапқан.  
Сынамақ күштілерді жекпе-жекте,  
Салмақты түсірмей-ақ тұрған көпке.  
Батыры кімнің жеңсе жер соныкі  
Дәл мұндай әділ іске болмас өкпе.  
Келісті екі жақта белді байлап,  
Қалмақтан **шықты** бір дәу қару сайлап.  
Секілді қара бура көбік шашқан,  
Тістерін сақылдатар көзі жайнап.  
Үркітіп сескіндірер түсі суық,  
Маңына баралмастай таяп жуық.  
Ақырар арыстандай айбат шегіп,  
Ажалға кім барады белін буып.  
Қазақтан шықпады ешкім қаптап келген,  
Сескеніп, дірілдеді оны көрген.  
Бұлығып, намыстанып біреулер жұр,  
"Мұнан да жақсы еді, - деп, - соғыста  
өлген"

Сақылдап дәл ортаға шықты шешен,  
Сөзбен де, ақылмен де болған көсем.  
"Табыңдар бір батырды не кылсаң да  
Елінің, қалың жұрттың қамын жеген,  
Бір мықты жүректіні көрген бар ма,  
Толғанып көріңдерші ойыңа ал да.  
Айрылып ата-мекен, туған жерден



Апыр-ай кеттік пе біз құр арманда?  
Сөйледі намыс буып жыламсырап,  
Ерлерді маңайдағы тұрды сұрап.  
Қасына "алдиярлап" жетіп келді,  
Бір жігіт топ шетінде тұрған жырақ.  
"Айтайын бір адамды сұрасаңыз,  
Баяндап, суреттейін ұнатсаңыз.  
Теңесер оған күшті жан көрмедім,  
Палуанның алып тұлға өзі нағыз.  
Руы - Мәмбет елі, аты Жандар.  
Онда жоқ құлық-сұмдық кісіні алдар,  
Жүреді бабыменен балпаң басып,  
Аңқаулық мінезіне жұрт таң қалар.  
Қысы-жаз түспейді үстен жарғақ тоны,  
Үйі мен мал арасы жүрер жолы.  
Мінеді жолдан ұстап шу асауды,  
Бұлқынтып тырп еткізбей басып оны.  
Құдыққа тайғанақтап түскен нарды,  
Суырып арқан байлап өзі-ақ алды.  
Бөріні қойға түскен қорадағы,  
Шап беріп ұстағанын көзім шалды.  
Жүргенде құлын байлап, желі құрып,  
Тоқпақпен көрген емес қазық ұрып.  
Қолымен жерге терең батырады,  
Тіземен нығырлайды тағығұрып.  
Бажайлап айтып еді батыр жайын,  
Жұрт тыңдап ұйып тұрды айтқан сайын.  
Жілігін ту түйенің қолмен бұрап



Оп-оңай алады екен оның майын.  
Кезі жоқ абыржыған асып-сасып,  
Қалмайды қиындықтан қажып-жасып.  
Көрмеген жазда ыстықтап, қыста тоңып,  
Болыпты сары аязда кеудесі ашық.  
Маңына жоламаған ұры-қары,  
Жүреді көбі қорқып одан әрі.  
Сенгендер өз әліне кездеспесе,  
Сескенер мұны білген жұрттың бәрі.  
Жүріпті бір түн өзі жылқы жайлап,  
Таратпай некен-саяқ шоқтап айдап,  
Ұрылар сарт-сұрт ұрып сойылменен  
Жалғызды ортаға алып тиді айғайлап.  
Секілді көпті көрген жырынды жау,  
Түрі жоқ жіберетін мұны аман-сау.  
Мардымсыз қаруы жоқ жаңғыз жанға  
Бәрі де ортаға алып келді таяу.  
Жақын кеп шаужайынан ұстай алды,  
Аямай бас-көз демей ұрып қалды.  
Екеуін ат үстінен жұлып алып,  
Шыңғыртып тақымына қыса салды,  
Тұрған жоқ Жандар батыр әлі сасып,  
Қозғалды атқа қамшы енді басып,  
Айғайлап қалғанына ұмтылғанда,  
Бәрі де бет-бетімен кетті қашып.  
Осылай тәмәмдады әңгімесін  
Тамсанып кетіргендей елдің есін.  
Қос атпен алдыруға дайындатты,



Тоқталып бөгеледі енді несін?  
Қуанды естіген жұрт көңілі өсіп,  
Кім қимақ туған жерін - алтын бесік.  
Жігітті қос атпенен аттандырды  
"Колдай көр құдай өзің, аруақ" десіп.  
Хабаршы суыт жүріп түспей аттан,  
Таппақшы оны Аймысық - Көккөз жақтан.  
Ер Жандар жайлауында жүре тұрсын,  
Қалмақтан сөз қозғайық мұнда жатқан.

### ШЕШІЛГЕН ТҮЙІН

Сестенді қалмақ тегіс туын тігіп,  
"Қазақтар қалды ғой, - деп, - тізе бүгіп,  
Ер жүрек бір адамы көрінбейді  
Сорлылар отыр-ау, деп - бәрі бұғып.  
Таба алмай жауға шығар бір адамды,  
Ұятқа масқара боп қазақ қалды.  
"Сабыр қып бір-екі күн күтіңдер", - деп  
Қалмаққа жалынғандай кісі салды.  
Деді олар: "Қарап текке құр жатпайық,  
Тұрсақ біз көңілденіп болмас айып.  
Байқайық айғыр бұқа таластырып,  
Оны да жиналған жұрт көрсе лайық.  
Соғыспай адам жеңсе жер алады,  
Иемденіп мынау жатқан кең даланы.  
Жеңгенге жеңілген жақ бәйге берсін,  
Хайуандар неге үлестен құр қалады?  
Ұстады арқыратып айғырларды.

Шарқ ұрған аласұрып тоқпақ жалды.  
Бетпе-бет басын қосып жібергенде  
Ойнақтап, дөңгеленіп асыр салды.  
Қалмақтан келген айғыр қара қасқа  
Тұлғасы жануардың біткен басқа.  
Қазақтың әкелгені күрең айғыр,  
Ылайық денесі бар бұл шайқасқа.  
Ойқтастап бір-біріне таяу келмей,  
Жүрді олар иесіне ырық бермей,  
Айғырға қалмақ қатты дауыстады,  
"Айтқанға кетеді, - деп - қалай көнбей".  
Күреңге кара қасқа таяу барды,  
Атылып оқтай ұшып ауыз салды.  
Таласқан жан аямас басталды айқас,  
Көресің көтерілген көкке шаңды.  
Жұлқысып, жанталасып шұрқырайды,  
Үстінен буы шығып бұрқырайды.  
Шуласып екі жақ та азан-қазан,  
Толқындап бір орында тұра алмайды.  
Ақ көбік үсті-басын тозаң басты,  
Терменен қан сорғалап араласты.  
Шыдамай тепкініне қасқа айғырдың,  
Ақсаңдап күрең айғыр тұра қашты.  
Қалмақтық шыға келді мысы басып,  
Қуанып көңілдері қалды тасып,  
Бәрі де бәйгені алып мез болып тұр.  
Айғайлап бір-біріне шуылдасып.  
Мез болып өз жағына олар кетті,



Жүріспен ырду-дырду бір күн өтті.  
Қызықтап айғырларды күні бойы,  
Сынасар бұқаға да кезек жетті.  
Айқаспақ мұнан кейін кошқар, теке,  
Күш сынап батырларша жекпе-жекте.  
Құр жатпай маза кетіп елеңдеумен,  
Ұнаған ермек болды жиын көпке.  
Жиналды сәске түсте тағы халық,  
Жетектеп бұқаларын ортаға алып.  
Айқасы екеуінің басталмай-ақ  
Бір дауыс төбе үстінен жетті талып,  
Толқындап жұрт шулады "Келді" - десіп,  
Көңілдер жабырқаған қалды есіп.  
Жандарды құрметпенен түсірді аттан,  
Басынан ұзақ жолды келген кешіп.  
Бажайлап түсіндірді істің жайын,  
Ер Жандар ширай түсті айтқан сайын.  
Сескенбей алысса да, соғысса да,  
Орнынан атып тұрды болып дайын.  
Басында дулыға жоқ, үсте сауыт,  
Жарақсыз жауға бару қандай қауып,  
Сестеніп, айбынды боп киінсін деп,  
Өкелді жылдамдатып бәрін тауып.  
Би ата сөз бастады батырға арнап:  
"Біздерге түсіп тұр, - деп - ауыр салмақ -  
Шешетін ел тағдырын ер боп тұрсың  
Сен жеңсең көшіп кетпек мынау қалмақ.  
Ойы бар мақсатына күшпен жетпек,



Соғыссақ бізді тегіс талқан етпек.  
Қарамай жан-жағына жан бар-ау деп,  
Келгенін көрмеймісің баса-көктеп.  
О, жаным, батырының түрі жаман,  
Сен жеңсең болар еді бәрі тәмәм,  
Қозғалмай туған жерде қалар едік  
Бәріміз қаз қалпында есен-аман.  
Орта жүз аз емес қой Арғын, Найман,  
Жайылып кең өлкеге құлаш жайған.  
"Аттан" сап келгеніміз осы болды,  
Аламыз тегіс жинап бәпін қайдан.  
Кәсіп қып бес-он қара малын санап  
Халықпыз сай-салаға кеткен тарап.  
Асынып бес қаруды сайланып бар,  
Тұрмыз ғой үміт етіп саған қарап".  
Осылай сөзін шешен аяқтады,  
Ер Жандар жауап беріп тіл қатпады.  
Өзірлеп сауыт-сайман әкелсе де,  
Бәрін де маңайына жолатпады.  
Кенеттен ызбарланды түсі суып,  
Таянып келместей боп адам жуып,  
Үстіне киіп келген жарғақ тонның  
Ноқтамен мықтап алды белін буып,  
Шоқпарын алып келген қарына іліп,  
Жөнелді жауға қарай атқа мініп.  
"Қарусыз қонақ болып келдің бе" - деп  
Жандарды мазақтады қалмақ күліп,  
Қалмақ:

Не түйреп, өлтірсем де садақ тартып.

Көрдiң бе сенен басым тұрмын артық.  
Мойындап жолды берiп жеңiлдiм деп,  
Кеткенiң жөн болмай ма кейiн қайтып.

Жандар:

Сандалып тұрсың айтып өзiң ненi?  
Соншама кiм едiң сен қорлар менi,  
Орныңнан бас көтерiп тұрмастай ғып,  
Қайтер ең бiр-ақ ұрып кетсем сенi.

Қалмақ:

Жайраттым талай ердi iштен түйреп,  
Қайысып қабырғасы қалған күйреп.  
Асығып ажалыңа келген болсаң  
Сенi де өлтiрейiн итше сүйреп.

Жандар:

Қазақпын бейбiт жүрген "О, құдайлап"  
Бiзде жоқ жалған сөйлеп, серттен таймақ.  
Қан iшiп жүргенiңе дандайсыма,  
Алармын қанжығама сенi байлап.  
Ашумен қалмақ жылдам найза салды,  
Денеге жоннан етiп тиiп калды,  
Оңай ма жанды беру ерегiсте,  
Жып-жылдам дарыттырмай ұстай алды.  
Найзасы шатыр-шұтыр быт-шыт болды,  
Тек қана тәмәмдады жыртып тонды.  
Аударып ат үстiнен алайын деп,  
Жағаға Жандар батыр салды қолды.  
Теңселiп козғалмады қара тастай,  
Калмақ та қайрат қылды қорқып саспай.



Аянбай ат үстінде айқас салды,  
Жұлқысты бір-бірімен күштері аспай.  
Шуласты барлық қазақ "О, құдайлап",  
У да шу , азан-қазан жұрт айқайлап,  
Жаңғырған қазақ, қалмақ дауысынан  
Күңіреніп кеткендей боп барлық аймақ.  
Білмейді кімнің жеңіп, кім қаларын,  
Жыртысты екі батыр жағаларын,  
Ырсылдап жанын сала жұлысады,  
Көрсетіп өзінің бар шамаларын.  
Аттары шомылып тұр қара терге,  
Шыдамай үстіндегі алып ерге,  
Шіреніп мықтап ұстап тартысқанда  
Екеуі аттан құлап түсті жерге.  
Толқыды тағы айғайлап, халық шулап,  
Шаң шықты алысқанда будақ-будақ,  
Көруге бәрі таяу ентелейді,  
Жолатпай қиын болды жұртты қумақ.  
"Шалайық боз қасқаны арнап саған,  
Дүние неге керек мұнан қалған,  
"Құдайым, колдай көр" - деп қуат беріп,  
Күңіренген дауыс шықты "аруақтаған".  
Жандардың күші өсіп, қайраты артып,  
Қалмақты өз ішіне алды тартып.  
Көтеріп дүрс еткізіп алып ұрды,  
"Қолда, - деп - аруақтары Мәмбет,  
Карпық".  
Қазақтың құдай колдап. бағы жанды




Батырды қошаметтеп ортаға алды.  
От жағып, алаулатып, малын сойып  
Ұйқысыз өткізді олар жазғы таңды.  
Жазғы таң рауандап лезде атты,  
Аспанда жұлдыз сөніп, ай да батты.  
Күн шығып қалмақ жаққа қарап еді,  
Адам жоқ, тақыр болған жұрты жатты.  
Қуанды халық жауды жеңдік десіп,  
Қуанған қазақ көңілі желдей есіп,  
Орындап айтқан сезін, берген сертін  
Теп-тегіс бірі қалмай кеткен көшіп.  
Жиналып би алдына бәрі келді,  
Не істеп, не айтса да халық көнді.  
Ортаға дүркіреп жау келгенде,  
Өзі еді "аттандаған", жиып елді  
Би ата: "Бері кел,- деп - дарабозым,  
Жандарға сүйсінгеннен айтты сөзін,  
Қорғадың жауды жеңіп ел намысын,  
Сақтэадың туған жерді жалғыз өзің.  
Шырағым, көзсіз батыр ер екенсің,  
Көрмегейсің жамандық көлеңкесін.  
Мал басың құдай беріп, қатар өсіп,  
Дүниенің саған берсін берекесін.  
Би ата қолын жайып бата берді,  
Қиындық көрмесін, деп, халық енді.  
Береке, бірліктерің сақталсын, - деп,  
Таратты соңына ертіп келген елді.  
Батырға ізгі сөздің бәрі лайық,



Бас имей аруақтарға құр тұрмайық,  
"Жәннәтта жайың болсын ұлы ата", - деп  
Дастанды қолды жайып тәмәмдайық.

Соңы.





**БОРАНДЫ ЖЕҢГЕН БАТЫР  
БАЛЛАДА**



Аппақ шексіз далада,  
Соғып тұр боран басылмай,  
Ышқынып кейде қалама,  
Ұлиды кейде қасқырдай.

Отарымен бірге ығып,  
Келеді қойшы күні - түн...  
Кетті шетке бір шығып,  
Көмекке келмек бұған кім?

Шығын қылмай бірін де,  
Сақтап қалмақ тілегі.  
Мейрім жоқ боран түрінде,  
Жел мен қар ғой жүрегі.

Жалғыз өзі алысып,  
Койдың алдын бөгейді.  
Аяқтары шалысып,  
Ұшқан қойы көбейді.

Бірін де ашық тастамай,  
Карға көміп барады.  
Кеткенін ұзақ тастамай,  
Кайырып зорға алады.



Аш бөрілер жалақтап,  
Мазаны қатты алады.  
Кетпек болып тамақтап,  
Аузын қойға салады.

Емін - еркін кірісті,  
Қойшыны енді жан демей...  
Тоқтатарлық бұл істі  
Маңайда адам бар демей.

Қойшы да көріп бұл істі,  
Көзі қанға толады.  
Бойға жиып бар күшті,  
Шоқпармен бірін соғады.

Өз қолына өзі енді,  
Сүйсінгендей болады.  
Бойға тасып күш енді,  
Бөрілер қайтып оңады.

Екі - үшеуі шоңкиып,  
Қан болып аузы, құлады.  
Әйтсе де сауы күш жиып,  
Қойшыға қарсы шығады.



Ашулы намыс бой қысып,  
Шоқпармен сілтеп қалады.  
Ең соңғысы қар құшып,  
Шоңқиып барып құлады.

Не болса да, жауларын  
Жеңіп шыққан секілді.  
Қойының жиып сауларын,  
Паналау жерге бекіді.

Тиседе бәрі күшіне,  
Көп уақыт көзін ілмеді.  
Әр қарай өң бе, түсі ме  
Өзі де айқын білмеді.

Көзін ашса бір кезде.  
Аппақ төсек, жарық үй...  
Жаңа келіп ол сөзге,  
"Болған - деді, - қандай күй?".

Болған істі баяндап,  
Қасында дәрігер күліп тұр.  
Басқа адамдар аялдап,  
Топтанып таяп келіп тұр.



"Нағыз батыр өзің", - деп  
Қолдарын тегіс беріп тұр.  
"Қуанар бұл кезің", - деп  
Бәріне шаттық еніп тұр,

"Боранды жеңген батыр", деп,  
Атағы кетті жайылып.  
Қойларын қайра түгендеп,  
Өндетіп жүр қайырып.



# ӨЛЕҢДЕР





## АМАНТАУ

Амантау - жер жанатты, төбең биік,  
Құрметтеп мекен қылған халқы сүйіп.  
Дәм татып, шын сырларын білген адам  
Кетпейді басқа жаққа мұны қиып,

Орнығып ата - бабам туып өскен,  
Қызықты, қиындықты бастан кешкен.  
Мен қалай басымды иіп сыйламайын,  
Жерімді жарық көріп, кіндік кескен.

Жүгіріп жас балалар қызық көріп,  
Қуанып мәз болады жидек теріп.  
Қызарар балақ, жеңі қан жұққандай,  
Жидекті көк шалғынға кетсе еніп.

Желкілдеп тау жуасы тау басында,  
Секілді таққан жолақ қыз шашына.  
Ыстықта жұлып жесең қанар мейірің,  
Қалады бойың ширап, шөл басыла.

Ісіне сарымсақтың не тең келсін,  
Жазатын сырқатыңды дәрі дерсің.  
Тұздықтап етке қосып бере қалса,  
Дәл мұндай тағам жоқ,- деп сүйсінерсің.



Еш адам дей алмайды мұны бекер,  
Бұлағы балмұздақтай қосқан шекер.  
Аптапта отыра қап бірер жұтса,  
Сусынды айта алмайсың бұған жетер.

Сай-сайда мәуелеген қайың терек,  
Жеріне сән береді елден ерек.  
Табиғат жомарттықпен өзі орнатқан,  
Сая іздеп мұнан өзге неге керек?|

Адамның қолдан салған бағындай-ақ,  
Аңкиды жұпар исі келсең таяп.  
Қараған, тобылғы, тал сыңсып өсіп,  
Тобылғы қамшыға сап, болған таяқ.

Мөп - мөлдір таза бұлақ сылдыр қағып,  
Басына көк құрақтан үкі тағып.  
Қойды іздеп өрістегі асыққандай,  
Айнадай сәуле шашып шығар ағып.

Жайылып жатқан тарап калың төбе,  
Ескінің көзін көрген бәрі көне,  
Тай, құлын жарыстырып атам өскен.  
Толғанып ойға алмайын мұны неге?



Тым ыстық өзім туған осы мекен,  
Не асыл бұған тең боп жетер ме екен.  
Жүгірген жуа теріп, тау аралап,  
Болашақ өмірі естен кетер ме екен.

Ақтылы қойы төлдеп өсіп жатқан,  
Шетінен бәрі семіз, егіз тапқан.  
Көремін Амантаудың баурайынан,  
Қысы - жаз ырысты елді малын баққан.

Қойменен бірге ереді қаптап киік,  
Жатады кең өлкеге бәрі сиып.  
Шошымай емін - еркін жайылады,  
Мұны да үркітпейді ешкім тиіп.

Төбенің түсе беріс етегінде,  
Аты тұр қарда шылбыр жетегінде,  
Қол бұлғап кәрі қойшы шақырады,  
Қарамай енді бұған кетемін бе?

Шанқай түс. Қойлар тегіс төмен түскен.  
От жатыр сөнбей әлі, тамақ піскен,  
Жас қойшы қызараңдап сүт әкелді,  
Ыдысқа қайта құйып өздері ішкен.



"Үрікпей қасымызға таяу келші,  
Ұялмай деді маған ішіп көрші.  
Қойлардың қою сүті деген осы,  
Дәміне өзің айтып баға берші".

Кетпейтін ауызымнан дәмі қандай,,  
Тамсандым қайта-қайта қағып таңдай.  
Ойландым мұны да бір дәрі ғой деп,  
Кететін ішкен жанның дерті қалмай.

Қойлардың еті де асыл, сүті де асыл,  
Халыққа несіп болған талай ғасыр.  
Бүгінде үркітетін бөрі де жоқ,  
Кезең ғой ел ырысы шалқып тасыр,

Шарлаған ел аралап Асанқайғы,  
"Жер болмас - деген екен, - мұндай  
жайлы".

Көзіме қалың қойлар елестейді  
Мыңғырып қозыны ерткен әрбір сайда,

"Сыймайды-ау салып алсам сауырына,  
Қарамай тау, төбенің ауырына,  
Сорғалап түгін тартсаң май шығады,  
Елі бай мекендеген бауырында."



Басына әр төбенің шығып тұрып,  
Жан - жаққа қарай берген мойын бұрып.  
"Болар ма жылқылары мұндай күйлі,  
Шайлаған тай-құлыны тимей құрық".

Қысында мал жүдемес тебіндегі,  
Арқаның шұрайы екен төріндегі.  
Байланған құлындарын тай ма дерсің,  
Қаз - қатар тұрған күйде желідегі.

Басқа жер мұнан артық көрінбеді,  
Сүйсініп аралауға ерінбеді.  
"Болар-деп қиын - қыстау жұттан аман,  
"Амантау" деп атауы тегін бе еді.



## НҰРА ТУРАЛЫ АҢЫЗ

Нұраның әсем сұлу жағасында,  
Жайқалған құрақ - талдың арасында,  
Дем алып көңілденіп жұрт отырды  
Шаттығы симай тасып шарасына.

Суында қалқып жүзіп үйрек пен қаз,  
Секіріп су ішінде шабақ та мез.  
Балалар су сабалап ойнайды еркін,  
Қуанып жан біткенді көңілді жаз.

Тыңдатып біреу отыр әңгімесін,  
Адамның әңгімемен алып есін.  
Түрлентіп, құбылдырып, даусын кенеп,  
Аңыз ғып айтып отыр ертегісін.

Ертеде Нұра деген қыз болыпты,  
Сол қызды саялап кеп ел қоныпты.  
Бір-ақ та Нұра мұңлы ашпай қабақ,  
Ішіне қайғы, қасірет шер толыпты.

Өркімдер жолығады жаяу келіп,  
Нұраға тәжім етіп сәлем беріп.  
"Япыр-ай, не болған", деп таңданады,  
Өзінен өзі солып, біткен көрік.



Не болған, ару Нұра, саған дейді,  
Басқадан сенің артық бағаң,- дейді.  
Айтсаңшы сырыңды ашып, жасырмай-ақ,  
Көңіліңді не болса да, табам,- дейді.

Не барын ойында оның ел білмейді,  
Жадырап жарқын жүзбен бір күлмейді,  
Жалғыз - ак желмен, бұлтпен сырласады,  
Өзгеге қабақ жазып үндемейді.

Қуаңдап сарғайған кез жердің жүзі,  
Ызғарлы келіп жетті жылдың күзі,  
Тырналар тыраулаған қайтып жатыр,  
Тігілді құстарға кеп Нұра көзі.

"Қай елден келесің, қандай жерден,  
Жалынды, әңгіме айт, - деп естіп, көрген".  
Мұңына мұңлы арудың үн қосқандай,  
Білетін сырын шертіп таяу келген.

"Біз көрдік алып жігіт Ертіс деген,  
Бір маңғаз елдің көптен қамын жеген.  
Қайғырса елмен бірге қайғырады,  
Бейнет жоқ елмен бірге ол көрмеген.



Бұл күнде сенен де ауыр оның мұңы,  
Жігіттің бағы тайып, түсіп құны.  
Жауыр қып күндіз-түні кең жауырынын,  
Салмақтап бай-көпестің артқан пұлы".

Мұны айтып жыл құстары кете барды,  
Құшақтап Нұра қалды қайғы - зарды.  
"Шер тарқап кетер еді қосылсақ"- деп,  
Күндіз - түн ұйқы көрмей, ойға қалды.

Арманы - алыстағы асау Ертіс,  
Кетпеді есінен бір көрсе де тұс.  
Бұлттан да сәлем айтты құмар болып,  
Қайғысын жеңілтпек боп өртеген іш.

Жіберді бір қат жазып Шідертіден,  
Бойдағы хабар беріп бар дертінен,  
Адасып жапан жүзде қайтып келді,  
Көрмеген бұрын шығып ел шетінен.

Мұнысы жан күйдіріп жаман батты,  
Айықпай ауыр дерттен Нұра жатты.  
Жалынды аспандағы ұшқан құсқа,  
"Жеткіз - деп, ақ Ертіске жазған хатты".



Күтсе де күндер өтті хабар болмай,  
Басқаға ақ Ертістен көңілі толмай.  
Жөнелді ақырында бетіменен,  
Орнығып бір орында жайлап қонбай.

Көз жасы жылағанда өзен болды,  
Елдің де, арудың да өңі солды.  
Ойлады: "Қаңғып, безіп кетейін, - деп,  
Анықтап білмесе де барар жолды.

Арқаның бір серісі Құланөтпес,  
Қаз - қатар Нұраменен біткен шектес.  
Білдіріп ішкі сырын сәлем айтты,  
Демеді: "Ұсынғанмен қолым жетпес".

Байыздап оған қарап тоқтамады,  
Ақ Ертіс көңіліндегі жоқтағаны,  
Жазылмас жанға жаман жара салды,  
Бір елеп хабар алып соқпағаны.

Артынан туыстары улап - шулап,  
Жібермей тоқтатам деп болды қумақ.  
Алдымен Шерубайдай іні жетті,  
"Бауырым, барасың, - деп, неге тулап?!



Құндызды, Көкпекті мен Есенгелді,  
- Біздер де қалмаймыз деп, соңына ерді.  
Тағдырдың тақсіретін бірге тартып,  
Басына не түссе де бірге көрді.

Жатады жыл артынан жылдар өтіп,  
Арудың қайғы басқан сәні кетіп.  
Кенеттен түн түнегі түріледі,  
Бақыттың алтын сәуле нұры жетіп.

Ақ Ертіс жас жігіт боп ажарланып,  
Екі бет қызарғанда от боп жанып.  
Құмартқан талай ғасыр қосылсам деп,  
Нұраға мойын бұрды есіне алып.

Қол созып қуанышпен күлімдейді,  
"Күткенім көптен ансап өзің" - дейді.  
Бөгет жоқ қосылуға міне бүгін,  
Бақыт пен ерік алған кезің"- дейді.

Қосылды осылай кеп екі ғашық-  
Елжіреп бір - біріне қойнын ашып,  
Симады арнасына ел ырысы,  
Суындай Ертіс - Нұра шалқып тасып.



Шешілді шешпеген сыр талай ғасыр,  
Болар ма сыр бағасы мұндай асыл.  
Ғажайып бұл өлкені таңырқатқан  
Той болды Арқада бір айран - асыр.

Бұл тойға шашу шашып Есіл келді,  
Сыйлығын өз қолымен арнап берді.  
Сақтамай ескі өкпесін Құланөтпес,  
Кеудесін қуанышпен достық жеңді.

Кеңгірге келіңдер деп сәлем айтты,  
Талай жас тойда болып, келіп қайтты.  
- Шашырап енді жеке жүрмейік, - деп,  
Келісіп нықтап айтты бұл жайтты.

Шөл болса, Арқа жоны кеше ғана,  
Сарғайып шөлі қанбай жатса дала.  
Желкілдеп бау-бақшасы өсіп тұрған  
Далама салтанатты енді қара.

Қосылып Есіл, Нұра, Құланөтпес,  
Сарысу, Кеңгір - бәрі болды шектес.  
Ақ Ертіс арналарын толтырып тұр,  
Қарасаң бір шетіне көзің жетпес.



Құба жон құрап жатқан дария болып,  
Балығы, ұйрек, қазы симай толып.  
Қаптады өрісте мал, егін өсіп,  
Миуалы бау-бақшаға елі қонып.

Келеді жоғары өрлеп екі кеме,  
Ұмтылып асыққандай әлде неге.  
Жақындап Теміртауға таянғанда,  
Тоқтады пристанның ішіне ене.

Артқаны тиеп алып толған балық,  
Көрген жан сүйсінеді қайран қалып.  
Ашылып желбезегі тулап жатыр  
Шыққандай жаңа ғана судан алып.

Келіпті Қорғалжын мен Теңіз жақтан,  
Кемелер суыт жүріп балық артқан.  
Жесін деп жас күйінде қала халқы,  
Еңбегі балықшының сый ғып тартқан.



Кене ханның



Қадырсы

Monday

Кене хан Сарыарқада күмбірлеген,  
Дұшпанның тырнағына ілдірмеген.  
Ауыр ой шермеде ғып, тас боп қатып,  
Сұм тағдыр оны есіркеп күлдірмеген.

Жаншылып жау қолында елі жатты,  
Жасынан осы қайғы жанға батты.  
Өзінің мал, жеріне ие қылып,  
Берсем деп елге еркіндік армандапты.

"Қазақпыз жауға тиген Абылайлап,  
Ел едік сахарада өскен ойнап.  
Жеңісті жорықтардың күйін шертіп,  
Салғанбыз ауыр қолды жауға да ойнақ.

Өткірлеп алмас қылыш алған қайрап,  
Ат-тұрман, бес қаруды тегіс сайлап.  
Кашса озар, қуса жетер сан саңлақты,  
Кермеге керілдіріп қойған байлап.

Атаның мекен жерін ұлан байтақ,  
Жүргенбіз көшіп, қонып жылдап, айлап.  
Кен шалғын, көкорайға үй тіктіріп,  
Кымыз бен жал, жаяны көрдік шайнап.



Еркіңмен ен далада жүрсең сайрап,  
Отырсың міне бүгін сорың қайнап.  
Теңдесіп тереземіз есепке еніп,  
Бізге де күн болар ма шығар жайнап".

Осы оймен Кене ауыр "уһ"-деді.  
Күйініп, іші жанып өртенеді.  
Шарасыз тірлігінен не пайда бар.  
Көп болды туған жері өртенгелі.

Ішінен ашу буып күбірледі,  
Қайғының қара бұлты түрілмеді.  
Денесін ызалы кек, намыс қысып,  
Қалшылдап тұла бойы дірілдеді.

Жер қайда туып, өсіп ойнақ салған,  
Сағым боп ұстатпайтын артта қалған.  
Жау жайлап, жақындатпай, тартып алып,  
Дозақтан кем болмай тұр мынау жалған".

Есіне алыстағы Көкше түсті,  
Күйдіріп, жандырады өртеп ішті.  
Туған жер, өскен орда жауда қалса,  
Болар ма ауыр қайғы мұнан күшті.



Тұратын желпіндіріп жанды тербеп,  
Жүретін асыр салып, шыңына өрлеп.  
Қайран жер көзден ұшып ғайып болды,  
Дерт болып, сағындырып бойды кернеп.

Күңіренді, булықты да тағы сөйлеп,  
Бұл дұшпан енді ырық бермейді-ау"-деп.  
Айрылып Сарыарқадан көрген қорлық,  
Жүректен қан ағызып, тұр тілгілеп.

"Көкшетау, Баянауыл, Қарқаралы,  
Құлпырған жер жаннаты Арқадағы.  
Халқымды қан жылатып қуып шығып.  
Бас салып тонап жатыр мұны тағы.

Бекініс, салған қорған-төнген қауып,  
Шіркін-ай құрта алмадым бәрін шауып.  
Қалдырып елді, жерді жау қолында,  
Барамын шарасыздан елден ауып.

Елімді қан шеңгелдеп жатыр бүріп,  
Ойрандап ортама кеп салып бүлік.  
Билетпей туған елді бөтен жұртқа  
Арқадан құсам деп ем жауды түріп.



Қос өзен батыстағы Еділ, Жайық,  
Мекендеп халқым өсіп жүрген байып.  
Жат елге туған жерін таптаттырмай,  
Еркімен жүрсін деп ем қанат жайып,

Барады ішке кіріп Ордан асып,  
Тобыл мен Есілді де қалды басып.  
Беттетпей оқ жаудырып, қылыш жұмсап.  
Қаратпас қарсы келсең қанды шашып.

Шығарды зорлап қуып Ақ Ертістен,  
Оқ атып, үркіттіріп қару-күшпен.  
Қинайды-ау жанымды жеп, мазамды алып,  
Ауыр күн туған елге басқа түскен,

Не сүмдық өз жерінен елді қуған,  
Тазартып кіндік кесіп, қанын жуған.  
Жиналып бала туса басын қосып,  
Шаттанып құрушы еді қызық думан.

Жерінен жұрт кетуде сүмірейіп,  
Қан жауып қабағынан бәрі кейіп,  
Еркімен ен далада сайран салып,  
Тілеп ем ел өссін деп, жер көркейіп".



Хан Кене қабақ түйіп, қалды тоқтап,  
Адасқан жандай болып таппай соқпақ.  
"Қайран жұрт енді қалай күн кешер"-деп  
Елінің еркіндігін отыр жоқтап.

"Тастады жасытып-ақ қалмай қайрат  
Өтпейді алмас қылыш салсам қайрап.  
Жете алмай арманыма ойыма алған  
Қалдым ғой топшым сынып, көзім  
жайнап.

Қазақты быт-шыт болып тозып жүрген.  
Жаулардың тепкісінде қорлық көрген,  
Ойлап ем ел қылсам деп басын қосып  
Құрметтеп орын беріп қайта төрден.

Еліме орда салып берік етіп,  
Ішіне кіре алмастай дұшпан өтіп.  
Батырмай жау тұмсығын қойсам деп ем,  
Ақ туын Абылайдың желбіретіп.

Жан демей, есептеспей елді қорлап,  
Жерімді тартып алды тегіс торлап.  
Момын жұрт малдан, жерден жұрдай  
болып  
Қаңғырып, қайыр сұрап, қалды сорлап".



Түнерді түсі суып, оймен толғап,  
Көмескі ел тағдыры қандай болмақ.  
Жаралап жау аямай жалмап жатыр,  
Жан жейді ала алмауы оны қорғап.

"Ақ көңіл, аңқау елміз аңқылдаған,  
Ренжіп қонағынан тартынбаған.  
Досы кім, дұшпаны кім айыра алмай  
Бәріне бірдей сеніп далпылдаған.

Бақ, құты басқа жұрттан кем  
болды-ау деп,  
Жылаған кездің жасы сел болды-ау деп,  
Келмейді күндіз күлкім, түнде ұйқым  
Кәпірге жаны ашымас жем болды-ау деп.

Не дерсің маңдайдағы қалың сорға,  
Ел түсіп келе жатыр темір торға.  
Жадырап сайран салып жүрмек түгіл,  
Жан сақтап қалуы да түсер зорға.

Мал түгіл алып жатыр адамды да,  
Жас қыздар қорлық көрді, зарланды да.  
Көбейді елдің қамын ойламайтын,  
Мәз болып шен, шекпенге алданды да.



Олар да "үлес алып" қалмай қарап,  
Өз елін өзгелермен бірге талап.  
Сорлатып жаны ашымай жатыр сорып,  
Құныққан жыртқыштай боп қанды балақ.

Ел үшін аямайтын дүние, малын,  
Жейтін ер азайды ғой елдің қамын.  
Етсе ғой жанын пида жалтақтамай  
Тайсалмай төкседағы қасық қанын.

Дариға-ай қылышымды қайта қайрап,  
Ерлерді оттан таймас алсам сайлап.  
Арқадан дүрліктіріп жауды қуып,  
Күн туса туған елде жүрер жайнап.

Мылтық жоқ мүлт жібермес көздеп  
атқан,  
Айбалта, қылыш, найза мұқыл тартқан.  
Дұшпанға мен де есемді жібермес ем,  
Қолымда қару болса оқ боратқан".

Кене хан ызбарланды түсі суып,  
Бір ызғар тұла бойын алды буып.  
Қиналды түскендей боп шыңырауға  
Таба алмай шығу жолын жауды қуып.



"Бұғаулап ел басына салды құрық,  
Кетсін деп жер бетінде жұрмей құрып  
Қалатын жанын сақтап түрлері жоқ,  
Жүрсе де қарсы келмей төмен бұғып.

Ұмтылдым қосайын деп елдің басын,  
Қару ап, аттандырып кәрі, жасын.  
Қайран жұрт қараңғыда қала берді,  
Өзінің айыра алмай дос пен қасын.

Қиналам азып-тозып кетеді-ау деп,  
Түбіне ақырында жетеді-ау деп  
Қатарға халық болып қосыла алмай,  
Өмірі құр жылаумен өтеді-ау деп.

Мәз қылып бірін алдап, бірін арбап.  
Бұлқынтпас аяқ, қолға кісен салмақ.  
Жау **қылып** бір-бірімен жұлқыстырып  
Аңқауды арандатып жатыр жалмап".

Кене хан түнерді де ойға қалды,  
Елдерді жау жетпеген ойына алды.  
Бірігіп, басын қосып шықсә ғой деп,  
Кезіне елестетті тәтті арманды.



Туысты алыстағы қырғыз, өзбек,  
іздейін деп достарын отыр көздеп.  
Тәжік тауын, түрікмен шөлін аттап,  
Мақсаты аялдамай жету тездеп.

"Сездірсем келе жатқан жау қарасын,  
Таянтсам біріктіріп ел арасын.  
Жиналып бар күшімен қарсы аттанса  
Дұшпанды тежер еді қосса басын.

Қызылбас, мынауың сарт бөтен демей,  
Бірлесіп күшін жиса бөлектенбей.  
Беттетпей жауды кейін қуар едік,  
Үйлесіп ынтымаққа жүр ғой көнбей.

Не керек, өздері үстем болсам дейді.  
Төнгенін зор қатердің елемейді.  
Бірігіп елді қорғау ойында жоқ  
Аямай бірін-бірі талап жейді.

Бұл дұшпан бәрін жаулап, қанат жайды.  
Басынан біздің жұрттың бағы тайды.  
Еңсесін еркін жүріп көтере алмай  
Орнады Сарыарқаға калың **қайғы**.



Келеді қорған салып, тегіс торлап,  
Дариға-ай қала алмадым елді қорғап.  
Барады жанымды жеп, қайғым өсіп,  
Не болмақ қайран жұртым қалған сорлап.

Болмады бұлқынсам да көнбеймін деп  
Қол салды тұншықтырып алқымнан кеп.  
Қоштасып туған жермен кетіп барам  
Денеге у боп тарап кернеген кек”.

Кене хан көп ойланып, көп толғанды.  
Өткізді көзін ілмей ұзақ таңды.  
Әл жетпес дүлей күшпен айқаспай-ақ,  
Амалдап кетпек болды төкпей қанды.

Жерлерде патша әскері алған шауып,  
Халыққа қара бұлттай төнді қауып.  
Қия алмай туған жерін жасын төгіп,  
Жөнелді жұрт күңіреніп елден ауып.



## ҚҰТТЫ БОЛСЫН ҚОНЫСЫҢ!

*(Елге оралған бауырларға)*

Көктемнің хабаршысы қарлығаштай,  
Каймығып қиындықтан қорқып саспай,  
Алыстан аңсап келген ағайынға  
Қалай жатам қуанып қойнымды ашпай?!

Дүниенің жақсы-жаман бәрін көрген,  
Өз қаным ғой, туыс қой іздеп келген.  
Қарсы алдық-ау қан құйлы жандарды да,  
Терде отырып текемет тілгілеген.

Ұмытпаған жерлерін атамекен,  
Шын перзент, нағыз қазақ өздері екен.  
Ел салтын елде жүріп білмей келсек,  
Ұстаған қазақ жолын берік бекем.

Жүрсе де жат өлкеде елден ауып,  
Тәнсе де бастарына талай қауып  
Ардақтап ата салтын сақтай білген  
Өмірдің, адамдықтың жолын тауып.

Бұл өзі ғибрат алар біздерге үлгі,  
Мәңгүрт боп жүргендерге осы күнгі.  
Бойында канға сіңген намысы жоқ,  
Білмейтін, менсінбейтін тіл мен дінді.



Үлкенді, ата-анасын сыйламайтын,  
Айылын бұзық істен жинамайтын,  
Үркетін үлгілі істен кей жастар бар,  
Жанын да еңбек етіп қинамайтын.

Елге кеп ел қосылса құт демей ме,  
Елінен ел кеткенді жұт демей ме,  
Қосылса басыңа бас, асыңа ас,  
Мұны бір жақсы ырымға теңемей ме!

Ой тастап сәулелі күн келешекке,  
Бел бұған жүрмейік деп енді шетте.  
Өсірмек өз ұрпағын өз жерінде,  
Бұл жаққа келген емес тектен текке.

Дәл бұған ешбір істі теңгермеймін,  
Намыс пен даналықты көргендеймін,  
Бет бұрып мекеніне оралғанын,  
Жау жеңген ерлік істен кем демеймін,

Қуанам енді ұлы көш басталар деп,  
Бар қазақ келген елді карсы алар деп.  
Еңіремей өзгелердің тепкісінде  
Бірлесіп ел болуға ой салар деп.



Жалтақтап көп тобырдың соңына еріп,  
Жүрміз ғой аз болған соң қорлық көріп  
Пайдасын өзіміз-ақ көрмейміз бе!  
Халық боп егемендік алып едік.

Басына бауырлардың құт орнасын,  
Көңілін лайым тек кір шалмасын.  
Жаяйық дастарқанды ақ ниетпен  
Бөтенсу, жатсынуды ойға алмасын.

Семізді деуші едік қонақ жесін,  
Ұмытқан қазақ жолын жан демесін.  
Еншіміз бөлінбеген бар емес пе,  
Аяймыз қолда бардың енді несін!

Қуанып қандастарға тілек тілеп,  
Дүрсілдеп, атша тулап соғар жүрек.  
Қосылып алысы да, жақыны да  
Сүйеніш бір-біріне болсын тірек!

Қайтеді жүзге, руға бөлінбесек,  
Тату боп қолда барды бөліп жесек.  
Тыңдайық ел басқарған даналарды.  
Орынсыз арттарынан ертпей өсек.



Қор болмай, ешбір жанға болмай мазақ,  
Қосылса тоз-тоз болып кеткен қазақ.  
Ұмыт боп көңілім жай табар еді.  
Жан төзбес бастан кешіп көрген азап.

Даланың бетті сүйіп самал желі,  
Сайрандап өз жерінде қазақ елі,  
Бірге өссін шаттықпенен бауырларым,  
Гүлденіп Сарыарқаның сары белі.

Уа, қазақ, кезің келді сестенетін,  
Несі бар әділ істен сескенетін!  
Көтеріп шанырағыңды жаңа отау боп,  
Өзіңе пайдалы істі ескеретін.

Асыңды аузыңа сап ешкім бермес,  
"Қарманған-деуші еді ғой - қарап өлмес".  
Ел болып өскендерден кембіз бе біз,  
Талпынса іс болмайды қолдан келмес.



## ТІЛЕЙМІН БАҚЫТ ЕЛІМЕ

Таңғаламын тірі боп жүргеніме,  
Көзді жұмып сан рет өлмедім бе?  
Жан түршігер сұмдықты бастан кешіп,  
Адам тезбес ауырлық көрмедім бе?

Бірі болдым жүргеннің естен танып,  
Не боларын біле алмай ертең анық.  
Көтере алмай еңсесін дел-сал болып,  
Балықтай боп сең соққан жүрді халық.

Туғанымнан көргенім бәрі жоқтық,  
Білгенім жоқ, қай жерде, қайда тоқтық.  
Қарнымыз аш, жалаңаш жүрсектағы,  
"Бай елміз" деп мақтанып, бөсіп соқтық.

Бас көтертіп жан-жаққа қаратпаған,  
Ішкен асты бойына таратпаған.  
Күндер болды-ау үркетін көлеңкеден,  
Қояннан да жаман боп қорқақтаған,

Жалған сөйлеп алдаудан бір танбадық,  
Өтірікті ұят деп ойланбадық,  
Бас еркіндік болса да тіл күрмеулі,  
"Бостандықта жүрміз" деп айғайладық.



Қорыққаннан бұғындық қорғалақтап,  
Қаламыз деп қалайша жанды сақтап,  
Қатты жүрсек сүрініп кетерміз деп,  
Жалтақтамай баспадық аяқты аттап.

Сан мыңдаған адамдар қорлықта өліп,  
Төлкегіне тағдырдың жүрдік көніп.  
Өнім түгіл түсіме кірмеп еді,  
Болар деген бұл күнде басымда ерік.

Осы емес пе еркіндік аңсап күткен,  
Ел боп тұрмыз мұратқа жаңа жеткен.  
Әпере алмай халқына мұндай теңдік,  
Кенехан, Исатайлар еңіреп өткен.

Жарық жұлдыз секілді туған ғажап,  
Нелер сабаз бұл жолда тартты-ау азап.  
Ел болдық кой ақыры егеменді,  
Біржолата дүниеден құри жаздап.

Қолда барын қазақтың тартып алып,  
Күн көрісін қалдырмай ойран салып.  
Жусап қалмай қайтеді шарасы жоқ,  
Нәр тата алмай дағдарып қалса халық.



Үн шығартпай типыл ғып өлтірді де,  
"Өлдім" деуге шамасын келтірді ме?  
Ел қорғайтын ерлерді қамап, атып  
Көзін құртты айдатып кетірді де.

Жендетіне жегізіп "Ұлы көсем".  
Шортандай боп жұтатын қарсы келсең,  
Қазған көрді көзге де шалдырмайтын,  
Көкке ұшырып күліңді қамауда өлсең.

Ес жиғызбай батыста дауыл тұрып,  
Сескендірді халықты дабыл ұрып.  
Жауқазындай қылтиған жас жандарды,  
Бой жиғызбай тастады тағы қырып.

Адам бар ма қазақты адам деген,  
Кім бар еді ел ғой деп есептеген.  
Қояндардың орнына бізді қойып,  
Полигонда өлсін деп көгендеген.

Кәріміз де, жастар да естен ауып,  
Азап шектік жазылмас жара тауып.  
Көзіме жас алыппын қуанғаннан,  
Жарылыс жоқ дегенде енді хауып.



Бірақ жерді талқандап құртып кетті,  
Талай жанды жарымжан, кемтар етті.  
Ел үстіне именбей бомба жарып,  
Зұлымдықпен істелген көрдік кепті.



Жинап әкеп тобырды бөтен елден,  
Жерімізді шаңдатып тілгілеген.  
Қасиетті атаның зиратынан,  
Бірі қалмай жоғалды-ау бүлінбеген.

Шегірткедей бұлт болып келген қаптап,  
Жердің сорын шығарып жатыр таптап.  
Айдалған жер түк шықпай, мал  
жайылмай,  
Қазылған ор жүргізбес аяқ аттап.

Ие қылмай кең жайлау, жерімізге,  
Ұялатты сораны көзімізге.  
Есептесіп бізбенен іс қылды ма?  
Ерік болса біз оны береміз бе?

Қазақтарды құртуды ойына алып,  
Жүрмесін деп дүниеде мұндай халық.  
Көп тобырға сіңдіріп жоғалтуға  
Әдейілеп жоспармен қылғаны анық.



Арам ойдың осылай жолын тауып,  
Қазақ оқыр мектепті қойды жауып.  
Тілдерінде өзгенің шүлдірледік,  
Ортамызға алыстан келген ауып.

Ағымына уақыттың мойып көндік,  
Келімсекке не қылса, ерік бердік.  
Салт-санадан тамаша жұрдай болып,  
Сейлесуді қазақша намыс көрдік.

Осылайша кетірдік елдің сәнін,  
Түсіне алмай бұл істің түпкі мәнін.  
Жын соққандай өкіріп шыға келдік,  
Құнығып ап, татқан соң арақ дәмін.



Ойыма алсам кешегі желтоқсанды,  
Сорғалатып жазықсыз төккен қанды.  
Жан күйзелтіп, ызаны келтіреді,  
Кім ұмытар қайғылы бұл ылаңды.

Дырылдатып сүйреткен бұрымынан,  
Қазақ қызы талықсып шырылдаған.  
Кінәсі жоқ, күнәсіз жас жандарға,  
Жауыздардың бүйрегі бұрылмаған.



Домалатып, тепкілеп, иттей талап,  
Бас көз демей, аямай қан ғып сабап,  
Қыруға да оқ атып дайын тұрды,  
Айдатты да, соттатты ұрып-қамап.

Оятты ақыр халықты тиыш жатқан,  
Ел намысы ашу боп аспанға атқан.  
Алатаудан шығандап қазақ даусы,  
Әр халықтың көңлінен орын тапқан.

Дүр сілкініп көп елдер үнін қосып,  
Азаттықтың жолына шықты жосып.  
Ғадеттенген дүлей күш жаншып тастап,  
Токтата алмай жеңілді жолын тосып.

Бұлқынғанда шығам деп құрған тордан  
Быт-шыт болып құлады темір қорған.  
Қаһарына халықтың душар болып,  
Империя ақыры талқан болған.

Бостандықтың тізгіні қолға тиіп,  
Қалғандаймыз қазір де есті жиып.  
Көтерер тірлік туын кезің келді,  
Бақталастық, дау-дамай бәрін тиып.

Жібергендей түрілтіп қара түнді,  
Ансап-күтіп келдік қой осы күнді.



Әдет-ғұрпын сақтамай ел бола ма?  
Құрметтейік қадірлеп тіл мен дінді.

Бір жеңнен қол шығарсақ, жағадан бас,  
Ынтымақпен бірлесіп кәрі мен жас.  
Еңбек етсек ерінбей ел қамы үшін,  
Алған беттен бізді ешкім тоқтата алмас.

Жоқшылыққа бүгінде жүрсек налып,  
Ұмыт болар ертең-ақ артта қалып.  
Тәуелсіз ел болудан қымбат не бар?  
Қорғайық та бар күшті, жанды салып.

Қадірле де жеріңді, елді сыйла,  
Шашылғанның түгендеп бәрін жина.  
Қолға түскен асылдан айырылмайық,  
Қылсақтағы бұл үшін жанды пида.

Талай қазақ бұл күнді армандаған,  
Алға тартып халықты кейін қалған.  
Қарсы тұрып сескенбей дүлей күштен,  
Қара жерге қаны оның сорғалаған.

Ел боп біз де қатарға жаңа кіріп,  
Еркіндіктің келеміз дәмін біліп.  
Сәулелі күн сенейік келешекке.  
Ұялаған көңілде қалмай күдік.



Бүкіл ел боп бас қосып жиылғанда,  
Мүше болмақ Біріккен Ұйымға да.  
Қазақ жұртын бар әлем жатыр танып,  
Бұрын бізге бұл құрмет бұйырған ба?

Мұны неге сезбейміз жан жүреппен,  
Қуандырып көңілге нұрын сепкен.  
Байлыққа да, жерге де ие болып,  
Өз еркіңмен жұмсауға қолың жеткен.

Кеше ғана жасқанып жүрсем бұғып,  
Саңқылдап тұр қазір де үнім шығып.  
Қуанбаспын, қалайша шаттанбаспын,  
Туған елім отырса отау тігіп.

Іргесінің тілеймін беріктігін,  
Көтерсін деп қайыспай ауыр жүгін.  
Азап шегіп күңіреніп жүрген халық  
Қуанышқа кенелсін енді бүгін.

Көзге түсіп шаңырағы тұрсын биік,  
Еңбек етіп мәпелеп халқы сүйіп.  
Жас отауы қазақтың кең орда боп,  
Қандастарын шеттегі алсын жиып.



Қанат жайып Алтайдан Атырауға,  
Таралсын кең Арқадан Алатауға.  
Бастарына баянды бақыт қонып,  
Сай-саласы бөленсін бақша-бауға.



## КИЗ ҮЙ

Көргенде кигіз үйді қалам ойға,  
Секілді сыр сақтаған берік қойма.  
Кейде ысып, кейде суып, қан тасиды  
Сыймай-ақ төгілгендей тұла бойға.

Ақ үйлер көрінеді ақбас шалдай,  
Отырған шежіре айтып шекер балдай.  
Өткенді жалғастырып бүгінгіге,  
Сабақтап өмір жібін қажып, талмай.

Төріңде кім отырып, кім тұрмады,  
Қызықтап сауқ-сайран кім құрмады,  
Ақындар нәсерлетіп өлең айтып,  
Жыраулар хиса-дастан, жыр жырлады.

Сапырған сөз асылын сары қымыздай,  
Қоймайтын ауызыңнан су ағызбай.  
Көзіме нелер шешен елестеді,  
Алдына бәйге атындай жан салғызбай.

Шешетін ел тағдырын нелер дана,  
Батырлар жерді қорып, болған пана.  
Төрінде қайсы соның отырмады.  
Қамшысын, семсерін де қолына ала.



Шаңыраққа құр асылып бала туып,  
Ортаға от тұтатып, болса суық.  
Іңгеләп талай сәби келмеді ме,  
Кескізіп кіндіктерін, төнін жуып.

Болғанда ойын-сауық, шілдеhana,  
Қызыққа бататын ел таң-тамаша.  
Түндігін киіз үйдің желпілдетіп,  
Шалқитын күй тамылжып, ән жараса.

Дариға-ай, соны кейде өрт те шалып,  
Қалатын жау қолынан ойрандалып.  
Айрылып анасынан бала жылап,  
Дәм татпас болды - ау күндер  
өзек талып.

Кешегі кім ұмытсын "Ақ табанды",  
Айрылып мекеннен ел қақсағанды.  
Дүлей жау тілгілеп кеп туырлығын,  
Табанға ел намысын таптағанды.

Осылай қиын - қыстау күндер өткен,  
Ес жиып, ел үйлерін қайта тіккен.  
Батырлар жан аямай елді қорғап,  
Кек алған жауды жеңіп бастан кешкен.-



Киіз үй өткен күнді еске салып,  
Өзі де бұл дәуірге жетті-ау талып,  
Қойларға қараймын да қуанамын,  
Төңірегін тәлдегенде жатқан алып.

Бүгінде үйде жаңа, күй де жаңа,  
Күн шығып жарқырап тұр нұрға мала.  
Сескенбай, қой үстінде жұмыртқалап,  
Аспанда шырылдайды торғай ғана.



## ҚАЗАҚСТАН

Көрінген күліп күншығыстан,  
Бақыттың нұрлы сәулесін құшқан,  
Құрылысшы шебер ұл-қызы бар  
Сәулетті, сәнді Қазақстан.

Қаз - үйрек жүзген айдын көлі,  
Бетімді сүйіп самал желі.  
Бау - бағы өсіп құлпырып тұрған  
Не деген көркем қазақтың жері.

Шаттығы шалқып желдей боп ескен,  
Қызыққа толы шықпайтын естен.  
Адамда, сірә, қалар ма арман,  
Осындай жерде балғын боп өскен.

Бұл күнге бірден келген жоқ жетіп,  
Жүріпті бір кез әлі де кетіп.  
Тоналып жаудан шұбырып халық,  
Өмірдің қиын өткелін өтіп.

Жорықтың нелер түрлерін кешкен,  
Шерулер тартып, жаңылтқан естен.  
Көкпеңбек түтін, шаңдарды жұтып,  
Қыздары туып, ұлдары өскен.



Семсерін сілтеп жауларын куған,  
Сескенбес өрттен батырлар туған.  
Елі, жерін қызғышша қорғап,  
Қанданған термен беттерін жуған.

Жерімді туған етемін мақтан,  
Алабын жайлы қоныс қып тапқам.  
Сақылдап аяз, соқса да боран  
Жүрекке жайлы жанымға жаққан.



## ҰНАТАМЫН

Ұнатамын сұлу затты,  
Қадірлеймін бас иіп,  
Өуелден ол жаралды артық  
Адам оған еріп, балқып,  
Құрмет етіп сүйер қатты.

Жасап қолдан сондай затты,  
Ләззат алғым келеді.  
Кетсе де ертең қолға түспей,  
Кемескі боп көрген түстей,  
Күткен үміт қандай тәтті.



# МЫСАЛДАР



## МАС ҚОЯН

(мысал)

Желікті мәз боп бір күні қоян,  
Мейірі қанып араққа тойды.  
Хауіп - қатер шықты да ойдан,  
Ұмытып бәрін сақтығын жойды.

Дүниеде жеке болдым деп батыр,  
Ұқсайтындай боп көрінді пілге.  
Шалқадан түсіп шанып жатыр,  
Көтеруге басын ерініп мүлде.

"Қасқыр да егер, келсе бір таяп,  
Түсірер ем қалпақша ұрып.  
Жүріппін бұрын жай ғана аяп,  
Тастамай тегіс бәрін де қырып.

Тулкіні шіркін есек кып жегіп,  
Алар ем көнбесе сөзге.  
Сазайын мықтап тазының беріп,  
Жіберер ем көрінсе көзге",

Айғайлап сөйлеп өзімен-өзі,  
Орнынан тұрып көздерін ашты.  
Естіліп оған қоянның сөзі  
Қасқыр да аңдып қадамын басты.



Таянып келген ажалды көріп,  
Алайып көзі қоян да састы.  
Бұғынбақ болып ішіне еніп,  
Жалма - жан тұрып тікенге қашты.

Оңайға түспей құтылу жаудан,  
Тілініп еті, жұлынды жүні.  
Осы ғой деп сұраған сауғам,  
Жылады сорлы шыға алмай үні.

Көзі, басы боялып қанға  
Ашиды орны тікенек тілген.  
Жарасы қатты батады жанға  
Басы саулар мазақ қып күлген.

Кейбіреу сонша арақты ұнатады,  
Ол шіркін артынан тек жылатады.



## ҚЫМЫЗ БЕН АРАҚ

Кең столда кездесіп қымыз, арақ,  
Жақын тұрды біріне - бірі қарап.  
Кеуделерін көтеріп мақтанысты,  
Тендесі жоқ өздерін зорға санап.

Арақ айтты "менсіз той өтпейді" - деп,  
Ешбір тағам өзіме жетпейді деп.  
Ішіп алса барлық жұрт көңілденіп,  
Маңайымнан шырғалап кетпейді деп.

Менсіз қайдан сен көрдің қызық думан,  
Бәрінде мен, үйленсе, бала туған.  
Ең ақыры бағалы киім кесе,  
Тек менімен қуанып затын жуған.

Араласып килікпес жерім бар ма?  
Байқап көрші қасымда бірге қал да.  
Көріп қалса өзіме тап бермейтін  
Адам бар ма дәм татқан тірі жанда.

- Тоқтат сөзді енді сен артық бөспей,  
Жүрген адам әлі көп татып ішпей.  
Ессіздері болмаса естілері  
Сенен қашық жүреді керек деспей.



Жас шағында қартайып жүрген "шалдар",  
Өрекеті сен сұмның кісіні алдар.  
Бар қуатын бойынан сорып алып.  
Адам бетін қыласың шалбар - шалбар.

Кірсең ішке жымып әуел күліп,  
Арт жағынан саласың ойран бүлік,  
Ақыл, естен кісіні жұрдай етіп,  
Шығарасың бойынан бәрін түріп.

Алысқанда мерт қылып алып жықтың  
Талай жанды мезгілсіз көрге тықтың.  
Арақпенен достасқан адам болса,  
Таянғанын сезе бер бір сұмдықтың.

Бойға енемін мен болсам нәрі болып,  
Дертке шипа, жазатын дәрі болып.  
Бет-жүзі аз уақытта-ақ гүл-гүл жайнап,  
Шыға келер дене, күш бәрі толып.

Ішкенде жадырайтын қас-қабағы,  
Қазақтың ет пен қымыз төл тағамы.  
Шайқалып шарасында қымыз тұрар  
Келгенде етке толып сар табағы.



Арақ сұм кетірдің ғой соның сәнін  
Жалмадың жалмауыздай жұтып бәрін.  
Жолатпай ел маңынан қуар едім,  
Аластап алшаңдатпай келсе әлім. "

Ойланып қайсы жаман, қайсы жақсы,  
Жауабын құрметті жұрт өзің тапшы.



## ЕКІ "ДОС"

Отырды екі ішкіш "дос" сырын шертіп,  
Арақтың алдындағы исіне елтіп.  
Қызарып шекелері ішкен сайын  
Денесін уландырып барады ертіп.

- Уа, досым сенен артық жан жоқ - деді,  
Өзіңнен басқа адамда "мән" жоқ - деді,  
Екеуіміз жолыққанда бір жасаймыз,  
Өмірде бір өзіңсіз сән жоқ - деді.

Досы оның "қоразданып" созды қолын:  
- Дәл біздей кім білер деп достық жолын.  
Өлі де білмейтіндер толып жатыр,  
Айырып қайда екенін оң мен солын.

- Уа, шіркін сөзің алтын данышпаным,  
Өмірі надандық қой алысқаның.  
Сөзге де жүйріксің - ау, шешенім - ай,  
Алдыңа бір түскен жоқ жарысқаның.

- Япырай білесің - ау сен де жайды,  
Бір ауыз сөзіңе жұрт татымайды,  
Балдай ғой айтқан сөзің дәмі кетпес,  
Канша естіп, канша айтсаң да жасымайды.



Өзді-өзін екеулері отыр мақтап,  
Ұнатпай басқа жұрттың бәрін даттап.  
"Кел, кел" - деп қайта-қайта көтерісті,  
Асық боп тауысқанша арақты "ақтап".

Бір кезде бір-біріне салды қолды,  
Төбелес астан-кестен айқас болды.  
"Арамза итсің ғой" деп біріншісі,  
Досының кеудесіне келіп қонды.

Булықты екіншісі о да ыза боп:  
- Иттікті дәл осындай көргенім жоқ.  
Мынадан құтқаршы" - деп айғай салды,  
Қасына келіп еді жиылған топ.

Білмеймін қайсысы "ит", қайсысы "адам",  
Көргенде осындайды ойға қалам.



## ҚАРЛЫҒАШ ПЕН САРШҰНАҚ

(мысал)

Дөнге құмар саршұнақ,  
Астық жеп әбден дәндеді.  
Тәттіленіп, күнде ұнап,  
Аз жемеді, мол жеді.

Аясын ба тегінді,  
Таси берді ініне.  
Күржиіп әбден семірді,  
Кез салмай кептін біріне.

Ел мүлкі деп ескеріп..  
Ойына да алмады.  
"Құдай" оған дес беріп,  
Көз қырын ешкім салмады.

Еркін өмір шаттығы,  
Кеудеге мықты орнады.  
Өсе түсіп аптығы,  
Азға көңіл толмады.

Тасынудан күн сайын,  
Шаршамады, талмады.  
Жақсартқан сайын хал-жайық,  
Құмарлығы қанбады.



Көбелек қуып аспанда,  
Қарлығаш таяу жүр еді,  
Кім ұнасын асқанға,  
Мазақ қып оны күледі.

Еңбегің еш кететін,  
Ақылсыз неткен сорлы едің.  
Бәріне мол жететін  
Кәсіпті қалай көрмедің?

Шарқ ұрып қанша кезсең де,  
Тоярлық тағам таппайсың.  
Мені көріп сезсең де,  
Келуге таяу батпайсың.

Қоян жүрек қорқақсың,  
Көрген күнің құрысын.  
Қорқуға мен шорқақпын,  
Демейді ешкім "ұрысың".

"Аса бер - деді қарлығаш, -  
Кездескенше тосуға.  
Арланам тіпті жүрсем де аш,  
Сендеймен бас қосуға.



Мұртынан күліп алшаңдап,  
"Ақымағым кет" - деді.  
Жемек болып бір таңдап  
Қамбаға қарай беттеді.

Өзіне дағды әдетпен,  
Маң-маң басып келеді.  
Сарт етті бір зат кенеттен,  
Денесін қыса береді.

Көзі шығып алайып,  
Жан - жағына қарады.  
Ұшып жүрген қарайып  
Қарлығаш келіп қалады.

"Бауырым, құтқар, жылдам"-деп,  
Көзінің жасын бұлады.  
Қыспақ қысып жанын жеп,  
Сылқ етіп талып құлады.

"Жыласаң да жібермес,  
Түсіпсің, - деді - какпанға,  
Аузыңнан дәмі еш кетпес,  
Не жетсін терлеп тапқанға".



## САУДАГЕР МЫСЫҚ

(мысал)

Саудагер мысық,  
Көздерін қысып,  
Саудасын күсет жүргізді.  
Пайдасы белден,  
Жиналып елден,  
Қуаныш өсіп күлгізді.

"Шетінен пасық,  
Жаралған жасық,  
Пайданы мендей білмейді,  
Деді де күліп,  
Өзімдей біліп,  
Еш жерден еш зат ілмейді".

Көңілі толып,  
Айтқаны болып,  
Масаттанып, мақтанды.  
Жүрсе де маз боп,  
Әлі де аз боп,  
Есептелді тапқаны.

Байлығы өсіп,  
Мақтанып, бөсіп,  
Жәбірлей берді өзгені.  
"Берін де табам,



Жүрсем деп аман"  
Тек дүниені көздеді.

Жуасты таптау,  
Мықтыны жақтау -  
Болды оның бар тілегі.  
Жалғыз-ақ сезім  
Болсам деп өзім,  
Арманы өсіп үдеді.

Мысыкша көзін жұмып, пайда тапқан,  
Дүниеге адамдық па арын сатқан?



## БОРСЫҚ ПЕН ҚОСАЯҚ

Бір кезде борсық та арық боп жарапты,  
Шамадан кеп ішпей тамақты,  
“Ел билеу ылайық бұған” деп,  
Қосаяқ, тышқандар бағынып қарапты.

Мәз болып билігін еркімен жүргізді,  
Біреуді жылатып, біреуді күлгізді.  
Ең дәмді тағамды жинатып  
Өзінің ұлықтық өмірін көп жанға білгізді

Аз күнде - ақ толықсып семірді,  
Керегі табылып, болыпты көңілді.  
Өзінен басқаны ойламай,  
Қызықтап өткізді өмірді.

Бір күні қосаяқ борсықты көреді,  
Иіліп сәлем береді.  
“Мен журмін күнелтіс таба алмай  
Не жәрдем бересің, ұлығым” - деп еді.

Айтуға жауабын ерініп,  
Денесін бір жазды шалқайып керіліп.  
- Жолама маңыма - деді де,  
Бұрылды қарауға тыржиып ерініп.



Болады кейбір жандар борсыққа ұқсас,  
Өзіне пайдасызға мойын бұрмас.



## ҰЛЫҚ ҚАРҒА

(мысал)

Құс өкілі жиылып бар әлемнен  
Кеңес құра бас қосып түгел келген.  
Деп келісті: "Біздерге билік құрсын,  
Тенген қауып - қатерді бұрын көрген".

Жоғары қонып тұрған биік талға,  
Карқ етті бір уақытта ала қарға.  
"Жауың таяп келеді әне" - деді  
Аңшыны байқап алып шыққан аңға.  
Осылай ұлық болды билік тиіп,  
Ұнатып қоймаса да бәрі сүйіп.  
Күшейді бақ қонған соң сесті болып  
Кұстарды әуреледі күнде жиып.

Айтқанын екі қылмай бебеу қақты.  
Тек қана бұйрық беріп қарға жатты.  
"Мен құсап үйрен - деді - нәжісті жеп".  
Мұнысы бәрінен де жаман батты.  
Қайтадан құстар келді басын қосып,  
Тыңдады бірін-бірі сөзін тосып.  
Келісті: "қарға билік құрмасын" - деп,  
Кетерміз ол тұрғанда босқа босып".



## "СЕРІ" БАҚАЛАР

(мысал)

Қара бұлт кеп әуелі дауылдатып,  
Төгіп-төгіп жіберді жауындатып.  
Ағын болып жайылды өзекшелер,  
Құйған судан төбеден сауылдатып.

Екі бақа дем алған сайда жатып,  
Малтып жүзіп жөнелді суға батып,  
Шалшығынан жеріген екеуі де,  
Көрмек болды теңіздің дәмін татып.

"Шіркін теңіз жүр едің қолға түспей,  
Аңсауда едік балдай ғып суын ішпей.  
Тоқтамаспыз біз енді сайран салып,  
Естен шықпас қызықты өмір кешпей".

Екі "сері" еліне сәлем айтып,  
"Оралмаспыз - деді олар - енді қайтып".  
Жүрмек болды өнерді бір көрсетіп,  
Атақ - даңқын жат жерде бір зорайтып.

"Сасық суда жеркенбей жүрдік қалай?  
Бар өмірді өткізіп талай-талай".  
Жеркенішпен есіне ап өскен жерін,  
Жөней берді артына бір қарамай.



Бір көруге арманы теңіз болып,  
Көз жетпес кең арнасы жатқан толып,  
"Таза ауасын сіміріп жүрсек" - дейді,  
Кең шалқарды аралап, жайлап қонып.  
Тасыған су суалып тоқтады ақыр,  
Айналасы жап - жалтыр болды тақыр.

Екі бақа ішетін су таба алмай,  
Шалшығына жете алмай шөлде жатыр.

Тұған жерге теңеліп не жетеді,  
Менсінбесең ол сені сенделтеді.



## ТАУЫҚ ПЕН ҮЙРЕК

(мысал)

Еңбекшіл тауық,  
Жұмыртқа тауып,  
Бірін де басып ертпеді,  
Ұясын қарап,  
Өркімдер талап,  
Өзіне бірі жетпеді.

Балапан бассам,  
Жем тауып шашсам,  
Көңілді арман болар ма?  
Шықылдап жүрген,  
Соңымнан ерген,  
Бөбектің орны толар ма?

Үйректен сұрап,  
Бастарын құрап,  
Балапан басып шығарды.  
Көңілі тасып,  
Дән тауып, шашып,  
Қандырды бір құмарды.

Кекетіп үйрек,  
Сөзбенен түйреп,  
"Сенікі - деді - қара тер,  
Одан да мендей,



Бейнетті көрмей,  
Жалғыз басың жүре бер".

Үйректің сөзі,  
Қараған көзі.  
Кете берді ұнамай.  
Қызыға қарап,  
Түгелдеп санап,  
Дәйек тауып тұра алмай.

Жалғыз - ақ кемі -  
Үйрек қой тегі,  
Суға да түсіп кетеді.  
Соңынан қалмай,  
Шаршап та талмай,  
Жанын да құрбан етеді.

Бір күні үйрек,  
Мұңайып күйреп.  
Менікі - деді - бәрі де,  
Өуелде безіп,  
Дүние кезіп,  
Жүруші еді әріде.

Қызыға қарап,  
Сезбенен жанап,  
"Өзіме қайтып бер" - деді.



Аздаған еңбек  
Болды ғой ермек,  
"Пұлдамай оны көн - деді.  
"Келме - деп-жуық",  
Үйректі қуып,  
Тегіс ертіп жөнелді.

Өсіріп бәрін,  
Келтіріп сәнін,  
Қызыққа тауық кенелді.

Біреулер бала өсіріп бейнет көрмей,  
Жүргенді жақсы дейді-ау бір қара ермей.



## МАЗАҚ БОЛҒАН ҚАРҒАЛАР

(мысал)

Бір-бірін ала демей, қара демей,  
Ұзақты кішірейтіп, бала демей.  
Қарғалар бір қауым боп жүрген екен,  
Бата алмай сыртқы дұшпан нелер егей.

Кенеттен біріне кеп хауіп төнсе,  
Басқасы жан ұшырған оны көрсе.  
"Туыстан неге аянып каламыз" - деп,  
Дайын боп тұрушы еді бірге өлсе.

Рас боп "бірлік түбі - тірлік" деген,  
Қарғаны құс болмапты алып жеген,  
Аласы, қарасы да, ұзағы да -  
Үшеуі үш жік болып бөлінбеген.

Ақыры үшеуінен кетіп бірлік,  
Ойран боп бұзылыпты күшті тірлік,  
Жауығып бірін-бірі аямастан,  
Жағдайға душар бопты бір мүшкілдік.

Жауығып, туыс жандар шабысканға,  
Қырлысып, бірін-бірі тауысканға.  
Бастары екеу болып қосылмайтын,  
Мазақ қып күлді дейді сауысқан да.



## ТАУ МЕН ТӨБЕ

(мысал)

Өр кеуделі алып тау біткен биік,  
Бұлттар шөккен төбесі көкке тиіп.  
Төмендегі төбеге көзін сүзді,  
Шалқақтап тұр еңкеймей басын иіп.

- Қораш болып бар денең қалай біткен,  
Саған қарап күледі-ау өткен - кеткен.  
Ұялмай-ақ қарайып неге тұрсың,  
Жерге кіріп жоғалмай мына бетпен.

Не керек өмір сүріп зор болмасаң,  
Не қыран боп биікке бір қонбасаң.  
Арнасына ағындап сыймай тасып,  
Жазғытұрғы өзендей бір толмасаң.

Саған көңілін аударып кім бөледі,  
Бұл қалыпта түріңді кім көреді?  
Маған ұқсап зор болып тумайсың ба,  
Тәжім етіп сөлемін жұрт береді.

Немене тау тұрғанда төбе деген,  
Көзіне шіркейдің де ілінбеген,  
Несіне жарық көріп мәз боласың.  
Дүниеде бар мен жоғың білінбеген.



- Асқақтамай, такаббар, тоқта сөзге,  
Биік жоқтай әлемде сенен өзге.  
Баурымды ел мекендеп: мал жайылар,  
Көрінсем де қораш боп көрер көзге.

Біткенменен найзадай төбең биік,  
Жарылқайсың кімдерді, пайдаң тиіп.  
Қысы-жазы сайрандап қоныс етіп,  
"Құт төбе" деп ат қойды елім сүйіп.

Кей жанның дәрежесі болса да құз,  
Ешкімге жаны ашымас жүрегі мұз.



## ӨТІРІКШІ САУЫСҚАН

(мысал)

Шықылдап жүріп,  
Өзілдеп күліп,  
Сауысқан көпті алдады.  
Үлкеннен де,  
Кішіден де,  
Алданбай жан қалмады.

Айтқанын берді,  
Бәрі де сенді.  
Өтірік бізге айтпас деп,  
Құлықпен күлді,  
Алдауды білді,  
Жүре берді тойып жеп.

Біртіндеп жеріп,  
Алдауын көріп,  
Сенетіндер сиреді,  
Іске аспай айла  
Азайып пайда  
Кесектеп үлес тимеді.

Тұзаққа түсіп  
Кете алмай үзіп,  
Бір күні қатты терледі.  
Шақырса келмей,



Біріде сенбей,  
Ешбірі көмек бермеді.

Қасынан жанап бәрі де өтті,  
Өтірігі өзінің түбіне жетті.



## ҚАСҚЫР МЕН АЮ.

(мысал)

Аяз, аштық жанына қатты батқан,  
Қар жабысып жүніне мұз боп қатқан.  
Күші кетіп, әлсіреп жүдеп қасқыр,  
Кез болыпты аюға ұйықтап жатқан.

- Түсің қалай жаман еді, шошып қалдым,  
Қайдан іздеп сен мені тауып алдың.  
Айлаң да бар, әлің бар, пысық едің,  
Сен татпаған еті жоқ аң мен малдың.

- Ол бір елес болып тұр өтіп кеткен,  
Мен де ер едім айтқан сөз, сертке жеткен.  
Өзіңді ойлап, бір жүріп дос болсам деп,  
Аңсап едім көруге сені көптен.

Достым, енді қасыңа ал, паналатып,  
Өткізейін бір қысты ұйықтап жатып.  
Жортуылдан жол болып тұрғаны жоқ,  
Қыс ызғары барады жанға батып.

Тыңдап жатқан аюдың мейірі түсіп,  
"Енді қалма, - деді ол-суыққа ұшып,  
Бауырына басты да жылындырды,  
Секілді етіп өзінен туған күшік.



Жылы жерде біршама уақыт өтті,  
Түкті сезбей аю да ұйықтап кетті.  
Мынау қапас жанына жаман батып,  
Қасқыр тұрып досына "кеттім" депті.

"Мен білмеймін, ұйқың ба, өлгенің бе,  
Мынау кең дүниеден көргенің не?  
Өмірдегі үлесің ұйқы болса,  
Таңғаламын дүниеге келгеніңе.

Қасқыр тұрды ойланып біраз толқып,  
Дос боламын деп айтқан серттен қорқып.  
"Өлсемдағы кең дүние қойнында өлем, "  
Деді дағы желше есіп, кетті жортып.



## ТРАКТОР МЕН АРБА

(мысал)

Дөңгелегін жұрдай ғып тонап алып,  
Тастай салған құлатып ойға апарып.  
Трактормен кездесіп арба тұрды,  
Сырласуға жанына жетіп барып.

- Мен ескіріп қалғанмен, бірақ бүгін  
Саған әкеп тапсырдым ғасыр жүгін.  
Жатқаныңа далада таңғаламын,  
Менен жаман қалайша көрген күнің?

Бір күрсінді арбаға мұңмен қарап:  
- Келгеніңе рахмет таяу жанап.  
Кеудемде күш болғанмен, аяғым кем,  
Керек қылған адам жоқ мені санап.

Қарай-қарай келер деп көзім талды,  
Істелер іс алдағы бәрі қалды.  
Кеудесінде жазылмас дерті бар деп,  
Бір пәлені ойда жоқ жаба салды.  
Бір мен емес, шашылып болдық толып,  
Тек қарауыл қарайды құстар қонып.  
Біздер заулап кетер ек көңіл бөлсе,  
Жан ашырлық көз салар адам болып.

Асыл затты далаға кеткен шашып,  
Қиналасың көргенде ішің ашып.



## ҰТЫЛЫС

(мысал)

Ай дала. Қой жайылып бөктерде жүр,  
Кілемдей жердің беті құлпырып тұр.  
Көк майса балаусаға тойып алып,  
Секіріп ойнақ салып төлдер де жүр.

Келемін ұзақ күнде шаршап, талып,  
Жолыма түк түспеген әбден налып.  
Әуезі аңшылықтың әуре қылып,  
Шаршадым қиын-қыстау жерге барып.

Кенеттен селт етіппін ток ұрғандай,  
"Барасың неге мұнда мойын бұрмай -  
Айғайлап қойшы мені шақырады,  
Жылдам жет, бері кел - деп - қарап  
тұрмай".

Тыңдап тұр қабылдағыш қолына алып,  
Ынтасын құмарланып соған салып,  
Толқындап стадион гуілдейді,  
Қызынып айғай салған көрген халық.

Алғашқы доп түскенде торға анық,  
Қойшыны жіберіппін бастан салып.  
Біле алмай не күлерін, не ұрсарын,  
Тоқтады бір қуарып, бір қызарып.



Екенбіз жан күйері екі жақтың,  
Біз жеңдік, біз жеңдік - деп айқай саппын.  
Ақыры қойшы жеңіп шыққан кезде,  
Айта алмай ешбір жауап қарап қаппын.

Халымнан аң атпаған болды жаман,  
Шыдайды мұндай күйге қандай адам.  
Қой жайып қойшы мез боп кете барды,  
Беттедім дел - сал болып елге таман.

Өмірде ұтылыстан жаман бар ма,  
Шыдайсың жан күйсе де, амал бар ма?



## ҚҰМЫРСҚА МЕН АРА

(мысал)

Ежелден еңбек серігі болған,  
Құмырсқа жүрді дән теріп жолдан.  
Араға былай бір сауал берді,  
Таянып келіп гүлдерге қонған.

- Қарашы маған көңіліңді бөліп,  
Шаттанам өзім ісімді көріп.  
Не деген шебер қолдарым қандай,  
Жасаймын бәрін мықты етіп берік.

Илеуім қандай әдемі өзі,  
Сүйсініп тұр ғой көргеннің көзі,  
Білмейтін ешбір жұмыстың жайын  
Не болмақ айтшы сендейдің сөзі".

Ара да кенет ойлана қалды,  
Айтпақшы болып жасырмай барды.  
Салмақпен басып аяңдап қана  
Айтуға жауап қасына барды.

- Илеуің рас, еңбегің екен,  
Оныңды жайлы қыласың мекен.  
Басқаға бар ма пайдасы оның  
Өзгеге орын тиер ме екен?  
Балымды менің жемейтін бар ма,



Тәттіні "балдай" демейтін бар ма?  
Тұрғанда ұям балына толып,  
Илеуге қарап елейтін бар ма?

Болар ма даттағанмен жақсы жаман,  
Ұнатар пайдасызды қандай адам?



## ҚАҚ ПЕН ЖЫЛҒА

Сылдырап жылжып ағып жатты жылға,  
Бет алып өзенді іздеп алып тұлға.  
Қақ тұрып мұны көріп мазақтады,  
"Өуреге түсесің, - деп жылда - жылда.

Жай жатқан тиыш қана қара маған,  
Ешкімге көзін сүзіп қарамаған.  
Сендейге өз бетімен тұру қиын,  
Амалын өмір сүру таба алмаған".

"Тоқта достым, сабыр қыл сөзді тыңдап,  
Біздер көп табысамыз жүздеп, мыңдап.  
Кең дүниені көрмейсің, - деді жылға, -  
Өзгеден өз бетіңді өзің ұрлап.

Көп жылға қосыламыз тасқын болып,  
Асады арнасынан дария толып.  
Бар ғой деп сені жерде кім ойлайды,  
Тек қана су ішпесе торғай қонып".

Толқындап арнасынан өзен асты,  
Күркіреп бұзып - жарып тау мен тасты.  
Өзімен өзі мез боп жатқан қақты  
Мазақ қып жапан дүздің шаңы басты.



Тасқын дария секілді көптің күші,  
Өне ме өзімшілдің еткен ісі?



## ҚЫС ПЕН ЖАЗ

Сұр бұлттан перде жауып, түрі қашып,  
Сықырлап сары аяздан ызғар шашып.  
Долданды кәрі шалдай ашулы қыс,  
Қабағын түкситкенде қырау басып.


Алыстан жас жігіттей жазды көріп,  
Ашуы өсе түсті бойын керіп,  
Жек көріп қарай берді қызғанышпен,  
Қалайша кетемін деп орын беріп.

Түнеріп қара түндей ойға батты,  
Бір кезді долы ашумен айла тапты.  
Таянып жаз ығымнан жүрмесін деп,  
Жер бетін алай - түлей борандатты.

Ешкімге көз салмады мойын бұрып,  
Аузына не түссе де жалмап, жұлып.  
Ақыры, шыдай алмай кәрі кеуде,  
Тоқтады күрк - күрк етіп, демі құрып.

Жас толған екі көзін ашып еді,  
Жаз келіп, жер дүние күлімдеді.  
Бас иді жас жігітке, амалы жоқ,  
Қолынан мұнан өзге не келеді?





Жақсылық жаз секілді түсі жылы,  
Ешкімге құр ызғардың жоқ қой құны.



## МЕРТІККЕН ҚЫРАН

Шарықтап қия шыңнан ұшқан қыран,  
Бұлтты да көкте қалқып құшқан қыран.  
Мерт болып қозғала алмай жатты сұлап,  
Мүсәпір жан табылмай мүскін мұнан.

Қарға кеп төбесінде ойнақтады,  
Секіріп, қарқылдап кеп тойтақтады,  
Табалап жатыр мұны кейбір құстар,  
Қуаныш еш нәрсені ойлатпады.

Шаттанып, масаттанып шыпшық торғай,  
Мақтанды: - Емеспін - деп менде мұндай.  
Қыран деп халық қағыс айтады екен,  
Несі оның батырлығы жатса тұрмай.

Кейбірі қорлау жолын ойлап тапты,  
Сынған қос қанатынан сүйреп тартты.  
"Көтерсін күші болса мені арқалап",  
Деді де күшіген кеп салмақ артты.

Қарағус, бөктергілер тегіс қаптап,  
Астында аяғының жатты таптап.  
Кейбірі алып жатыр кеткен кегін,  
Талай жыл ішіндегі жүрген сақтап.



Қынжылып қыран бірақ қыңқ етпеді,  
Белгілі өз бойынан күш кеткені.  
Ойлады: "өлейін" - деп жалынбай-ақ,  
Өмірден кімдер жылап, кім кетпеді.

Сыңғырлап ақырында аққу келді,  
Қыранның қалжыраған халін керді,  
Тоқтатып даурықтырмай бәріндағы,  
Тыңдатып бір-ақ ауыз жауап берді.

"Байқасам реніш жоқ қыран панда,  
Танытты қыран атын тірі жанға.  
Өткізе өмір жолын соған ұқсап,  
Кісінде өкінішті арман бар ма?"



## МЫСЫҚ ПЕН ТЫШҚАН

Бір күні жолбарысты мысық көріп,  
Өзінен тұрады үркіп, өзі жеріп.  
"Мүсінім бұған ұқсас болғанымен,  
Неліктен болмадым - деп - мұндай берік

Өзі зор, өзі айбатты, өзі мықты,  
Беттетпей алысқанын алып жықты.  
Зорсынып күжірейіп, кездескенді,  
Артына бір қаратпай көрге тықты.

Өкінем дәл осындай болмағанға,  
Соншама кішірейтіп қорлағанға.  
Маған да берер күші, зор денесі,  
Жаралып бұл өмірде болмаған ба?

Жай ғана жасырынып мойын бұрып,  
Мысықтың айтқан сөзін естіп тұрып.  
Тышқан айтты: үлкен іс істей алмай,  
Өлсіз бен кішілерді жүрсің қырып.

Мысық тыңдап тышқанды тұрып қалды,  
"Қымсынба, - деп қасына таяу барды, -  
Айтып берші дәл сондай болатындай,  
Маған істер қай айла, тәсіл қалды".



Алысқаны жұлқысып аю, қаблан,  
іс тындырмай қоймады ойына алған.  
Арыстанның өзінен қаймықпайды,  
Сен дейсің бе тырнағын бізге салған.

Сен неге мықтылармен алыспайсың,  
Қатар жүріп солармен таныспайсың.  
Бойдағы қару күшті көрсете алсаң,  
Қатардан сонда ғана қалыспайсың".

- Рас-ау, жолбарыстан қай жерім кем,  
Түр - түсім үйлесіп тұр, болып-ақ тең.  
Күшімді күнде көріп байқап жүрген  
Сырымды айтқызбай-ақ білесің сен.  
Дұрыс деп тышқан сөзін ойына алды,  
Аюмен жұлқысуға таяу барды.  
Қозғалтпай біржолата қояйын деп,  
Басынан тырнағымен бүріп қалды.

Аюдың қатты тиді ашуына,  
Шыдар ма мұндай қорлық басынуға.  
Жібермей жұлып алып таптай салды,  
Жұлқынып шама келмей қашуына.

Күштінің әр уақытта күші басым,  
Алысып оныменен не қыласың?



## ГҮЛДІҢ МҰҢЫ

Көршісіне еліктеп,  
Бір әйел түрлі гүл екті.  
Сауытын сүртіп дәріптеп,  
Мезгіл-мезгіл су септі.

Қош иіс тарап бөлмеге,  
Тамаша сәнді өзгерді.  
Көркейе түсіп көргенде,  
Көз тартарлық өң берді.

Кез келген соң жақсы бап,  
Гүл де өсіп түледі.  
Мөлдір суға тойып ап,  
Күнге қарап күледі.

Арада аз-ақ күн өтті,  
Әлгі әйел салғырт тартады.  
Біртіндеп гүлден сән кетті,  
Қайғысы басып артады.

Қасына таяп жақын кеп,  
Ағаштан сауал сұрады.  
"Достым-ау қалың қалай" - деп  
Көзінің жасын бұлады.



"Сарғайып жапырақ төгіліп,  
Ку сояу боп тұрмын ғой.  
Жыласамда егіліп,  
Көрсетпей кетті ием бой.

"Біз түгіл - деді - гүл тұрып,  
Үйін де жөндеп жимайды.  
Төңіректі кезіп, сыдырып  
Өсекті "қаптап" жинайды.

Ұйқыдан тұра асығып,  
Киіне салып қашады.  
Үй ішін қалған шашылып,  
Шаң мен тозаң басады.

Жас балалар шырылдап,  
Өксіп жылап қалады.  
Кешке келіп суылдап,  
Бәрін де "жинап" алады.

Жұмыстан келсе жұбайы,  
Мезгілмен ас піспейді.  
Тимейді қолы ұдайы,  
Енді оған не істейді".



Болмаса іске табанды,  
Қалайша гүлді баптасын.  
Гүл түгіл одан адамды  
Өрқашан құдай сақтасын.



## ШОҚ БАСҚАН БАЛА

Талпынып жүрген жас бала,  
Қызыл шоққа қарады.  
Бітпеген әлі ой - сана  
Сәбиді тартып барады.


Әдемі сәуле жарқылдап,  
Қызықтырды көздерін,  
Шақырады қол бұлғап,  
Сәбиге арнап сөздерін.

Қанша ойыншық болса да,  
Бәрінен оның жерінді.  
Айнала маңы толса да,  
Қызыл шоқ тәуір көрінді.

Орнынан жылжып ұмтылып,  
Алмақ болып ой кетті.  
Жетіп барып жұлқынып,  
Басып қап шоқты баж етті.

Жан ұшырып жүгіріп,  
Анасы келді даладан.  
Қарай қалып үңіліп,  
Шошып кетті баладан.





Шоқ басқан түкті сезбей жас баладай,  
Білмесең өкінішті іс өтер талай.



## САРШҰНАҚ БӨГЕТІ

Көткемде жатушы еді тасып өзек,  
Саршұнақ тоған салды оны бөгеп.  
Масайрап өз ісіне сүйсінеді,  
- Мен суды тастаймын - деп - мүлде бөгеп.

Тұрайын бәрін көріп, үстінде мен,  
Су бұзып енді мұны алар ма екен.  
Дүниеге жасап кеткен игі іс болып,  
Мәңгілік мызғымастан қалар ма екен?

Тағы да күн жылынды көктем келіп,  
Маңайдың қары кетіп қауырт еріп.  
Үстіне бөгетінің шығып тұрды,  
Болды - деп су бұзбастай бәрі берік.

Гүрілдеп арнасы асып, өзек ақты,  
Бөгеттің асып, тасып бетін жапты.  
Қаратпай алды - артына бірге ағызып,  
Саршұнақ суға малтып келе жатты,

Кісіге өзі қылған ақылсыз іс,  
Басына ауыртпалық түсірер күш.



## ӘЛЕМ САЯХАТШЫСЫ

Қар басқан шексіз кең дала,  
Аязбен тұрған сықырлап,  
Жылытқандай жерді сол ғана,  
Зауыттан түтін бұрқырап.

Кенеттен көкті қақ жарып,  
Аспанға қыран самғады.  
Ғарышқа алыс бет алып,  
Самғай берді, талмады.

Туып ойнап өскен жер,  
Алақандай боп қалды.  
Қазақстандық қажырлы ер  
Ғарышқа тыңнан жол салды.

Аралап көріп әлемді,  
Сапардан ұзақ оралды.  
Қарсы алуға жұрт келді,  
Сұрауға көрген не барды.

"Алыста болдым" - деді ол,  
Қойнына байлық симаған.  
Алтын, күміс бәрі мол,  
Сиғызып бәрін жинаған.



Қонақты болдым Марста,  
Құрметтейді қарсы алып.  
Саяхат шеккен алысқа,  
Адамды көріп таңқалып.

Шолпандай сұлу оянып,  
Көзін ашты керіліп.  
Барсам да жақын таянып,  
Сөйлесуге ерініп.

Мен адаммын - деп едім,  
Шошынғандай селт етті.  
"Аралап жүрген сен бе едің  
Саяхат жасап жер-көкті?"

Қай елденсің, қай жерден,  
Өжеттікпен жол шеккен.  
Көп ғасырда мен көрген  
Мақсатқа мұндай кім жеткен".

Дегенде мен мақтанып,  
Дедім: мен Абай елінен,  
Жауап бердім шаттанып,  
Ұштым дем қазақ жерінен.



## МАҚТАНШАҚ ТЕКЕ

Мәз болды бір күн  
Мақтанып теке:  
"Тең келмес ешкім  
Өзіме жеке.

Найзадай біткен  
Мүйізім қандай!  
Көріп бір өткен  
Қағады таңдай.

Бұқаны келіп,  
Түйреп бір өтсем.  
Өлтіре жеңіп,  
Әжуа етсем.

Дұрыс па деді  
Қошқардан сұрап.  
Кім жеңсін мені,  
Қалмай ма сұлап".

"Батыр боп бейнең,  
Біткені рас.  
Күші бар саған тең  
Кездесе қоймас".



Бақылдап теке,  
Мәз болып күлді.  
Бұқамен жеке  
Бетпе - бет келді.

Секіре келіп,  
Бірнеше сүзді.  
Ала алмай жеңіп,  
Күдерін үзді.

Мазасы кете,  
Бұқа да қақты.  
Мақтаншақ теке  
Мертігіп жатты.

Орынсыз мақтаншақтық күлкі етпей ме,  
Түбіне құр қошемет сөз жетпей ме!



## КӨБЕЛЕК ПЕН АРА

Араға жаны ашыды көбелек кеп:  
"Бір дамыл күні бойы көрмейсің - деп.  
Жинайсың да жүресің шырын балды.  
Және рахат таппайсың оныңды жеп.

Не керек құр бейнетпен күн өткізіп,  
Өзінді әлде кімге құл еткізіп.

Мен құсап сауық-сайран салмаймысың,  
Қеңіліңді қия шыңға бір жеткізіп.

Жатамын салқын күнде пана жерде,  
Жұмысы жоқ ескерер елдің менде.  
Шығамын күн жылынса күліп ойнап,  
Мәз болып қуанышпен өлмегенге.

Мен сендей көрінгенге жем емеспін,  
Өлсе де өзге жанға дән бермеспін.  
Қайтемін жанды қинап бейнет қылып  
Ешкімнен егескенде кем емеспін".

Сөзіне көбелектің ара күлді:  
"Мен гүлден шырын жиам алуан түрлі.  
Өзгеге, өзіме де пайда жасап  
Өткізем характер қып ұзақ күнді.



Пайдаң жоқ өзіңе де, өзгеге де,  
Бір ғана қара басың көздегенде.  
Өмірге келгеніңе құр мәз болып,  
Қайранмын еш нәрсені сезбегенге.

Кай адам сені жан деп мойын бұрсын  
Өзіңе өзің тойып мәз боп тұрсың.  
Су болған ашық күнде жауын жаумай  
Күнелткен қалт-құлт етіп күні құрсын".

Не пайда күн өткізсе көбелектей,  
Белсеніп ешбір жерде еңбек етпей.



## ҚОЙ МЕН ҚАСҚЫР

Қора ашық, аяз қысып сықырлаған,  
Естілер қой дыбысы тықырлаған.  
Қасында қасқыр келіп тың тыңдайды,  
Адамның қарасы жоқ қыбырлаған.

Келді де таяуырақ аңдып бұғып,  
Терезе сынығынан басын сұғып,  
Қарады қора ішінде қалың қойға,  
Бүрісіп, суық сорып тұрған ығып.

"Бейшара түсіпсіңдер қиын күйге,  
Тұрсыңдар жаурап, тоңып үйме-жүйме.  
Сендерді мұнша неге тығыздаған,  
Арада ашық жер жоқ кірер ине.

Өлділер әлсіздерді таптап басып,  
Кетіпті бәріңнің де түрің қашып,  
Бет алып барар едің қандай жаққа,  
Жіберсем шалқасынан қақпаны ашып?"

Қасқырға жауап берді қойдың бірі,  
"Әйтеуір жан шықпаған жүрміз тірі.  
"Жөнде" - деп қой қораны кетуші еді,  
Бастықтыр келіп жүрген нелер "ірі".



Ақыры біздің жағдай осы болды,  
Боранда іші лықып қарға толды.  
Қас десек, сен де бізге дос екенсің,  
Анықтап өзің айтшы барар жерді."

Мен сені апарайын апаныма,  
Жып-жылы кім барса жатады да.  
Дәл мұндай аңғал-саңғал емес кой ол,  
Жағдайың жанға жаман батады да.

Қасқырдың айтқан сөзін достық көріп,  
Мақұлдап ұйып тыңдап әбден сеніп.  
Мынадан апан жаман болмас-ау деп,  
Соңынан сол қасқырдың жөнелді еріп.



## КӨРІ ТЕРЕК ПЕН ЖАС ТЕРЕК

Жайқалып тамыр жайып өсті терек,  
Көз тартып биік болып елден ерек.  
Өзінен маңайында басқа жан жоқ,  
Құр жалғыз көктегені неге керек?!

Ойланып жалғыздығы жанға батты,  
Есіне ап ізсіз өткен жастық шақты,  
"Қасымда серіктесер біреу болып  
Өссе" - деп күндіз-түні тілеп бақты.

Ақыры бір тамырдан өсті терек,  
Арасы таяу ғана емес бөлек.  
Құпырды күн-күн сайын тола түсіп,  
Жамылып жаздыгүні жасыл желек,

Жас терек бойлап өсіп, қуып жетті,  
Көрінің жыл-жыл сайын сәні кетті.  
"Сойдиып сенімді алып бірге тұрмай,  
Жас терек көріге "сен, жоғал" депті.



## КҮЙЕ ЖАҒЫЛҒАН АҚҚУ

Аққуды күндеп жүріп айдындағы,  
"Қалайша асады - деп оның бағы"  
Көкқұтан күндіз-түні ойға қалды,  
Қастандық жолын іздеп сынар сағы.

"Мен де құс аққуменен бойым бірдей,  
Білетін көп нәрсені ойым бірдей.  
Кетеді-ау такаббарсып тым асқақтап,  
Ешкімді баса көктеп көзіне ілмей.

Мен оның шығарайын масқарасын,  
Қалардай мүсәпір бол төгіп жасын.  
Көрген жан мазақ қылар күйе жағып,  
Қор ғылып бір тастайын оның басын.

Ақыры айла жасап жолын тапты,  
Бір түнде алапес қып күйе жақты.  
"Аққуың азып-тозып кетті ғой" деп  
Жан-жаққа дамыл таппай хабарлапты.

Ұйқыдан оянса аққу түрі бөлек,  
Таң қалып көрушілер тұр ентелеп.  
"Азғындап бұл байғұсқа не болды" - деп,  
Мазақтап кейбіреуі күледі тек.



Көкқұтан масаттанып мәз боп отыр,  
Жиналған көпті көріп опыр топыр.  
"Не болған сымбаттым-ау деп қояды.  
Болған ба түкті көрмес көзің соқыр".

Аққудың өңі қашып, түсі солды,  
Ұялып екі көзі жасқа толды.  
"Көрінбей су түбінде шіриін" деп  
Тереңге көзін құртып кетпек болды.

Шынымен өлді ме деп жанын қиып,  
Мұңайып достары тұр басын иіп.  
Жарқ етіп су бетіне шыға келді,  
Жағылған күйе кетіп есін жиып.

Көкқұтан сасып қалды көріп тұрып,  
Бұл өзі кетпеді деп қалай құрып.  
Күйінді есі кетіп, пұшәйман бол,  
Енді аққу кетеді-ау деп бермей ырық.

Өзінен асқан жанды көре алмайтын,  
Асылға әділ баға бере алмайтын.  
Сұрқия сумаңдаған жандар бар-ау,  
Жақсыға жала жаппай жүре алмайтын.



## БАЛА МЕН БАЛАПАН

Зерігіп ұясында жас балапан,  
Талпынып ұшайын деп қанат қаққан.  
Денесін көтере алмай құлап түсті,  
Қасына бір сәбидің жылап жатқан.

Балапан үңіледі адам ба деп,  
Тұтылып бір пәлеге қалам ба деп.  
Хал бар ма бұған тиер ол байқұста,  
Жатыр ғой ата-анамды табам ба деп.

Баланың әлсіз күйін көзі көрді,  
Мән-жәйін сұрайын деп таяу келді.  
"Сен, бала, қайдан келіп, қайдан жүрсің?  
Жөніңді айт" - деді дағы сауал берді.

Бұл жерді келіп қалдың қайдан тауып?  
Шамаң жоқ етер маған қылар хауіп.  
Түріңді ешбір адам көрмесін деп,  
Жапырақ жас шөптермен кеткен жауып,

- Мені анам тастап кетті жаңа ғана,  
Түсін де аңдамадым көзім шала,  
Білмеймін жазығым не, кінәм қандай  
Дүниеге не бүлдірдім келе сала.



Не жаздым сәби болып күлмейтіндей,  
Жұртқа еріп өсіп бірге жүрмейтіндей.  
Өлсін деп осы жерге әкелді ғой,  
Ескеріп адам көзге ілмейтіндей.

Шырылдап сол орында бала жатты,  
Ақыры үні шықпай сіле қатты.  
Ұядан құлап түскен балапанды  
Шарық ұрып енесі кеп іздеп тапты.

Анасы балапанға бәйек болып,  
Шырылдап бір тынбады ұшып-қонып.  
Баланы керек қылар жан болмады,  
Жатса да суық жерде жаурап-тоңып.

Бар еді жас сәбиде қандай жазық?  
Сұмдық-ай кеткені ме адам азып.



## ӘЛДИЛЕШІ МЕНІ ӨЛЕҢ

Әлдилеші мені, өлең,  
Жанымды тербет баладай.  
Балқып-ақ кетсін бар денем,  
Буынға қатқан қарамай.

Іздей бер талмай өмірден,  
Мәңгілік мөлдір махаббат.  
Орын ал мықтап көңілден,  
Жолатпай ешбір кіршік, дат.

Жыршысың ғой жүректің,  
Қажымайтын, тозбайтын.  
Паш етіп бәрін тілектің,  
Айтылмас сырды қозғайтын.

Таяна келші қасыма,  
Құрмет қып қарсы алар деп.  
Қонсаңшы құс боп басыма,  
Ойлама бір дақ салар деп.

Қылайын қорғап сені егес,  
Сен үшін құрбан өмірім.  
Опасыз саған мен емес,  
Дос болшы, жан серігім,



## КӨҢІЛ КҮЙЛЕРІ

Өкінбеймін жастық дәурен кеткенге,  
Егделігім еркін келіп жеткенге.  
Өкінем-ау, айтқанменен не пайда,  
Уақытым тек, құр пайдасыз өткенге.

Көріліктің де көркі менен сәні бар,  
Көп көрінің өмірінде мәні бар.  
Бәрін жиып айдай берме өткелге,  
Таңдап оның асылдарын теріп ал.

Сақал, мұрттың қардан аппақ ағы бар,  
Екі беттің әжімдері тағы бар.  
Үлкендер де сүйеді де, күйеді,  
Оныңдағы жас жандардай жаны бар.



Көмірдей жалт - жұлт еткен қара шашты,  
Бұл күнде күзгі күндей қырау басты.  
Алмадай албыраған екі беттің  
Сай-сай боп әжім түсіп, сәні қашты.

Сонда да қалмайды екен көңіл жасып,  
Өмірге құштарлығым барады асып.  
Сәуле іздеп отқа түскен көбелектей,  
Нұрына жарық дүние мен де ғашық.



Өткен күн ұқсайды сағымға,  
Қартайып тоқтаған шағымда,  
Қадірін жалт еткен жастықтың  
Құр ойлап, көңілім сағым ба?

Өмірі кері ағып қайтпайтын  
Не тоқтау тасыған ағынға.  
Жас дәурен қанша асыл болса да  
Оралып келмейді тағы да.

## АЗАПТЫ ЖЫЛДАР ӨУЕНІ

### I.

Мен едім жапандағы жалғыз терек  
Бітпеген жапырақты жасыл желек.  
Болмаса панасы жоқ саялауға,  
Сойдыйған жалғыз терек кімге керек?  
Балам да, бірге туған аға-Іні жоқ,  
Кім білсін жүргенімді жадап-жүдеп,  
Айдауда қалжыраған тар кезеңде,  
Көрмедім мойын бұрған бір жанды елеп,  
Құрбылар жоққа санап жүрген шығар,  
Көбінің көзің тайса - көңілі бөлек.  
Кей кезде көзге жас ап қиналамын,  
Жоғалып кетем бе деп қалмай дерек...



Оралып елге қайтып жетемін бе?  
Әлде мен құр азаппен өтемін бе?  
Көз салып, келер күнді болжай алмай,  
Кейде бір налып, жасып кетемін де,  
Нақақтан "жау" атанып ел-жұртыма,  
Жан төзбес ауыр азап шегемін де,  
Бір мезгіл мұңымды айтып сырласымын,  
Жан жолдас, серік болған өлеңіме.  
"Шыдамдық - данышпандық" деген сөзді,  
Өзіме медеу-тірек етемін де.  
Әділдік түбі жеңіп шығар-ау деп:  
Келемін бір үміттің жетегінде...

## II.

Қош боп тұр әке-шешем, туған-туыс,  
Мен кеттім басқа түсіп қиын жұмыс.  
Сіздерді қайта айналып көргенімше,  
Талай жыл өтіп кетер, жаз бенен қыс.

Сүйеніп таяғына әкем қалды,  
Мен үшін құрбан қылар шыбын  
жанды.

"Құлыным қашан кайтып  
келеді" - деп,  
Далаға қарай-қарай көзі талды.



Қалдың ғой аңырап-жылап қайран анам  
Айдалып қоштаса алмай кетті балаң.  
Тілерсің аман-есен оралсын деп,  
Қылатын онан басқа бар ма шараң.

Бір туыс қарындасым Зәкиә жан,  
Аттанды ұзақ жолға жалғыз ағаң.  
Сенің жас, әке-шеше дімкәстігі,

Мұңайтып көңілімді қылады алаң.  
Жайдары бұрыңғыдай күле алмаймын,  
Еркім жоқ өз бетіммен жүре алмаймын.  
Құстаймын торға түскен тығырыққа,  
Алдымда не боларын біле алмаймын.

Басыма күндер туды екі талай,  
Барамын алды-артыма қарай  
алмай.

Мән-жәйді ең болмаса  
білгіздіріп,  
Сіздерге бір жапырақ хат  
жазалмай.

Тұрса да жас өмірге қауіп төніп,  
Қалған жоқ біржолата үміт сөніп,  
Көз жасы текке кетпес деп ойлаймын,  
Жазықсыз жапа шеккен кепті көріп.



### III.

Қалдың-ау мұнарланып Алатауым,  
Мен бе едім қастық қылар сенің жауың.  
Миуалы гүлдеп өскен ағашыңның  
Тілеуші ем сынбасын деп есен-сауын.

Бауырыңда күліп-ойнап қылдым  
тұрақ,  
Ұзаққа созылмады мұным бірақ,  
Буалдыр көзім жетпес алдым  
тұман,

Әйтеуір кетіп барам сенен жырақ.  
Сүйемін елімді де, жерімді де,  
Құрақты айдын шалқар көлімді де.  
Түк өсіп, бұта бітпес құба жонды,  
Бетпақтай шексіз дала шелімді де.

Соларды кінәлімін сүйгеніме,  
Шарпылып ыстығына күйгеніме.  
Заңғарға Алатаудай сүйсінгеннен,  
Тәжім қып алдына бас игеніме.

Алатау көпті көрген төбен биік.  
Жағалай мекендеген халқың сүйіп.  
Бұл күнде жазықсыздан жапа шегіп,  
Бәріміз не мінезден тарттық күйік?



#### IV.

Сар аяз өтіп сықырлап,  
Бетіңді қарып барады.  
Теңселіп басып қыбырлап,  
Жұмысқа халық тарады.  
    Колында ара-балтасы,  
    Екеулеп ағаш кеседі.  
    Келгенінше шамасы,  
    Қозғала берсек деседі.  
Отыра қалса бүрісіп,  
Қатып қалар түрі бар.  
Жүргізбейді сіресіп,  
Аяқты тұсап қалың қар,  
    Бір кезде от маздады,  
    Сыртылдап жанып қу ағаш.  
    Тоңып жүдеп азғаны,  
    Ішіне түсе жаздады.  
"Өшіріңдер отты" деп,  
Тепсініп келді бір бастық.  
Біразымыз таяқ жеп,  
Амалсыз тұрып тарастық,  
    Көтеремнің бірнешеуі,  
    Орнынан тұрмай құлады.  
Кетіп калған кетеуі,  
    Ыршып калай тұрады?



Қалың орман-тоғайда,  
Босқа өліп кімдер қалмады?  
Аштық пен суық оңай ма?!  
Талайды жұтып жалмады.

V.

Жұмыс ауыр, қарын аш,  
Көбіміз жүрміз бүгіліп.  
Еңсе түсіп, көңіл пәс,  
Өмірден мүлде түңіліп.

Жүру қиын теңселмей,  
Баса алмаймыз аяқты.  
Жан екен деп ескермей,  
Қоямыз жеп те таяқты.

Ісіп, кеуіп түр кеткен.  
Ұқсамаймыз адамға.  
Ішеді тамақ күш жеткен,  
Бөрінен осы жаман да.

Бастықтар сүзе көзімен,  
Жаудан да жаман қарайды.  
"Жауыздар" деген сөзінен,  
Бойыңа ызғар тарайды.

Қоштасуға өмірмен,  
Таянып тақау қалып ек.  
Қайғы шықпай көңілден,  
Жүнжіп-жүдеп налып ек.



Қан қақсатқан бар елді,  
Берия торға іліккен.  
Келешекте біз енді  
Қарайтын болдық үмітпен.

Қастық қылған халқына,  
Нағыз дұшпан өзі екен.  
Өділдіктің алдында  
Жауап берер кезі екен.

*Тайшет-Омбы  
1951-1956 жылдар*

### **ҰСТАЗ СЫРЫ**

Асығады ерте тұрып мектепке,  
"Шәкірттерді жарқын жүзді көрсем,-деп.  
Баулып жүріп балапандай еңбекке,  
Білгенімді түсіндіріп берсем" - деп.

Ұға берсін, біле берсін дейді ол,  
Ойы толып, бойы толып ержетіп.  
Аша берсін, таба берсін жаңа жол,  
Ағып жатқан ғылым суын селдетіп,

Тек солардың өркендеуі - тілегі,  
Түлеп өсіп, қанат қақса талпынып.  
Соғар бірге шәкірттермен жүрегі,  
Ыстығына күйіп, бірге шарпылып.



Құрмет етіп отырғанда көп бала,  
Ұғады ол не айтарын көзінен.  
Ұстаз емес сабақ берген жай ғана  
Туған бала секілді олар өзінен.

## БАЛА

Қандай тәтті баланың сөзі балдай,  
Тыңдай берем аузынан көзімді алмай.  
Не сұраса құмартып жауап берем,  
Өңгімесін тыңдаймын қажып-талмай.

Еркелесе көтерем сүйіп, құшып,  
Орындаймын айтқанын құрдай ұшып.  
Қарақаттай көрініп қиғаш көзі,  
Мұрны әдемі секілді қара пұшық.

Жаралғандай бір бітіп, бауыр еттен,  
Бар ықылас сүйемін ақ ниетпен.  
Асығамын үйіме жетсем-ау деп,  
Жерім болса ауылдан ұзап кеткен,

Көргенімше құмартам тағат таппай,  
Келмейді ұйқым бір сүйіп, иіскеп жатпай.  
Болмай қалсам қасында, жолаушылап,  
Болам өуре күн шығып, тәңым атпай.



Жапырағы ағаштың секілденіп,  
Баламенен тұрмай ма сәнім келіп?  
Айырбастап жолына жібермекпін,  
Бала үшін қызықтың бәрін беріп.



Ақын емен, адаммын ақын жанды,  
Құмарлық бой балқытып, есімді алды.  
Тәтті армандар мазалап ұйқы бермей,  
Мазасыз атырамын ұзақ таңды.

Ұстай алмай қаламын бірін берік,  
Маңайымнан кеткендей бәрі жеріп.  
"Суға кеткен тал қармар" дегендейін,  
Тәтті қиял қалады болып серік.

Қуғаным асыл арман жетпесем де,  
Әйтеуір сол үмітім өшпесін де.  
Тербетіп жас баладай әлдилейді,  
Ақыры жалғыз тастап кетпесін де.

## **БАЛАСЫН КҮТІП ӘЛІ ЖҮР**

Ауылдың батыс шетінде,  
Тозығы жеткен бір үй тұр.  
Қайғы орнап әжім бетінде,  
Қасында мүлгіп бір жан жүр



Қарыс жауып қабағын,  
Езу тартып күлмейді.  
Жат көріп бәрін адамның,  
Көрші үйге де кірмейді.

Кездесе кетсе айтары:  
"Келе ме, дейді, жалғызым?  
Жүр ме екен күліп жайдары,  
Көктеп шыққан жалбызым.

Шықпайтын неткен жан берік,  
Мұншама неге қинадың?  
Өлсем екен бір көріп  
Жалғыздың жарқын дидарын".

Жылағанда егіліп,  
Тұра алмайсың қасында,  
Қабырғасы сөгіліп,  
Қан қосылар жасына.


Кейде үйдің манайын,  
Жинағандай болады,  
Көрінген жұрттың талайын  
Шақырып та алады.



"Келе қалса құлыным,  
Осы үй тозып кетті, деп,  
Аңсаған менің жұлыным  
Келер күні жетті" - деп.

Ұйқы көрмей күндіз-түн,  
Баласын талмай іздейді.  
Сұрар деп сүйінші әлде кім,  
Күдерін ана үзбейді.



A decorative border with a repeating floral and geometric pattern surrounds the central text area.

# **АРМАНДА КЕТКЕН АРЫСЫМ**

**(Мұстафа Шоқайұлының аруағына)**

**Толғау.**

Дауыл тұрды. Дүниені шаң басты.  
Жүрген жаңдар түзу жолдан адасты.  
Қызыл тажал қырғын салып әлемге  
Етегіне сүрінумен ер састы.

Зұлымдық кеп дүниені қаптады.  
Жан сақтайтын орын ешкім таппады.  
Ар, намыстан жұрдай қылып адамды,  
Бала әкені, ағаны іні таптады,

Жерге құлап түскендей боп көк аспан,  
Қанпезерлер өртеп бәрін от шашқан.  
Адамды адам аждаһа боп жұтқанда,  
Тоғайынан пана таппай аң қашқан.

Осылай боп елдің іші бүлінді.  
Адал жандар шыбын жаннан түңілді,  
Туған жермен жасын төгіп қоштасып,  
Елден безді нелер асқар білімді.

Еңіреп туған жастайынан елім деп,  
Атамекен қасиетті жерім деп,  
Намысқой ер, ойшыл дана Мұстафа,  
Өз еркімен жауға қалай берілмек?



Дүлей күшке қалай карсы тұрады?  
Дұшпан жеңді, өз айтқанын қылады.  
Елді сақтау ниетімен құрылған,  
Жаңа өкімет Қокандағы құлады.

Көсемдерін атып жатыр аямай,  
Қояр емес бір тықырға таямай.  
Қапияда қолға түссе біреуі,  
Жазалады кім екен деп қарамай.

Кеудесінде құр тұншығып арманы,  
Ойға шомып күңіренді де зарлады.  
Кара түнек торлап алған әлемді,  
Келешектен сәулелі үміт қалмады.

Түркістанда түлеп өскен өр қыран,  
Көрді айнала түтіндеген көк тұман.  
"Шығар екен - деп ойлады түңіліп -  
Не өртенбей, тұншықпай кім мұнан?"

Кім бай болса, кім меңгерсе ғылымды,  
Жыртқыштардың тырнағына ілінді,  
Елге тұлға болатуғын асылдар,  
Көздеріне у жыландай көрінді.



Жер де, ел де түсіп қалды табанға.  
Көнбеді ешбір қорғап қалар амалға.  
Ұйқы бермей мазалады жанын жеп,  
Ойлағанмен бұған айла табар ма?!

Бір дерт болды жазылатын емі жоқ,  
Ақыл-ойдың тоқтата алар себі жоқ.  
Бет қаратпай үдеп-үдеп соғады.  
Жолын тосып, қарсы тұрар теңі жоқ.

Қалмады амал көзге ілінбей кетпеске,  
Дұшпан таппас бір түкпірге өтпеске.  
Өскен орда, туған жерін қия алмай,  
Өткен күнді, өмір жолын алды еске:

"О, туған жер, қасиетті Түркістан,  
Гүлге оралған көзге түсіп Шығыстан.  
Темір тордың құрсауында қалдың-ау.  
Шыға алмайтын мықтап қысқан уыстан.

Жер едін ғой атам түрік жайлаған,  
Бау-бағында бұлбұл құстар сайраған,  
Жанға жайлы жер жаннаты өзі еді,  
Жұпар иіс жеміс өсіп жайнаған.



Ақтылы қой алып жатты даланы,  
Иесінің болмай ешбір алаңы.  
Бір-екеулеп есебіне жете алмай,  
Құр сыртынан отарымен санады.

Үйір-үйір жылқы есіріп айдады,  
Сәйгүлігін жеке бөліп байлады.  
Ат-тұрманын келістіріп әуелі,  
Бес қаруын берік қылып сайлады.

Беттесуге қас дұшпан да батпаған,  
Жау болмады жерін еркін аттаған.  
Намысына тиіп олар ұрынса,  
Қарсыласын қара жерге таптаған.

Түркістанда өсті еркін ер түрік.  
Құйындатып жауға тисе желпініп.  
Кең елкеде жүруші еді жайраңдап  
Бақ-дәулеті көрген емес бір кеміп.

Ол күндері өтіп кеткен бір сағым,  
Тоз-тоз кылды ақырында ұрпағын.  
Қорлап жатыр, міне, бүгін құл қылып,  
Байлап тастап басындағы ел бағын.



Быт-шыт қылды елді, жерді бөлшектеп,  
Бас қосқызбай жеке-жеке жентектеп.  
Өз туысын өздеріне талатты,  
Ойлап па едім мұндай сұмдық көрем деп.

Мынау қазақ, анау өзбек демедім.  
Басын қосып ел қылайын деп едім.  
Қырсықтырған не істерсің тағдырға,  
Болмай қалды-ау ақырында дегенім.

Қасиетті Түркістаным - Тұраным,  
Қайран менің өніп-өскен тұрағым.  
Ішім күйіп, ерт боп жанып барады,  
Жат жерде енді сенсіз қалай тұрамын?!"

Абзал жанның жараланды жүрегі,  
Орнына кеп орындалмай тілегі.  
Үйірінен шетке кету оңай ма,  
Шықпаған жан құр сұлдері жүреді.

Жүрсе де алыс туған жерден үнемі,  
Үзілмеді біржолата күдері.  
"Қыз бойжетіп, ұлдары өссе екен" деп  
Күндіз-түні бір құдайдан тіледі.



Көзін жұмбай жүргенінде Шығыстан,  
Жетті хабар талықсыған алыстан:  
Бай, кедей деп жік-жік болып бөлініп,  
Ағайындар бір-бірімен шабысқан.

Жас сәбилер сорлап қалған панасыз,  
Қорлық көріп әке менен анасыз,  
Малын талап, байдың көзін құртыпты,  
Жетім, жесір қала берген шарасыз,

Жанға батып қызылдардың лаңы  
Мал, мүліктен жұрт айырылып жылады.  
"Қазақ жатыр - деп естіді - қырылып"  
Жүрек шыдап бұған қалай тұрады?!

Шекарасы мықтап соққан тас қорған,  
Кім құтылып шыға алады сым тордан?  
Жұртты қырып жатқанын да жан білмес  
Адам аттап өте алмайды құз, ордан.

Түскені ғой елі сорлап бұл жайға,  
Таба алады енді бұған не айла.  
Сезіп-ақ жүр халқы көрген қорлықты  
Құр күңіреніп қайғырады, не пайда?!



Мақсаты бір елде қалған достары,  
Қалай ғана бұл сұмдықты қостады,  
Тілеп еді солар аман болса деп,  
Зая кетті көп сарғайып тосқаны.

Қатер төнген елге сыйлы асылға,  
Дұшар болып қызыл шоқпар, жасылға.  
Беделдіні бет қаратпай бездірген,  
Бар пәлені үйіп-төгіп басына.

Жазалаған: атқан, асқан, айдаған,  
Жазықсыздың әбден соры қайнаған.  
Қандыбалақ қара ниет жеңдеттер  
Ұрса, соқса, кісі өлтірсе жайнаған.

Істер айла, қылар шара қалмады,  
Жанның көбін жалмауыздай жалмады.  
Көзі көрген қатарласын, достарын  
Есіне алып үһілеп тек зарлады.

□ □ □

Быт-шыт болып Еуропаның корғаны,  
Күнбатысты бір көк түтін торлады.  
Өршеленіп өңмендеген Гитлер  
Аз уақытта болып алды олжалы.



Шеру тарту қызықтырып ұнады,  
Желіккен ол қалай шыдап тұрады.  
Аузын ашқан аждаһадай, Шығысқа  
Күшін төгіп, мықтап бетін бұрады.

Тұтқын болып түрік тілдес көп адам,  
Немістер жоқ мұны адам деп санаған.  
Өлгені өліп, өлмегені тұралап  
Аштық жеңіп, жазылмас дерт тараған.

Аз ғана емес, саны да көп мыңдаған,  
Аузын ашқан ажал тойып тынбаған.  
Бірі қалмай қырылатын түрі бар,  
Ешкім де жоқ мұң мен зарын тыңдаған.

Үміт өшіп біржолата көңілден,  
Жатқан жері тамұқ болып көрінген.  
Қандала мен бүрге, битке жем болып,  
Күдер үзген келешектен, өмірден.

Жинап алды бәрін тегіс бір күні,  
Бір сұмдыққа ұйғарысты жұрт мұны.  
"Атады-ау деп айдап тегіс апарып"  
Бәрінің де жым-жырт болып өшті үні.



Адам шошыр көрген кезде түсінен,  
Төлтіректен жүрдай болған күшінен.  
Жалбарынып бір құдайға жылады  
Иман айтып кейбіреуі ішінен.

Айналасын офицерлер қоршаған,  
Көзін тігіп келе жатыр бір адам.  
"Түркістандық туысқандар" дегенде  
Дауыс шықты көп ішінен жылаған.

Сөйлеген сөз бойға қуат береді,  
Көпті ұйытып ішке тартып келеді.  
Ұялатып сәулелі үміт кеудеге  
Тәтті арманға бәрін тегіс бөледі.

Кім бар еді есіркейтін, аяйтын,  
Адам-ау деп дұрыс көзбен қарайтын?  
Өр кеуделі мыңқылдаған нацистер  
Тыжырынып малдан жаман санайтын.

"Өзбек, қазақ, қырғыз, ұйғыр, түрікмен,  
Бәрің - деді - тарап өстің түріктен,  
Түркістанды жайлап жүрген ел едің  
Көк бөрілі ту астына біріккен.



Қайта тігіп желбіретіп байрақты,  
Көрсетеміз жігер, күшті, қайратты.  
Басты қосып бүкіл түрік баласы,  
Ел боламыз Шығыстағы айбатты.

Өздеріңсің қандастарым, бауырым,  
Бастан кештің істің жаман, ауырын.  
Қошеметтеп қарсы алады ертең-ақ  
Туған жерің, ойнап әскен ауылың.

Аман сақтап, текке өлтірмей біріңді,  
Құтқармақпын тар қапастан тіріңді.  
Армандаймын көрсем-ау деп өзім де  
Бастарыңа түскен шуақ күніңді.

Азат болып Түркістанның даласы,  
Басын қоссын бүкіл түрік баласы.  
Бұғаулаған темір торы талқан боп,  
Өссе деймін қызылдардың қарасы.

Алданбай-ақ коммунистік ұранға,  
Ораламыз туған жерге - Тұранға.  
Елімізге аман-есен барамыз,  
Жүрсек те алыс қиян шетте, шығанда.



Шамам келсе қырғынға айдап салмаймын,  
Аман сақтап қалар жолды қамдаймын.  
Сендер үшін қандай қиын іс болсын,  
Жанды пидә қылудан да таймаймын."

Осылай деп басын қосып жинады,  
Киіндіріп, тамақ беріп сыйлады.  
Көрген түстей жақсылыққа тап болып,  
Қуанышы қойынына сыймады.

Жүректегі бар арманы сезіліп,  
Елжіреген туыстарға егіліп,  
Тар кезеңде қолдың ұшын берген кім?  
Жүргендерге бұл өмірден түңіліп.

Алып шыққан шыңыраудан өлімнен,  
Мұстафа еді періштедей көрінген.  
Туыстарға өлмес жолды көрсетті.  
Орын алып жат елдің де төрінен.

Данышпанның орындалмай арманы,  
Ажал келіп ойда жоқта жалмады,  
Күңіренді де бауырлары күйзелді  
Жанға батып панасыз боп қалғаны.



Халқым десе қабырғасы сәгілген,  
Өкінішті-ақ ерте өшкені өмірден.  
Қараңғыда сәуле шашып жарқырап,  
Жан емес пе жұлдыз болып көрінген.

Бойындағы бар арманы, тілегі  
Елі болып, талмай соққан жүрегі.  
Қысылғанда көпке тірек бола алған  
Ерекше артық туғандардың бірі еді.

Дұшпанына қарсы тұрған имей бас,  
Әділетсіз сұм заманға болған қас.  
Ар-намысын қорлатпаған сабазды  
Туған елі еш уақытта ұмытпас!



## МАЗМҰНЫ

Ақын Махмет Темірұлы және оның жыр әлемі.....	1
Поэмалар мен дастан	
Аққуды атқан - азалы.....	7
Мешкей мешін.....	71
Жандар батыр .....	111
Өлеңдер	
Боранды жеңген батыр ...	127
Амантау . . . . .	13*
Нұра туралы аңыз . . . . .	137
Кене ханның қайғысы . . . . .	144
Құтты болсын қонысың! ...	154
Тілеймін бақыт еліме . . . . .	158
Киіз үй.....	167
Қазақстан.....	170
Мысалдар	171a
Мас қоян . . . . .	173
Қымыз бен арақ .....	175
Екі "дос".....	178
Қарлығаш пен саршұнақ .	180
Саудагер мысық . . . . .	183
Борсық пен қосаяқ	185
Ұлық қарға.....	1 87
"Сері" бақалар	188
Тауық пен үйрек .....	190
Мазақ болған қарғалар	193
Тау мен төбе . . . . .	194
Өтірікші сауысқан . . . . .	1 9 6

Қасқыр мен аю	198
Трактор мен арба . . . . .	210
Ұтылыс.....	201
Құмырсқа мен ара .....	203
Қақ пен жылға.....	205
Қыс пен жаз .....	207
Мертіккен қыран.....	209
Мысық пен тышқан.....	211
Гүлдің мұңы .....	213
Шоқ басқан бала.....	216
Саршұнақ бөгеті . . . . .	218
Әлем саяхатшысы . . . . .	219
Мақтаншақ теке . . . . .	221
Көбелек пен ара	223
Қой мен қасқыр.....	225
Кәрі терек пен жас терек . .	227
Күйе жағылған аққу.....	228
Бала мен балапан.....	230
<b>Өлеңдер</b>	
Әлдилеші мені өлең.....	233
Көңіл күйлері.....	234
Азапты жылдар әуені . . . . .	235
Ұстаз сыры . . . . .	241
Бала . . . . .	242
Баласын күтіп әлі жүр . . . . .	243
<b>Толғау</b>	
Арманда кеткен арысым . . . .	249